

Б.М. УАЛИЕВ
А.М. МУКАЕВА



КОМПОЗИЦИЯ НЕГІЗДЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

УАЛИЕВ Б.М., МУКАЕВА А.М.

«КОМПОЗИЦИЯ НЕГІЗДЕРІ»

Оқулық құрал

Алматы-2018



ӘОЖ 7.012 (075)

КБЖ 30.18н7

У12

Пікір жазғандар:

техника ғылымының кандидаты, доцент- Шардарбек М.И.

техника ғылымының кандидаты, доцент - Қуатбекова Л.К.

техника ғылымының кандидаты, доцент - Сулейменова Т.Н.

Уалнев Б.М.

У12 Композиция негіздері: оқулық құрал/Б.М.Уалнев, А.М. Мукаева - Алматы «Отан» баспасы, 2018. — 158 бет.

ISBN 978-601-7796-23-5

Оқулық құрал бастауыш, орта кәсіптік және жоғары білім беру мекемелерінің композиция негіздері пәні жөнінде сәйкес жазылып, онда жазықтық, көлемдік және кеңістік - көлемді композицияларын және костюм композициясының түрлеріне сипаттама беріліп, композициялық шешімдерінің тәсілдік мәселелері, және композиция сабағын жүргізу үдерісінің негізгі қағидалары қарастырылды.

Оқулық құрал студенттер мен мамандарға арналған.

ISBN 978-601-7796-23-5

© Уалнев Б.М., Мукаева А.М. 2018

© «Отан» баспасы 2018

Мазмұны

Кіріспе

1 - тарау Композиция категориясы	
1.1 «Композиция» туралы мағлұмат.....	6
1.2 Композицияның негізгі заңдылықтары мен ережелері	10
1.3 Композициялық бірлестік және тұтастық заңдылықтары.....	15
1.4 Композициядағы ансамбльдің бірлестігі.....	19
1.5 Композициядағы тектоникалық байланыстар.....	26
2- тарау Композициядағы пішінің сипаты	
2.1 Пішін туралы түсінік	33
2.2 Пішінің икемділігі.....	45
2.3 Пішін түрлері және оның құрылымы.....	51
2.4 Пішінің даму үрдісі.....	54
2.5 Композицияда қолданатын көз елесі.....	56
3 – тарау. Пішін үндестігінің құралы	
3.1 Пішін элементтерінің шамаластығы.....	70
3.1.1 Композицияда қолданатын пропорционалдық әдісі.....	70
3.1.2 Масштабтылық – композициялық құрал.....	76
3.2. Композиция элементтерінің келісімділігі.....	81
3.2.1 Қарама-қайшылық, нюанс және тепе-теңдік.....	81
3.3 Композиция элементтерінің теңгерілуі.....	82
3.3.1 Симметрия мен асимметрия. Диссимметрия.....	86
3.3.2 Ырғақ және оның түрлері.....	90
3.3.3 Динамика және статика.....	98
4- тарау. Костюм композициясы	
4.1 «Костюм композициясы» ұғымына анықтама.....	108
4.2 Костюм композициясының негізгі заңдылықтары.....	108
4.3 Костюм композициясының қасиеттері.....	109
4.4 Костюм пропорциясы.....	112
4.5 Костюм масштабы.....	114
4.6 Костюмдегі ырғақ.....	114
4.7 Костюмдегі қарамақайшылық, нюанс және тепе-теңдік.....	116
4.8 Костюмдегі симметрия және асимметрия.....	119
4.9 Костюм пішіні.....	123
4.10 Костюм силуэты.....	132
4.11 Костюмдегі икемділік.....	134
4.12 Костюмдегі түс шешімі.....	137
4.13 Костюмдегі сәндік элементер.....	139
4.14 Костюмдегі фактура түрлері.....	141
4.15 Костюм ансамблінің композициялық бірлестігі.....	149
Әдебиеттер тізімі.....	156

Кіріспе

Елбасының Жолдауының әр тарауы қоғамдағы өзекті мәселелердің шешіміне бағытталған. Әсіресе, Президенттің білім және ғылым саласы жөнінде көтерген мәселесі қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі болып отыр.

Жалпы, Президенттің Жолдауы елімізді әлеуметтік – экономикалық жаңғыртудың нақтылы бағыт - бағдарын айқындаумен бірге, білім берудің көкжиегін кеңейтудің байланысты бағдарламасына айналып отыр. Сондықтан университет басшылығының, барлық профессор – оқытушыларының, құрылымдық бөлімдердің, ғылыми – зерттеу орталықтары мен институттардың барлық ұйымдастырушылық, ғылыми - педагогикалық қызметі Жолдаудан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруы қажет [1].

Мемлекеттің қазіргі даму кезінде Қазақстан Республикасының экономикалық стратегиясы көпшілік тұтыну тауарлар өндіру шаралар саласының қарқындылығымен, оларға икемділік және бейімділік берумен, тұржынды кеңейту мен өнім сапасын жақсартумен маңыздалады.

Қазіргі заманғы экономикалық жағдайлар, жеңіл өнеркәсіп салаларында қызмет ететін дизайнерлерге жаңа талаптар қоюда. Кәсіпорын тиімділігі көп жағдайда өнімнің көркемдік және конструктивтік шешімдеріне тікелей байланысты.

Кәсіпорын дизайнерінің еңбек өнімділігі, яғни идеяларды жылдам жүзеге асырылуы, сұраныс пен сән өзгерістеріне жылдам жауап табу мүмкіндігін гудырады.

Тұтыну тауар нарығында бәсекелестіктің күшеюіне байланысты, шығармашылық еңбектік тиімділігін көрсетуге талаптың артты.

Ол жаңа шешімдер іздеуді, рационалды ұйымдастыратын бірқатар әдістер тәсілдер және әдістемеліктер жасады. Олар адамның ойлау қабілетін белсендіріп, адамның шығармашылық қабілеттерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өндірістің негізгі мақсатытарының бірі-өнімді арттыру, оның сапасын көтеру, заттардың эстетикалық түрлерін нығайту және олардың ассортименттерін жаңартып тұру.

Бұйымдарға қойылатын талаптарға мыналары кіреді: техникалық мүлтіксіздік, тиімділік, үйлесімділік, технологиялық үдеу, сенімділік, ұзақ мерзімділік және адамның психологиялық ерекшеліктері.

Заттардың жобалау және өндіруі олардың жоғарғы сапасы композициямен байланысты.

Композиция - өнер саласындағы басты білімдердің бірі. Композицияның қазіргі замандағы мәні- көркем шығармашылықты тұрғызу, жинақтау, топтастыру, қорытындылау шығармашылық үдерістердің қолдануынан пайда болған үйлесімділік сана.

Композицияға тек «сұлулық заңдылығын» қолдана отырып, құрастырылған структуралар, шығармашылықтар кіреді. Композицияның туындауына басты қызмет ететін ол – ой.

Суреттіі көптеген ізденістерден өтіп, нақты бір пішінге тоқтауы үшін, оны тағы бір шолып ойластырады.

Ортақ көркем сурет шығармашылығының шешімі мына факторларға бағынышты: заттың функционалдық немесе декоративтік мәндерінің қайсысы басым, ол зат күнделікті қолдануға немесе арнайы бойынша қолданылуы.

Дизайнер затты жобалай отырып, онда конструкциясы мен структурасының және көркем бейнесінің өзара үйлесімді қатынасуын ойластыруы қажет. Жақсы ойластырылған құрастырылған композиция шығармашылық ойды анық және мәнерлі көрсетеді.

Композицияның сапалы жағы нақты шығармашылық процесінің шешімі пішін түрлерінің көркем ұйымының жиыны; яғни заттар ортасын, келесі категориялар арқылы сипаттауға болады: пішін біркелкілігі, тұтастылығы, композициялық бірлестік, пропорциялылығы, тектоникалығы, масштабтылығы, айнала-орталық сәйкестігі.

Жоғарғы оқу студенттеріне және техникалық-кәсіби білімгерлері ой өрістерін кеңейту және түрлі шығармашылық мақсаттарды дербесті шешу қабілетін дамыту үшін «Композиция» көркемдік курсы қарастырылған. Болашақ мамандар композиция әдістерін, жалпы ерекшеліктермен аспектерін қалыптастыру, композицияның түсінігін және негізгі категорияларын икемдеу, композициялық ұсталыққа және шығармашылық процестерге ұғына көңіл аударып, нәтижесінде маңызды көркемдік құбылыстарға ие болу керек. Пәнінің негізгі міндеті студенттермен оқушылардың композициялық ойлануын қалыптастыру.

Сонымен қатар, композиция пәні білімгерлерге алғыр, өз бетімен көрінікті ойлауды, эмоционалды қабылдау, елестеу және қиялдауды, көркемдік әсемділікке ие болып, үйлесімділікті сезінуді және түрлі техникалық әдістермен графикалық бейнелеу тәсілдерін игеруге тиіс. Сондықтан, композиция пәнінің сабағының үстінде болашақ мамандар композициялық әдістермен ерекшеліктерінің жалпы принциптерінің шығармашылық негіздерін игеріп, композицияның арнайы тілін меңгеріп, алынған көркемдік білімдерді кеңейте отырып, болашақта шығармашылық түрлерде қолдануын қалыптастырады.

Оқулық құралдың негізгі мақсаты студенттермен оқушыларды композициялық әдістерімен, жобалау әрекеттерімен және шығармашылық негізгінің бастапқы қалауымен таныстыру және олардың творчестволық қабілетін, бейнелі ойлауының және мәдениетін жоғарлатуын қарастырады.

Композицияның категориясы

1.1 «Композиция» туралы мағлұмат

Композиция – шығармашылық үдерісінің өте маңызда саласының бірі. Адам күнделікті өмірде композицияның неше бір түрлерімен кездеседі. Ол табиғаттың жаратылуымен, адамның дарынымен, бұйым заттардың бір тұтастық пішінімен, сұлулық пен әсемділікпен, үйлесімділік пен айқындылық арқылы анықталады.

Композиция латын сөзінен аударғанда «composition» – «шығарма», «ойлап шығару», «шығару» деген мағына береді. Композицияның екі мағынасы бар: шығарманы жасау кезеңіндегі шығармашылық үдерісінің белгісі және көркемдік санасы жоғары шығарма.

Алғашқыда бұл термин едіуір кең мағыналы болған: рим құқығында екі жақтың татуласып, цирктің алаңында – палуандардың қарсыластарын білдіретін. Қандай болғанымен бұл сөздің мағынасы екі жақтың, екі бөліктің бір тұтастық үйлесімділігін тұтастыққа айналдыру.

Қазіргі таңда композиция - көркем өнер шығармашылығының құрылысы туралы теория. Композицияда көркемдік әдістер арқылы көркемдік шығармаларды жинақтап, топтастырып үйлесімділік тұтастыққа айландырады.

Кез келген құрылысты, кез келген зат бұйымдарды, кез келген структураны композицияға жатқызуга болмайды. тек қана «сұлулық заңы» арқылы жасалғандарды композиция дейді.

Әрбір көркемдік шығармада композицияның мазмұнымен, қойылған мақсатымен, пішіндік шешіммен, түрлі материалдық тәсілімен байланысты ерекшеліктері болады. Бірақ композицияның көркемдік шығармашылық ретінде өзіне тән жалпы заңдылықтары мен ережелері бірдей.

Адам табиғаттың органикалық және неорганикалық жеке құрылыстарының қағидаларына еліктеп және оны дамыта отырып, шығарманың негізгі ретіне қолданып өзінің қазіргі болмысқа көзқарасын білдіреді. Сол кезеңде композиция адамның қолында табиғатты бағындыру және срекше тану тәсілдерінің бірі болып бағыттанады. Бұл түсініктемеде композиция өнердің барлық түрлеріне тән қасиет. Композиция барлық жерде кездеседі – зат, бұйымдардың композициясы, қаланың композициясы, жеке сәулеттік ғимараттың композициясы, эпопея шығармасының, романның және лирикалық өлеңнің композициясы болып бөліне береді [2]

Кез келген композицияның бастамасы – ол суретшінің және дизайнердің ой пікірі. Нақты пішінді табу үшін алдын ала ойластырып жұмыстың мақсатын анықтап алу қажет. Әр заттың композициясы атқаратын міндетімен және қоршаған ортаның қай жерінде орналасуын талап етеді. Композицияның жалпы көркемдік шешімі түрлі факторлардан тәуелді: заттың функциональдық мағынасы жоғары ма, әлде, сәндік мағынасы жоғары

ма, күнделікті қолдануға арналған ба, әлде, салтанатты кештерге арналған ба т.б. Затты жобалау кезеңінде дизайнер оның конструкциясының структурасының және көркемдік образының байланыстарын ойластыру керек. Жақсы ойластырылған композиция шығарманың ой пікірін мәнерлі түрде айқындауға көмектеседі.

Кәсіптік бұйымдарының пішіндерінің көркемдік ұйымдастыруында композицияның сапалы жағын келесі категориялар сипаттайды: пішіннің бірлігі мен мазмұны; бейнелік; тұтастық; композициялық бірлік; шамаластық; тектоникалық, көлемділік; қоршаған ортамен байланыстық.

Бұл түсініктемелер үйлесімділіктің жан жақты әдемілігін, тұтастығын, бірлігін және көркемдік шығармалық жан жақты байланыстарын ыңғайлайды.

Үйлесімділік – заттардың және түрлі құбылыстардың жеке пішіндері мен элементтерінің келісімділігі, бір-бірімен байланысы, сымбаттылығы. Өнерде – көркемдік шығармалардың органикалық байланысы.

Сондықтан кәсіптік өнердің шығармашылық үйлесімді пішіні, ол барлық жағынан үйлесіп жетілген пішін: бөліктердің сыртқы және ішкі тұтастығы, адаммен, қоршаған ортамен байланыстығы. Тұтастық және бірлестіктің санасы шығарманың көркемдік бағасын сипаттайды [3].

Барлық көркемдік шығармалардың негізі екі түрге бөлінеді: сезімталды қызушылық және ғылыми-қисындық. Біріншісі автордың жеке көз қарасымен, сезімталдығымен, өмірді қалай қабылдау ынталығымен, бейімділігі және әуесімен тығыз байланысты. Осының барлығы шығармашылық үдерісіне және шығарманың нәтижесіне ерекше, өзіне тән жеке белгі салады. Бірақ дизайнер – суретшінің шығармашылық үдерісін жалғыз сезім әрекеті, көзқарасы, қиялдық сезімдері т.б. жетелемейді. Ойы бағыттайтын білім, композициялық ережелермен заңдылықтары туралы білім, пішін құрудың заңдылықтары мен білімнің шынайы негіздері. Ал, бұлардың барлығы болмаса, шығармашылық үдерістің өзі жөнге көнбей заңдылықтарға бағынбайтын болар еді және көркемдік шығарманы бағалауға мүмкіндік бермес еді. Осы заңдылықтар мен ережелерді игеру шығармашылық барысын шектемейді, керісінше, шығарманың мақсатқа бейімділігін нығайтады. дизайнерді кездейсоқ қателіктер мен адасудан сақтай отырып, шығармашылықты жете түсініп, саналы түрде меңгеріп алуға көмек тигізеді.

Адам өзінің өмір сүруіне зат-бұйымдардан айналма орта жасаған кезеңінде табиғаттың заңдылықтарына арқа сүйеу керек, себебі, бұл заңдылықтарды адам қалауымен жоққа шығаруға болмайды. Бұл туралы А. Эйнштейн былай деген: «... бұл өмір мәңгі шешілмейтін құпия екенін сезе тұрып, осы табиғаттың керемет құрылыс құбылысынан белсенді күрес арқылы, аз ғана түйірдей ұғым алсақ та жеткілікті»

Осы айтылған сөз адамның көркемдік әрекетіне де жатады, себебі, өнер табиғаттың заңдылықтарының бір түрі. Басқаша айтқанда өнер, көркемдік образда пайда болатын ақиқаттың бір түрі. Сондықтан, көркемдік

шығармаларының пайда болу негіздері болмыс ақиқаттың эстетикалық үдерісінде негізделінеді. Олардың әлемнің табиғаттың ақиқат шындығының объективті заңдылығы болып табылады.

Композициялық құрылудың ерекшелігі – шектелген өлшемде дамиды. Бұл шекара – пішін, қағаздың форматы және мөлшері, дамудың кеңістігі, әнде, биде уақыт шендесі арқылы анықталады. Шекара шынайы әлеммен бейнеленген әлемді боліп отырады. Осы шекараның арқасында біздің алдымызда, өзінің кеңістігімен, уақытымен және мәдени байлығымен ерекше әлем пайда болады. Сыртқы шекара бір жағынан композицияның айналма кеңістігімен, екінші жағынан шығарманың ішкі құрылымымен байланысады. Белгілі бір пішінің ішінде орналасқан тұйықты, ал кеңістікте ойша жалғасатын ашық композиция болып есептеледі.

Көркемдік шығармада композицияның үш түрі болады: жазықтық, көлемдік және тереңдік-кеңістік.

Жазықтық композицияға заттардың көркем бездеруінің келесі түрлері жатады: мата, кілем, дастархан, орамалдар, кенеп, қағаз, әйнек, қабырғаларда орындалған сыршырай және графикалық шығармалары.

Жазықтық композицияның ерекшелігі – бейне бір жазықтықта екі өлшем (ұзындық және биіктік) арқылы тұрғызылады (1-сурет). Суретшілер графика және сыршырайда заңдылықтар мен әдістер арқылы екі өлшемдік жазықтықта көрерменге үш өлшемдік көлем көрсете алады.

Көлемдік композиция – ол түрлі нүктеден байқап және қабылдауға болатын тұйықты үш өлшемдік пішін (2-сурет). Бұл шығармаларды жасаған кезеңдерінде өте маңызды болып саналатын көрнекті шынайы көлем, түрлі өлшемдік шешімдер, кескін мен материал, түрлі көріністер т.б. бұларға жататын мүсін қолданбалы өнер, киім, бізді қоршаған ортадағы көлемдік заттар мен бұйымдар, жеке сәулет түрлері.

Тереңдік кеңістік композицияның ерекшелігі – көрермен пішіндер мен элементтердің қарым-қатынастарын қозғалыс арқылы, кеңістіктің түрлеріне көз тастап қабылдайды (3-сурет). Бұл композицияның түрлеріне сәулеттік ансамбльдер, саябақ және скверлер, көшелердің жобалауы жатады.

Бейнелеу өнердің түрлерінің ішінде гобелен (суретті кілем), әйнек, керамика (балшықтан, қыштан жасалған бұйымдар) металл-композициясының кеңістіктік түріне жатуына талап етеді. Себебі, гобеленде иллюзорлық кеңістікті көрсету мақсаты қойылады. Гобеленде фон мен суреттің композициясы күрделі қатынастар арқылы түрлі бірнеше жазықтық болып көрінеді. Пішін оптикалық ыдырау арқылы әр түрлі тереңдікте көлқабатты композициялар кездеседі. Бұл жағдайда композицияның бөлшектерінің бейнелері өзгеше әсер ететін жазықтықтар болып көрінеді.

Керамика мүсінде қолданатын бейнелік әдістер арқылы өзіне арнайы жеке кеңістіктік құрады.



Сурет 1. Жазықтық композициялар



Сурет 2. Көлемдік композициялар



Сурет 3. Кеңістік көлемдік композициялар

1.2 Композицияның негізгі заңдылықтары мен ережелері

Дизайнер көркемдік шығарманы жасау кезеңдері де, өзінің ой пікірін толық және жарқын түрінде айқындау үшін, композицияның негізгі заңдылықтарын білу керек.

Пішіннің бір тұтастығымен мазмұны көркемдік шығарманың маңызды, көңіл аударарлық заңдылықтары болып саналады.

Пішіннің бір тұтастығы мен мазмұны кез келген өнер түрінде шығарманың эстетикалық санасымен бірлігін сипаттайды.

Шығарманың ниеті, мазмұны және пішіні қарастырып отырған өнердің материалымен қамтамасыз етіледі.

Бір тұтастық деген түсінік, біріншіден, функциональдық жоспар бойынша пішінмен мазмұнның сәйкестілігі; екіншіден, іске асыру жоспары (яғни, қоршаған ортамен қалыптасуы), үшіншіден, сезім билеу жоспары бойынша пішін мен мазмұнның үйлесімділігі, яғни жайдарлы көңіл күй орнату.

Қолданбалы өнер мен өнеркәсіп бұйымдарының функциональдық мақсатқа сәйкестілігі өте маңызды болып келеді де, олар композицияның көркемдік шығармашылық шешіміне кіреді. Пішіннің біртұтастығы мен мазмұны бұл бұйымдарда көркемдік пішін арқылы функциональдық, әлеуметтік және пайдалану мәндерін анықтайды. Сондықтан, көркемдік пішін қолданбалы өнер заттары мен бұйымдарының пішіндерінің біртұтастығы мен мазмұнының негізгі және арнайы ерекшелігі болып саналады. Бұл жағдайда утилитарлық және эстетикалық факторлардың бір-біріне сіңісуі байқалады. Бірақ утилитарлық фактор бастапқы және пішінде анықтаушы болып қалады. Себебі, бұйым, зат әрқашанда қажетті, ыңғайлы пайдалы және әрине әсемді болу керек.

Бұл заң көркем шығармалардың құрама бөлісдерінің айқындық бірлестігін, функциональдық, конструктивтік және көркемдік пішіндерінің бірлестігін қалыптастыруына мүмкіншілік туғызады. Осы бірлестікті іздеп жасау дизайнердің ең басты кәсіпті мақсаты болып табылады [4].

Негізгі заңның бірінші талабы мынаны қамтамасыз етеді: шығармалардың барлық түрлері толық біткен тұтасты болып, олардың функциональдық, конструктивтік және көркемдік мәніне кедер ететін кездейсоқ бөліктер мен элементтер болмау керек. Композицияны құрайтын барлық әдістер жалпы қойылған мақсатқа жұмыс істеу керек. Егер, композиция ойдағыдай болмаса дизайнер бірлестік тұтастықты сақтау үшін әсемді бөлшектерден бас тартуына тура келеді.

Композиция ойдағыдай болу үшін келесі шарттар сақталу керек:

Композицияның тұтастығына зиян келтіріп бөліктерді алып тастау, болмаса алмастыруға болмайды;

Композицияның тұтастығына зиян келтіріп бөліктерді орын алмастыруға болмайды;

Бірде бір элементті композицияның тұтастығына зиян келтіріп қосуға болмайды;

Бірлік заңының екінші талабында тұтастықтың тұрғызу жүйесі қарастырылады. Бұл кезеңде композицияның негізгі және қосалқы бөліктерін анықтау қажет. Композиция әр қашанда жеке бөліктерден тұрады, бөліктердің бір-бірімен келісімділігі мен өзара бағынышылығы үйлесімділік бірлікті талап етеді [2].

Композицияны құраған кезінде, оның басты бөлігін анықтау керек. Ол композицияның негізгі элементі деп аталады. Бірақ басты бөлік қосалқы элементтермен байланысып, олардан бөлектеніп шығып тұрмау керек. Үйлесімді шығарма құру үшін негізгі бөлшектер мен қосалқы бөлшектердің бірлігін, тұтастығын және қарым-қатынастарын анықтап алу қажет.

Көрсерменге зат қандай әсер ететінін оның айқындылығына байланысты. Айқындылық бұйымның ішкі мағынасын тереңдетіп көруіне көмектеседі.

Қандай зат, неге арналған, құрылымы, қандай материалдан жасалған, беріктігі, сапасы т.б. анықталады. Затпен таныса отырып қандай эстетикалық қанағаттандыру алғанымызға байланысты бұйымның көркемдік сапасы туралы айтуға болады.

Бұйымға таңқаларлық, әдеттен тыс, көз тартып қызықтыратын, бірақ шындық мәнге сүйенбейтін пішін жасау, мағынасын заттарды пайда болуына ұрынтарады. Мысалы қазіргі таңдағы телефон трубкаларының функциональдық міндетімен пішін құруы анықсыз болғандығынан, олар сәндік заттарға ұқсас болып келеді де арнайы қолдануы қиындыққа түседі. Тостерлардың кейбір түрлері жылыту аспаптарға ұқсас болып келеді

Пішінің утилитарлық міндеті пайда болуына, тарихи болып өткен және белгілері ұқсас заттар әсер етуі мүмкін. Сондықтан, бірінші автокөліктер төбесі жабық адам таситын ат-арбаларға ұқсас болатын, ал бірінші электрикалық шамдар шырақ бекітетін аспаптарға ұқсас болып келетін.

Пішін құру үдерісінде заттың көркемдік айқындығын таңдағанда функциональдық бағыттанушылығы жалғыз себеп болып есептелмейді. Сонымен қатар, дұрыс композициялық және бейнелілік шешімдерді пішінмен байланыстыру үшін, оның пайдалану ерекшеліктерін іздестіру керек, яғни, қоршаған ортамен заттың пішінінің сипаттамасын және пайдалану түрін анықтап бірлестіктерін ұйымдастыру керек. Шығармадағы бейнелілік деген – ол заттың жасалған пішіні функциональдық пайдаланулық және сезімдік сипаттамаларын біріктіріп қамтиды деген түсінік.

Дизайнер заттың пішінінің бейнелілік шешімін іздестіру кезеңдерінде алдын ала нақты жобалық мақсатты қисындап мазмұндау керек.

Қоқырсық салатын урна (жәшік) түрі сәндік құмыраға ұқсап, болмаса сатып алушы азамат темекінің күлін салатын шыны ыдысты қайнатпа салатын ыдыс деп жаңылысса, ол дизайнердің шындық бейнелігін табалмаған деген қателігі.

«Бейнеліктің» қалыптастыруы біріншіден алға қойылған сезімдік көңілден басталады. Мысалы, президенттің креслосы қандай түрде болу керек? Қандай сезімдік реуіш арқылы шешілу керек? Бұл орындық заттық қоршаудың маңызды элементі болып келеді де, сондықтан, оның бейнелілік шешімі мәжіліс залдың психологиялық климатына үлкен әсер туғызады. Себебі, атқаратын міндеті жай отыратын зат болатын болса, ал бейнелілік шешімі билік идеясын және мемлекеттік жетекшінің жоғарғы мағынасын білдіреді. Оның пішіні басқа креслоларға қарағанда салмақты, маңызды, пропорциялық шешімдері ерекше болып көзге бірден түседі. Бұл өзінше утилитарлық зат емес, белгілі бір идеяны білдіретін символ. Немесе, шаштараз креслосы. Бұл заттың сезімдік белгісі тіс емдейтін кабинеттің креслосымен бірдей болуы мүмкін бе? Бұл екі кресло түрлерін бір-біріне ұқсастығын жақындатып әртүрлі күй қалпын өзгертіп отыру. Бірақ бұлардың шешімдері сәйкес келмеу түгіл, жақындамау да керек. Ал, шаштараздағы

ерлерге арналған кресло мен әйелдерге арналған креслоны салыстырып, олардың шешімдеріне келетін болсақ, ерлерге арналған кресло көлемді, байсалды, яғни күшті және батылды, әйелдерге арналған – жеңіл, сәнді, әсемді болу керек. Әр түрлі нәрселерге арналған креслолардың бейнелілін шешімдері 4-7 суреттерде ұсынылған.



Сурет 4. Соттың креслосы



а



б

Сурет 5. Шаштараз креслосы:
а) әйелдер, б) ерлер



Сурет 6. Тіс емдеу орындығы



Сурет 7. Сотталганның орындығы

Бейнелілік – автордың эстетикалық мақсатына қойылған жауабы.

Түрлі авторлар бір жобаның шешіміне әр түрлі ұсыныс беру мүмкін. Алғашқыда автор бұйымды «ойша» көз алдына келтіріп, оның түрін, пішінін және мағынасын елестейді. Бұл елес көркемдік ой, яғни жобалайтын бұйымның бірінші: бейнесі, көркемдік бейнелілік шешімі болып саналады. Ол ойша піседі, анықталынады, материалдық үдерісіне қатысып, соңғы түрде тақырыптың көркемдік-бейнелілік шешімі ретінде автордың жекеше баян етілуі болып қалады. Бұйымның ойлап шығарған автордың жекелік шығармашылғы. Пішіні мен маңыздылықтың тиісті дәрежесі сезімдік көңіл

күй, тақырыпқа деген көзқарас және автордың жеке қабілеттігі арқылы шешіледі [5]. Автордың кәсіптік білімі және тәжірибесі тиісті көркемді бейнелілік шешімін және композициялық әдістерді анықтап қолдануға мүмкіншілік береді.

Кейде дизайнерге бейнелілік шешімге шығу үшін шығармашылық бастапқы қажет. Сол кезеңде ол табиғаттың ұқсас пішіндеріне назар аударуы мүмкін. Бірақ табиғаттан алынған пішінде шындық бейненің нақты мағынасы басты болып тұру керек, мысалы: 8-10 суреттегі столға қоятын шамдар.



Сурет 8. Үстел шамының натуралистік бейнесі



Сурет 9. Үстел шамының натуралистік бейнесі



Сурет 10. Үстел шамының натуралистік бейнесі

Суртеші дизайнердің табиғат пішіндерінен ізденіс жасағандары шығармашылық тәсілдеінің жеке түрі болып саналады.

Себебі, заттық әлемнің пішінінің натуралистік болмысын айнытпай көшіріп, бейнелілік шешімге енгізу, бұйымның маңыздылығына зиян келтіреді. Табиғат пішіндерінің натуралистік болмысын бейнеге айлантұрудың қателесуі II суретте таңғы асқа арналған ыдыс жиынтығына байқауға болады. Үлкен табақ көлшік түрінде жасалған, ал шәйнек, сүт, май ыдыстарының сыртқы пішіні түрлі құстарға ұқсайды.

Бұл жиынтық қалай айтсақ та көңіл көтеретін шалағай бұйымдарға жатады. Ал, гүл егетін құмыраны баланың тұлғасына ұқсатып, бас орнына гүл егетін құмыраны орнатса, бұл қате композиция өте көріксіз көрінеді.



Сурет 11. Таңғы тамаққа арналған көңіл көтеретін ыдыс-аяқ жинағы

Көркемдік жобалау тәжірибесінде түрлі бұйымдарға композициялық әдістер арқылы әр түрлі сезім беруге болады.: күш сезімін, салмақ және ауыр, бүтіндің сезімдерін, болмаса керсінше, жеңілдік, ауада қалқу сезімдерін, салтанаттық, мейрамдық динамикалық, пішіндік қозғалыс пен статикалық бір қалыпты тыныштық сезімдерін т.б.

Осы әсерлер сезім әрекеті өрісіне жатады да бұйымның айқынды пішінінің жасау кезеңдерінде өте маңызды болып саналады.

1. 3 Композициялық бірлестік және тұтастық заңдылықтары

Композицияның келесі бір қасиеті – тұтастық. Әрбір көркем шығармада қолайлы орнықты байланыстарын және бөліктердің қарым-қатынастарын табу керек. Тұтастықтың негізгі белгілері:

- **Шектеулік** – заттың орналасқан қорсаған ортадан нақты өзгешелігі;
- **Пішін мен фонның бөлінуі**;
- **Байланыс** - яғни әр түрлі бөлек бөлшектердің шындық бір тұтасқа біріктірілуі. Бұл талапты орындау кезде заттың неге арналғанын өлшем мен пропорцияның сәйкестілігін, түрлі материалдың қосылуын есепке алу қажет.
- **Жинақтылық** – қолайлы бөлшектердің бір уақытта қабылданылуы.

Платон сұлулық туралы айтқанда тұтастыққа мынандай пікір берген. Тұтастық – бөлшектердің басқа бөлшектермен органикалық бірлесуі, арасынан бір бөлік алынса тұтастық бұзылады; тұтастық барлық бөліктерді қамтамасыз етеді.

Бұйымды затты жасау кезеңдерінде, оларды кез келген кездейсоқ элементтер мен бөлшектердің жинағы деп қарауға болмайды. Олар **біртұтас байланысып біріккен** организм деп санау керек.

Бөліктер мен элементтердің арасындағы байланыстар функциональдық, конструктивтік және композициялық болуға тиіс.

Кез келген шығармаларда: әдебиет, музыка, сәулет, көркем-өнеркәсіл, сәнді қолданбалы, графикалық түрлерінде, өзіне сәйкес композициялық мән-мағынасы болады. Өзіне сай орындау тәртібі, қолданатын әдіс; біреуі басты, негізгі, жетелеуші, ал біреулері екінші дәрежедегі, біріншіге бағынышты; бөліктер бір-бірінен өзара бағынышты және өзара тәуелділік болу қажет. Егер бұл айтқанымыз болмаса шығармадағы бөліктер мен элементтер өз бетімен бөлшектеніп, ыдырап кетуі мүмкін [3].

Классикалық әдебиет және музыкалық шығармаларын жасауы басталудан басталады да, содан соң, тақырып біртіндеп дамып, ең жоғарғы нүктеге жетіп, төмендеп аяқталады. Егер осы үш бөліктің маңызы бірдей болса, барлығы басты болса, шығарманың тұтастығы және бірлестігі болмайтын еді. Бұл жеке бір-біріне тәуелсіз бөліктердің, бір тақырыпта болса да, механикалық біріктіруі болып қалады. Шығармалардағы түрлі тақырыптар, байланыстар, оқиғалар ажырап, бөлшектеніп кетлеу үшін, арасында біреуі негізгі басты болып, қалғандары оған бағынышты болуға тиіс. Бағынышты бөліктер басты тақырыпсыз тіршілік етуі мүмкін емес. Олар негізгі бөлікпен жарысып, негізгі бөлікті басып асып түсу емес, керісінше, күшейтіп, негіздеп, айқындау керек. Мысалы, 12-суретте кітаптың екі жақты мұқабасы көрсетілген осы екі мұқабаларды салыстыра отырып, қайсысы негізгі, қайсысы екінші дәрежелі, яғни негізгіге бағынышты екенін ажыратуы мүлдем қиынға түседі. Себебі, екеуінінде тақырыптық сапасы бірдей шешілген, үйлесімділік, композициялық шешімдері, безендіру тәсілі өзара бағыну, келісімділік, теңгерілу принциптері бара-бар болып тұр. Екеуі де негізгі, басты, бір-біріне бағынбайды. Бір затта екі бірдей бастылық ететін бөліктер болмау керек. Басты деген түсініктің өзі айтып тұр. Біреуі басты болса, екіншісі оған бағынышты болып келеді деп. Сондықтан, осы жағдайда бірыңғай зат жоқ.



Сурет 12. Буклеттің екі жақты мұқабасының бейнесінің тұтастығының бұзылуы

Композицияда тұтастыққа жету үшін оның төрт шартын орындау қажет.

Бірінші шарт – басты зат ірі және мөлшерлі: үлкен болуға, ал екінші дәрежелі, бағынышыты заттар – ұсақ, майдалап жабырланған болуға тиіс.

Шынында да мысалы, кітаптің мұқабасын, плакаттарды т.б. қарастырсақ, негізгі, басталқы жазулар әрқашанда да ірі әріппен теріледі, ал екінші дәрежелі майдалау, үшінші дәрежелі одан да майда болып келеді.

Екінші шарт – басты зат композициялық ортасында орналасады, қалған бөлшектердің бағыты соған қарай бетпен, тартылып, ұмтылып, бөлшектерінің ырғақтың тәртібімен және асимметриялық пішіндерімен үйлесіп тұрады.

Осы қорытындың сенерлік мысалын табиғатты байқауға болады. Кез келген өсімдіктің бөлшектерінің пішіні бір мағыналы толық түрде мынандай мәлімет береді: білігінің орналасуы жері, жоғарғы және төменгі жерлері қай жерде т.б. Өсімдіктің діңгегінің пішіндік өзгеруіне байланысты қай жағы тымырға жақын, ал қай жағы бас жағына жақын екенін анықтауға болады. (13-сурет). Жапырақтардың орналасуы туралы да осындай деп айтуға болады (жапырақтар сабаққа перпендикуляр емес, сүйір бұрыш арқылы орналасқан), кему ырғақтық тәртіп арқылы жапырақтардың мөлшерлері өзгеріп, пішіндері бой білігінің асимметриясы арқылы, адаптурасының ішкі және сыртқы түрлерінің өзгеруі арқылы төменге қарай жылжып отыратыны белгілі.


Үшінші шарт – заттың жалпы құрылысының көлемді – кеңістік тұрғызуының қисындылығы, яғни, заттың жалпы пішіні мен жеке бөліктердің пішіндерінің бір-бірімен келісімділігі.

14-суретте бой бірлігімен шамаланғанда пішіні симметриялы компьютерлік стол көрсетілген. Ал осы композицияда лазерлік дисктер қоятын сәкінің пайда болуы логика көзқарасына қайшы келеді. Себебі бұл

сәкі біртұтас затта кездейсоқ бөлшек болып, композицияның симметриялық тұтастығын бұзып, пішінге тұрақсыз сезім туғызып тұр. Композицияны үйлестіріп тұтастыру үшін компьютер столының қарсы жағын екінші сәкімен толықтыру керек.



Сурет 13. Табиғат нысандарының пішін құрылымының ақпараты



Сурет 14. Заттың тұтастығымен теңгерілуінің бұзылуы

Төртінші шарт – тұтастыққа жету. Заттың барлық элементтерінің симметриялық шешімнің композициялық бірлестігі. Бұл шартта пішіннің барлық бөліктері мен бөлшектерінің әсемділік тұтастығы туралы айтылған. Композицияның жалпы болмаса, жеке сипаттамасы шығарманы тұтас «бөліктерін, бөлшектерін» қамтамасыз етуге тиіс.

Егер бұл шарт сақталмаса, композицияның тұтастығы болуы мүмкін емес. Заттың элементтері мен бөліктері бірі-біріне қарама-қайшылық, тұрақсыз сезім береді. Мысалы, сүт ыдысының үш түрін салыстырайық. Үйлесімді және қысқанды болып барлық бөліктері әсемді қысқанды сызықтар арқылы шешілген деп сүт ыдысының бірінше түрін айтуға болады (15-сурет).



Сурет 15. Зат композициясының тұтастық шешімі

Суретшінің екінші түрінде ыдыстың мойыны мен тұлғасы әсемді, жұмсақ пішінді болып, ал тұтқасы қатты, түзу сызықтар арқылы шешіліп жалпы композицияға күштеп кіргізілген сезім тудырып тұр.

Үшінші түрде ыдыстың түзу сызықтар арқылы шешілген тұлғасы, қисық сызықтармен ұйымдастырылған мойыны мен тұтқасының пішінімен сәйкес келмейді. Сонымен екінші және үшінші түрлерінде сұт ыдысының бөліктерінің композициялық шешімдерінде тұтастық жоқ деп дәлелдеуге болады.

Жоғарыда композициялық бірлестіктің жеке заттағы пішін құру заңдылықтары арқылы бір тұтастыққа жетуін қарастырып отырамыз. Бірақ заттар мен бұйымдардың қандай түрлері болмасын, өзінше, ерекше тіршілік ете алмайды.

Ол өзінен ірі зат, болмаса затардың бөлігі болып келеді, ал ірі заттар жоғары дәрежелі, күрделі элементтердің жүйесі болуы мүмкін. Мысалы, ыдыс аяқ элементтері – тамақ ішетін орынды жабдықтау, яғни, столдың бөлігі; қоғамдық ғимараттың, болмаса тұрғын пәтердің бөлігі.

Тұрғын пәтер жалпы тұрғын жай кешенінің бір бөлігі; жеке машиналар, станок – түйдектік бағыттың бөлігі, түйдектік бағыт – цехтың жалпы технологиялық жабдықтарының бөлігі; цех – кәсіпорынның бөлігі; жеке ғимарат – көшенің, алаңның, кварталдың бөлігі, ал бұлар – шағын аудан, қаланың бөлігі болып кете береді.

Осы жиынтықтардың түрлері қандай дәрежеде болса да, аяқталған, бір тұтас функционалды және көркемдік қатынастарын қамтамасыз етуіне үлес қосып, ансамбльді құру қажет.

1.4 Композициядағы ансамбльдің бірлестігі

Заттың қандай да түрі болмасын өзінше, ерекше тіршілік ете алмайды. Ереже бойынша өл өзінен ірі, тұтас заттың бөлігі болып келеді де, ал ірі зат әлдеқайда жоғары дәрежелі, күрделі заттың элементі болып қалады, мысалы,

ыдыс-аяқ – ас дайындайтын столдың бөлігі; жеке жиһаз заты – тұрғын болменің бөлігі, ал тұрғын бөлме – пәтердің бөлігі болып кете береді.

Осы айтылған жеке бөліктер мен жалпы жиынтықтар бір-бірімен композициялық заңдылықтар мен ережелер арқылы бірігіп, шамаласып, келісімділік, өзара бағыну принциптер бойынша ансамбльді құрайды.

Ансамбль – (француз сөзінен «бірлестік») жеке заттардың үйлесімділік бірлігі және олардың көркемдік шешімінің тұтастығы.

Ансамбль деген түсінік өнердің әр түрлі түрлерінде қолданады. Ол түрлі функциональдық элементтермен бір типтік элементтердің композициялық бірлестігін сипаттайды. Мысалы, саябақ ансамблінде түрлі функциональдық элементтердің композициялық бірлестігіне кеңістік пен типтік элементтері – аз мөлшерлі сәулеттік пішіндерінің элементтері жатады. Ол сәндік мүсіндер мен құмыралар, фонтандар, скамейкалар, жарықшамдар, күрекелер т.б.

Киімде ансамбль деген түсінік киімнің барлық түрлерін қамтиды. Оған костюм, бас киім, аяқ киім, қосымша элементтері (сөмкелер, чемодандар т.б.), сәндік заттар – аксессуарлар («қол шатыр, сағат, белдік т.б.») жатады.

Ансамбльдегі композициялық шешімдер 16, 17, 18 - суреттерде берілген.



Сурет 16. «Дыбыстар» композициясы
1976 г. Автор Р.Н.Аксенов.



Сурет 17. Сусынға арналған
аспап. Автор Б.А.Смирнов.



Сурет 18. Ансамбльдің заманауи шешімі

Түрлі заттық топтардың ансамбльдік шешімдерінде өздеріне сай жеке терминдерін қолданады: гарнитур, сервиз, жинақ, жиынтық.

Ансамбльдегі жеке элементтердің өзгешілігі композициялық бірлестікке барып тіреледі. Олардың барлығы өзіне тән функцияны атқарады. Ансамбльдегі элементтердің кеңістікте өзара орналасқаны композициялық байланысты анықтайды. Элементтердің композициялық қарым-қатынастары көркемдік айқындықты, тұтастықты және бірлестікті шешеді.

Түрлі жағдайларда ансамбльдің қарым-қатынасы, кеңістікте орналасуы және маңызы әр түрлі болады. Бір жағдайларда элементтердің орналасуы тұрақты болады. Мысалы, сәулетте, кіші сәулеттік пішіндерде, көлем мен аудандарда (ішкі, сыртқы). Екінші жағдайларда тұрақсыз, себебі, адамның тіршілік ету және заттарды қолдану үдерісінде элементтер өзгеріп тұруы мүмкін [4].

Барлық жағдайларда ансамбльді анықтағанда оның сөзсіз шарты – **келісімділік**.

Заттардың жиынтығының бірлестігімен тұтастығын қалай келтіруге болады? Ансамбльді жасағанда қолданатын арнайы ережелер бар ма?

Жасау кезеңінде заңдылықтар мен принциптері қандай?

Қай ансамбль болсада, оның композициялық бірлестігі жеке заттарға бекітілген заңдылықтар мен әдіс арқылы шешіледі: ол бастапқы элементі анықтау, екінші дәрежелі зат-элементтерді бір бірімен үйлестіріп, бір тұтастыққа жеткізіп, бастапқыға бағындыру т.б. Бірақ ансамбльді жасауда өзінің арнайы принциптерімен ерекшеліктері және заңдылықтары болады. Олардың негізгі ерекшеліктерін қарастырайық.

Ансамбль шешіміне қажеттілер:

- бір жеке зат бүгін деп алынбайды, ансамбльге кіретін барлық заттар жиынтығын біріктіріп, әрбір жеке зат – оның бөлігі және бөлшегі деп қарастырылды;
- ансамбльдің композициясы ең алдымен заттар арасында пішін, көлем, молшер, түс, мата және орналасу қатынастары арқылы орындалады;

- ансамбльдің әрбір заттарының пішінін, көлсемін, масштабтық құрылысын, түсін т.б. шешкенде, заттардың көрінісін, арналуын және орналасу орнын ескере отырып жалпы композициялық ойдан шығу керек;

- ансамбльде функционалдық мәнді элемент неғұрлым қажет болса, соғұрлым ол басқа элементтерден өлшемі ірі болып, масштабты құрылысы, пішіні мен силуэтінің мәнерлігі, ынталы ырғақтық тәртібі т.б. қасиеттері негізгі болып бірден көзге түсу керек;

- ансамбльдің қосымша элементтері майда масштабты, бөлшектерінің пішіні басты элементке бағынышты болу керек;

- элементтердің кеңістікте өзара орналасуында, ара қашықтығында композициялық заңдылықтардың бағыты болу керек, ырғақтың өсуі басты элементке, яғни, композициялық орталыққа ұмтылу керек.

Егер кейбір заттардың композициясы «өзінің ішінде» тұрғызылса, онда ансамбльде композицияны алдымен заттар арасында немесе топтар арасында олардың өзара байланысына қол жеткізу арқылы тұрғызу қажет.

Мұнда келесі заңдылықтар орнатылуы мүмкін:

- егер бөлек зат пішіні күрделі, маталарының түсі әсемді т.б. болса, онда топқа кіретін зат анық, қарапайым болу керек;

- күрделілік пен әсемділік заттардың бір-бірімен үйлесімді байланыстарында болу керек;

- заттардың топтарының сәйкестігі арқылы құрылған үлкен көп затты ансамбльде, осы топтардың өзі тұтас, біркелкі, мәнерлі, бір-біріне сәйкес болу керек;

- ансамбльге кіретін топтар неғұрлым көп затты болса, соғұрлым олардың арасындағы заттардың байланысы көбірек және күрделі болса, ол жерде өздерінше топшалар пайда болады;

- ансамбльге кіретін заттарды тұрғызу заңдылықтар арқылы үлкен және кіші пішінді етіп жасау керек.

Атап шыққан заңдылықтарды келесі мысалдар арқылы дәлелдеуге болады. № 19 (а) суреттегі көрсетілген шамның композициясы екі жақты бөліктің пропорциялық қарым-қатынасы арқылы шешілген. Бұл композицияда жіңішке тік жоғарғы бөлігі және толықтырылған көлденең төменгі бөлігі қарама-қарсы қойылып салыстырылады. Бұл екі бөлік үйлестірілген шамдарды біріктіріп топтастыру мүлдем қиындыққа апарып соғады [5].

№ 19 (б) суреттегі композиция өте күрделі, әртүрлі және пішіннің сәндік элементтері өте мол. Сондықтан, бұл пішіндер өздерінше әр қайсысы өз бетімен ерекше күнелтуі мүмкін. Нәтижесінде, бұл композиция күрделі, түсініксіз, бір-бірімен байланысы жоқ, сәндігі мол пішіндердің кездейсоқ жинағы.

№ 19 (в) суретте үш түрлі шамдардың тобы көрсетілген. Бұл шамдардың пішіні өте қарапайым, бір қалыпты геометриялық денелерден құрастырылған. Топқа кіретін әр элементтің пішінінің анықтығы және айқындығы басқа элементтердің пішінін ерекшелендіріп тұрады.




Сурет 19 а), б), в). Шырақтың әртүрлі композициялары

Топтың композициясы жеке геометриялық пішіндерді қарсы қойып салыстыру және олардың үйлесімділік байланысын (мөлшерін, орналасуын) бір тұтасқа келтіру арқылы құрастырылады. Бұл жерде үш шамнан құралған топ – бір тұтастық композиция болып есептеледі. Композицияның элементі – шамның бөлшегі емес, шамның өзі бөлшектерінде, ірі тұтастық топтың бөлігі болып қарастырылады.

Шамдар ансамблінің үйлесімді шешімдері № 20, 21 – суреттерде көрсетілген.




Сурет 20. Шырақтардың бірлестік композициясының шешімі



Сурет 21. Люстра ансамбльдерінің үйлесімділік шешімдері

Осы заңдылықтар мен ережелерді шырын құюға арналған ыдыс жиналғанда да байқауға болады. № 22 (а) суретте композициялық байланыс өте қарапайым, бір қалыпты: композиция ең ірі көлемді зат құмыра, майда көлемді алты стакандарға қарсы қою арқылы шешілген. Бір түсті және бір материалдан жасалған жинақ бір тұтас және бірыңғай етіп қабылданады.



Сурет 22. Ансамбльдің композициялық байланыс заңдылықтары

Түс арқылы осы топтың қарама-қайшылығын күшейтейік, мысалы, құмыра – ақ, ал стакандар – қара (№ 22, б - сурет). Әр топ өзінің ішкі бірлестігін сақтай қалды да, бірақ мөлшер және көлемдік қарама-қайшылығына түстің кенет қарама-қайшылығы қосылады.

Екі топтың өзара байланысы күшейген сияқты, бірақ арасы бөліне бастағанын байқауға болады.

Пішін топтарды біріктіріп, ал түс ажыратып тұр. Әр топтың түстік шешімі бір-біріне тәуелсіз.

Келесі № 22, в - суретте жинақтың композициялық байланысы мүлде жойылған, себебі, жинақтың құрастыру композициялық түпкі ойы бұзылған. Стакандар түрлі-түсті болғандықтан, топтың шешімде негізгі түстің жоқ болғандығынан, бағынышты түстердің жоқтығынан, барлық түстердің маңызы бірдей, өз бетімен тіршілік етуде.

Сондықтан, бұл жиынтыққа назар аударғанда алдымен стакандардың түсіне көңіл бөлініп, оларды салыстырып, түгендеп санап шығу мақсат қойылады.

№ 22, г – суретте жиынтықтың композициялық шешімі қайтадан калпына келтірілген. № 22, а – суреттегі жиынтықпен салыстырғанда, композициясы жаңа күрделі негізінде құрастырылған.

Жиынтықтың композициясы құмыра мен стакандардың күрделенген байланыстарының арқасында тым маңызды болып бір сатыға көтерілуде. Егер № 22, б – суреттегі топтардың түстік шешімдер қайшылығы (ақ құмыра және қара стакандар) жалпы композицияны әлсірете түссе, жаңа композицияда стакандарға ақ түс (жетіден үшеуі) енгізу арқылы жаңадан калпына келтіруде.

Бұл композициядағы ақ түстің аудандық басымдылығы үлкен топты басты етіп жетелейді.

Ал, стакандар тобында, керісінше ақ түс бағынышты, қара түс басты, басымды болып келеді.

Сонымен, күрделі қатынастар, кіші заттар тобының ішінде ырғақтық қайталану туындау арқылы бірлік пайда болуда. Жиынтықтың өзі түстің мүшеленуі арқылы майда мөлшерлі болып қалды.

Ансамбльдің бірлік шешімі – пішіндердің материалдардың, конструкция мен технологияның, өңдеудің т.б. ұқсастықтары, біртектілік арқылы пайда болады деген түсінік қателесу көзқарасқа жатады.

Ежелгі гректер былай деген – бірлік біртектілікте емес, бірлік - әртектілікте.

Әртүрліліктің дәрежесі әрқашанда функционалды және көркемді дәлелденіп, қыйсынды және сезімді түрлерінің шын ниетіне жету деген түсінік.

Бұл түсінікте, шығармашылықтың мәселесін қозғағанда, ережелер және рецептер жоқ. Бұл жағдайда дизайнердің көркемдік сезімі іске қосылып жұмыс істеу керек.

1. 5 Композициядағы тектоникалық байланыстар


Пішінің ең бір жетістіктерінің бірі (эстетикалық мәнерлігі тұрғысынан қарағанда) өндіріс бұйымдарының тектоникалық шынайлығы болып келеді, яғни берілген құрылыс пен қолданатын материалдардың маңызын және өзіне тән қасиеттерін сол пішінде көрсету.

Материалдардың барлық қасиеттері мен мүмкіндіктерін оқып білген суретші заттың сыртқы түрін көрсете алатын материалдардың қасиеттерін өзінің композициялық жұмысында еркін және кең қолдана алады: фактурасында, текстурасында, үйлесімділік және түсінде, сонымен қатар конструктивтік шешімдерінің ерекшеліктерінде шығармашылық нысандарында қолданатын тектоникалық пішіндерге байланысты негізгі түсініктерді келесі түрде айтуға болады.

Тектоника – объектінің материалды-құрылыстық негізімен және оның өңделу технологиясымен байланысты пішінің эстетикалық мәнерлігінің бір әрекеті. Бұл байланыс әр түрлі деңгейде көрінуі мүмкін. Кейде тектоникалық бастам композициялық шешімді анықтаушы бола алады.

Тектоникалық пішін – бұл өндіріс бұйымдарының пішінінің өндіру тәсілдері және құрылыс жұмыстарымен материалдар қасиеттерінің көркемдік тұрғыдан қарағанда мәнерлі шығуы. Осылай шығу негізі материал сәйкестігі, сол сияқты құрылысы және өндіру тәсілі болып табылады. Суретші саналы түрде материалдардың қасиеттерін талдап, айқындап, ерекше көңіл аударып, жұмыстың конструкциялық сипатын және бұйымдардың орындау технологиясының ерекшеліктерін жинақтап отырады. Осылардың барлығын ол жалпы көркемдік және композициялық ниеттің ой санасына бағындырады. Шығармашылықтың әр түрлі саласында материалдардың қасиетіне таңдау қатынасы қалай әсер ететінін мысалдарда қарап шығайық.

Арнайы таңдап алынған және белгілі конструктивтік шешімімен байланысты, сонымен қатар жасау технологиясы анықталған материалдың қасиеті әр түрлі, кейбір кезде қарама-қайшылық шешімдерді құрайды (қолданған материал бірдей болсада). № 23, а – суретте пластиктен жасалған шамдар көрсетілген. Бірінші жағдайда цилиндр тәрізді шешілген қатаң және ықшамды пішін тұрақты, бір қалыпты, тыныштық туғызады. Пластиктің тегіс беті аспалы шамға жеңілдік сезім береді. Екінші жағдайда конус пішінді шамның қыйсық сызықты сызықтары пішінге ерекше динамика, жоғарыға ұмтылу сезімін береді. Металдан жасалған аспалы бөлігімен түйме секілді сәндік элементтің үйлесуі пластиктің бетімен қосыла, шамның композициясын ерекше теңгеріп, оның пішініне әсемділік, жеңілдік және динамикалық сезім береді. № 23, б – суретте екі бұйым берілген: жұқа шишадан жасалған фужер және қолын шомбал стакан. Бірінші жағдайда суретші шынының беріктігін және мөлдірлігін ескере отырып жеңіл пішін жасайды [5].



Сурет 23. Тектоникалық пішіндер; а) шырақтар. б) стакан және фужер.

Материал бұл жағдайда бәріне шегіне жеткізіп қолдануда. Конус тәрізді көлемінің жұқа қабырғалары сүйенішке өтетін жұқа қосқыштың орны тектоникалық шындық, әсемділік, мөлдір заттың жеңіл образын құрайды. Фужердің пішіні ауаға сіңіп кетейін деп тұрған сезім туғызады.



Берілген пішінде шынының нәзіктікті болып көрінетіне қарамастан көркемдік оймен пішіннің берік қасиеті жұмыс атқаруда.

Екінші жағдайда сол материалды қолдана отырып, суретші оның салмақтығын көрсетеді. Ауыр, берік стаканның пішіні қарапайым және тұрақты. Қабырғалары табанына қарай қалыңдап, түбінің күшейген беріктігінде түстің жарық сәулесінің ерекше сыну әсері пайда болады.

Материал бұл жерде түсті қоюлантаырып өзгертсді. Бұл композицияда шынының қасиеті басқа жағынан екпіндейді. Сондықтан заттың тектоникалық қасиеті мәнерсіз болып көрінеді. Материалдардың қасиеттері мен сапаларын берілген құрылыстық жоспарға сай қолдану, тектоникалық мәнерлі пішін жасау процесіне тән. Егер технологияға және көркемдік безендіруіне сай өңделген материалдар қолданса материалдардың қасиеттері сондай анық, мәнерлі болып шығады.

Пішін негізіне салынған әрбір материалға өзінің белгілері тән. Қандай да бір бұйым жобалағанда, суретші пішінді қалыптастыруын материалдар қасиетіне байланысты жасайды.

Материал пішіннің шешімін анықтайды. Конструктивтік бастама материалдың ырықсыз қимылдары арқылы жаңа әсемділік кеңістіктік идеяларға келтіреді. Материалдардың әсемділік ізденістерінің мүмкіншілігі көбінесе шыныда кездеседі. Суретші Д. Шушкамов түрлі құмыралар, шыныаяқтар және табактарды түрлі түсті шыныдан жасайды. Жылт-жылт еткен таңғажайып көпіршіген шынының түстік шешімдері заттың бейнесіне көз тоймас таңқаларлық, ғажап көркі әсем береді (24- сурет).



Сурет 24. Композицияда «Ғарыш» құмырасы және қысқы сюита көрсетілген

Шынының ішіндегі құйын тәрізді айналып тұрған көлемдік масса, ыдыстың берік, шеттері ерітілген, тап таза пішінмен жұмсартылып тынышталады. Шынының үйлесімділік қасиеті суретшінің ойға салған ассоциациялық бейнесін үйлестіріп бір-бірімен байланыстырады.

Суретші Қазым Аманқосов сәндік сувенирлер жасаған кезеңдерінде ағаштың қасиеттеріне назар аудара отырып, олардың ерекше жұмсақтығы мен жылылығын, әр түрлі құрамын (бойлау талшықты құрамы, көлденең кесілген жері, бұтақтың образдық құрылысы т.б.), ағаштың табиғи әсемді түсін, текстурасының қажетті түстік шешімінің икемділігін ескереді.

№ 25 – суреттегі көрсетілген композиция жұмсақ әсемділікпен, сызықтардың наздылығымен, сырт келбетін тегістігімен, композицияның жеңілдігімен, табиғи түсімен – ағаштың барлық қасиеттерін бейнелеп тұр.



а)



б)



в)

г)

Сурет 25. К. Аманқосовтың жұмысы: а) «Өңу», б) «Шығыс сазы»
в) «Уақыт», г) «Әнші күс»

Пластмассадан жасалған құмыралардың өздеріне тән ерекше пішіндері болуы керек. Оның фактурасы, түсі, сызықтарының әсемділігі ерекше-шыныға, керамикаға, ағашқа т.б. материалдарға ұқсамау керек.

Қазіргі таңда кез келген материалды «табиғи» түрге келтіретін әр түрлі мүмкіншілік бар. Пластмассаның мраморға, хрустальға, темірге, ағашқа, шыныға жасаңды былғары т.б. ұқсастыру.

Сондықтан, осы әдісті қолданған кезеңде суретші – дизайнер ұқыпты түрде материалдардың ұқсастығына назар аудару керек. Бір материалдың бір материалға «айлантыру» «ұқсастыру» кейбір кездерде базар конъюнктурасының әсері болып келеді.

Мысалы; хрустальға «айлантырған арзан бағалы пластмас заттарды көп тиражды түрге сата беруге болады.

Бірақ, адам біраз уақыт өткеннен кейін көңілі қайтып жалығады.

Мұндай алдауда материалдардың тектоникалық шындығы бұрмалауға түседі.

Суретші хрустальға қолмен ойып түсірсе, бұл әдіс бұйымға жоғары сапа береді, ал сол тура суретші штамппен басқа материалға басып шығарса, оның әсері, басқаша болады да, суретшінің ой-пікірінен шықпайды.

Оған қарағанда металданған пластмассаға нақыштау имитациясын жасап дуалға ілетін панно орындаған дұрыс. Бірақ, бұл зат тек боялмау дәрежесінде болып қалады [6].

Суретшінің материалға деген эстетикалық критериясы- шындық.

Ол материалға өзіне тән емес сапалық беріп, кейбір кездерде күрделі жетістіктерге ие болып жеңіске жетсе де, материалға эстетикалық зорлық жасағаны көрініп тұрады.

Бұйымдардың, болмаса нысандардың тектоникалық шындығының негізінде әрқашанда материалдардың қасиеттерінің өзара байланысының үзілмес беріктігі жатады, сонымен бірге, бұйымның пішінінің құрастыру сипаттамасы, болмаса нысандардың конструктивтік сызбалары мен орындау тәсілдері міндетті түрде орындамауға тиіс.

Дайындалу сұрақтары

1. Композицияның түсінігі?
2. Композицияның негізгі заңдылығы?
3. Композицияның сапалығын не сипаттайды?
4. Көркем творчестваның негізі?
5. Үйлесімділік дегеніміз не?
6. Айқындылыққа композицияның қасиеті ретінде сипаттама беріңіз?
7. Композицияның қандай түрлері болады?
8. Көркемдік шығарма ретінде композицияны құрастырғанда қандай шарттарды орындау қажет?
9. Композициядағы көркемдік образ шешімінің атқаратын міндеті?
10. Негізгі заңның талаптары?
11. Тұтас композицияның белгісі?
12. Композицияның образдық шешімін жасау үшін шығармашылық бастапқылар қалай қолданады?
13. Композицияның жасалып біткенін қандай белгілер анықтайды?
14. Композицияның теңгерілуі немен анықталады?
15. Композициялық орталық дегеніміз не және композицияда ол қандай роль атқарады?
16. Композицияның тұтастығының шарттары?
17. Ансамбльдің түсінігі?
18. Ансамбльді құрастырғанда алдына қандай шарт қойылады?
19. Ансамбльді құрастыру принциптері мен ережелері?
20. Тектоника дегеніміз не?
21. Заттың қандай сапасы тектоника жағынан бастапқы болып саналады?
22. Қандай қасиеттер арқылы заттың тектоникалық шешімін анықтауға болады?
23. Материалдардың тектоникасы дегеніміз не?
24. Заттың конструкциясы пішіннің тектоникасына қалай әсер етеді?
25. Материалдың тектоникасы мен заттың конструкциясының ерекшеліктері не арқылы байланысады?

Тәжірибелік тапсырма

1 – тапсырма: Итпектің (бақбақтың) табиғи пішініне көңіл бөліп байқаңыздар. Зерттеу жүргізіп салыңыздар. Сонан соң трансформалау және стильдеу әдістерімен, дақтың пішін арқылы «мейірімді және мейірімсіз», «қаскүнем» итпектің образын көрсетіңіздер. Жұмыс кезеңінде, яғни силуэттің дағын ұйымдастыру кезеңдерінде, сызықтардың айқындығын, үйлесімділігін ұмытпаңыздар.

Жұмыстың соңында байқап қорытынды жасаңыздар қолданған әдістердің (трансформалау, стильдеу) қайсысын бұл жұмыста қолдануы икемді, шешімі қызық болып келеді.

2 – тапсырма: Алдын ала жануарлар және құстардың дене пішінін анықтап алып, мысалы; қасқыр, қоян, әтеш, олардың образдарын айқындаймыз. Сонан соң бұл образдарға стильдеу және трансформалау әдістерін қолданыңыздар.

3 – тапсырма: Заттардың нақты пішіндеріне көңіл аудара отырып, (мысалы; көбелек, кеме, тау, терек, байтерек, акбас, толқын т.б.) түрлі графикалық әдістер арқылы «агрессор» (жауап алу мақсатымен шабуылдаушы), «арманшыл, қияшыл», «кербездік» образдардың шешімдерін ойластырыңыздар.

Бұл жұмысты орындау кезеңінде пішіндердің түрлі байланыстарын қолданыңыздар. Көркемдік образдардың айқындығын табу үшін үйлесімділік әдістері-пропорция, қарама-қайшылық, нюанс, тепе-теңдікті қолданыңыздар. Құрастырылған образдарды өзіне сәйкес шеңбер немесе тік төртбұрыш (квадрат) ішіне еңгізіңіздер.

4 – тапсырма: Табиғи нысандардың нақты пішіндерін үңіле байқап (ландыш гүлі, тоты құс, жираф, зебра т.б.), осылардың негізінде әр түрлі заттық шешімдерді ұйымдастырыңыздар (шам, үстел үстінде тұратын лампа, кресло, сағат т.б.). Стильдеу және трансформалау тәсілдерін белсенді қолданыңыздар.

5 – тапсырма: «Мейірімді», «жалқау», «зоршылық-қастық» деген түсініктерге нақты көркемдік образдар жасаңыздар. Пішін, сызық және дақ арқылы шешілу мүмкін. Жұмыс кезінде заттарды нақты пішін көрсетпей-ақ орындау.

Жұмыс кезеңінде қоршаған ортадағы нақты заттарды және адамдарды алуға болмайды.

Жұмыс шығармашылық шабыт, қиял, елестету сезімдер талап етеді.

2- тарау

Композициядағы пішіннің сипаты

2.1 Пішін туралы түсінік

Жобалау процесінде және көркемдік құрастыруда пішін басты орын алады. Түспен фактура тез жалықтырады, сол себептен пішінге қарағанда тез ауыспалы болады. Сондықтан олар пішінге қарағанда өзгермелі болады.

Пішіннің екі-үш түсінігі бар.

Пәлсәлә тұрғысынан алғанда, пішін дегеніміз заттың өмір сүру тәсілі. Ықшамдалған утилитарлық мағылада пішін техникалық жіне эстетикалық қажеттілікпен анықталатын заттың тұтастығы. Үшіншіден пішін белгілі бір мінез-құлық мағынаны білдіреді, сонымен қатар белгілі бір бейнелік мазмұны бар белгі, немесе символ болып табылады [7].

Пішін дәуірге тән ерекшеліктерді және тарихи өзгешіліктерді жеткізеді. Әр тарихи дәуірде өзінің пішіні болады. Бір заттардың пішіндері өзгереді кейбірлері өзгермейді. Ғасыр бойы, жылдар бойы іріктелген пішіндер классикалық болып қалады. Тарихи кезінде сипаттайтын пішін дегеніміз – ол сол кездегі бұйымның бірігіп кристалданған схемасы.

Классиканың пішін үлкен «өмір қабілеттілігіне» ие болады, себебі. ол өз уақытындағы прогресивті тенденцияның жоғарғы түрін көрсетумен қатар, одан озып отырады. Классикалық пішінде утилитарлық және эстетикалық функциялардың арасында тепе-теңдік табылады.

Адамдар пішінді ойластырып жасаған кезінде бір түсінікке келіпті. Заттың түріне мәнерлі күш берілсе, ол зат адамның сезімдік реакциясын қоздыруы мүмкін. Күнделікті байқау тәжірибесі көрсеткендей, табиғатты көлемдердің, пішіндердің, түстердің және т.б. қандай өзара байланыс сезім әрекетін оятады.

Осындай заттардың бейнесін саналы түрде және мақсаттылықпен құрастырғанда, адамдар заттарға керекті бейнелі айқындық мағынаны бере бастады. олар әр адамдарға қызмет көрсете қоймай, сонымен бірге оның рухын сезімділікке икемдейді.

Мысалы, күзеші (қыш ұстасы) құмыраның пішінін ойластыруда. Өз тәжірибесіне сүйене отырып, ол мынандай талдау жасайды: ыдыстың табаны кеңейтілген, ауызы жіңішкеленген және басқаша аузы кең және табаны жіңішкеленген адамға әртүрлі сезімдік әрекет тудырады. Дененің силуэттегі әртүрлі тіп-тік сызықтар және ыдыстың мойына ауысуы, әр материалдың әртүрлі фактурасы, оның әртүрлі бояуы, өрнегінің әртүрлі және ою-өрнектің әртүрлі сипаты, сәндік әрлеудің әртүрлі тәсілдердің қолданылуы-соның барлығы жасалынатын ыдыс адамның сезіміне әртүрлі әсер етеді. Осы барлық тәсілдері қолданғанымен және құмыраға қандай да бір бейнені бергенде, қышшы ыдысты жасамай қоймай, сонымен бірге бір уақытта ол ыдыстың анықталған бейнесін жасайды - салтанатты мерекелі немесе жағымды және қызық, салттық немесе тұрмыстық етіп. 26 – суретте А. Шетел неміс заманауи суретшісі жасаған сұрғылттау әйнектен жасаған үш құмыра көрсетілген.

Олардың айырмашылығы пішіндерінде тұлғаның, ауыздың, тұтқаның пропорциялары, осы үш құмыраның жалпы силуэтіне сәйкес.

Заттың өзгешілігіне жету үшін, әрбір жағдайда өзгеше бейнені жасау үшін осы өзгертулер жеткілікті.


Бір жағынан біздің алдымыздағы құмыра өте ауыр, «көрнекті», «қатаң», аяғымен мықты тұр, сонымен бірге бітімілернің пішіні төмен қарай сәл жіңішкелкенген оған әсемдік және қандай да бір жалпы нәзіктік және «ыңғайлық» береді.

Екінші құмыра екі сантиметрі биік, бірақ пропорцияның созылғыштығы бітімінің аузына қарай ұзаруының арқасында өте биік әсер етеді, көлемділік қатаңдыққа өзгереді, дөңгелек пішіндердің ыңғайлы жұмсақтығыда - өте қатаң бейнеге айналады [7].


Үшінші ыдыста суретші осы бағытты ары қарай дамытты, енді құмыраның аузы бітімінен жіңішке мойынмен ажыратылған, бітімінің биіктігінен биік, соңғысы табанынан кесіп алып тастаған сияқты, жеке пішінді қалыптастыратын дөңгелек диск, құмыраны ұстап тұрған жіңішке және қысқа аяқ, бұрыштық ауысымдар өткірлікке ауысумен барлық пішіндердің қисықтығы өте қатаң. Ыдыстың пішіні биікке жылдам ырғақты ұмтылады және осының бәрі жаңа бейнені туындатады.

Олардың әртүрлі шешімдерін салыстырғанда көптеген тұрмыстық заттарды көруге болады. Креслодан адамға не керек деп ойлайсыз? Отырғанда ыңғайлы және жайлы болу керек, ол берік және әрине әдемі болу қажет. Бірақ бұл аз. Креслоға отыратын адамның ортасына байланысты, кресло көңіл-күйді сәулелендіру керек. Сондықтан креслолардың әртүрлі типтері пайда болған: мысалы тақты кресло, сарайлы, бөлмелі, театрлы, саяжайлы, балалар креслолар және т.б.

Заманауи креслолардың түрлері 26 (б) суретінде келтірілген. Әртүрлі ойлы-сезімдік мазмұнымен креслоның үйлестіруін талап еткенде утилитарлы функция және конструкторлық негіз сол қалпында қалады, бірақ әрбір жағдайда көркем-эстетикалық функция өзгереді.



а)



б)

Сурет 26. Түрлі образдық шешімдер: а) А.Шеделяның құмыра жұмыстары
б) Үстелмен креслолардың заманауи түрлері

Осы мақсатқа жету үшін суретші өзгеше пропорция мен пішінді, өзгеше масштабты қарым-қатынасты заттың тектоникалық және ырғақтың өзгеше тұрғызуын табуға ұмтылу керек.

Нысанның көркем-бейнелік шешімі, көптеген факторлар әсерінсін қалыптасады. Келтірілген мысалдар, байланысқан пішіннің ақиқатты жеке қасиеттерінің геометриялық түрімен, өлшемімен, кеңістіктегі пропорциясымен, пішіннің элементтерінің пропорциялық сәйкестілігімен, олардың өзара байланысуымен және т.б. арқылы анықталады. Пішіннің бұл ерекшеліктері затты жасаған үдерісінде қосылады және қатты әсер ету құралы болып табылады. Сонымен бірге пішіннің психологиясы еселке алынады. Олардың материал бойынша нақтылығын анықтамай, бұйымның тек қана пішінінің массалық белгілерін қолдана отырып, бұйымға массалық ауыр және жеңіл сезімді беруге болады. Пішіннің силуэт шешімінің ерекшелігі, оның кеңістіктегі, жағдайы және бекіту сипаты бұйымды жеңілдетеді яки ауырлатады. Бекітпе немесе тірек қатты, мықты және үлкен болған сайын, пішінге ауыр береді. Жарық шамның бекіту элементі немесе креслоның тірегі жіңішке, нәзік болған сайын, соғұрлым зат «жеңіл» қабылданады.

Пішін объективті физикалық қасиеттердің тұтастылығына ие және көрермендерден әртүрлі сезімдер әсер етеді.

Заттардың көркемдік айқындығын құрастыруына көмектесетін пішіннің негізгі түрлерін қарастырайық: пішіннің мөлшері, пішіннің геометриялық түрі, пішіннің салмақтығы (массасы), жарық көлеккесі, фактурасы, түсі.

Пішіннің мөлшері деп оларды салыстырғанда өлшемі мен оның өлшемдік қатынастарын айтады.

Бұл қатынас жалпы қабылданған өлшем бірліктерімен орнатылады. Мысалы, сантиметрмен, метрмен және т.б.


Композицияны жасағанда суретші әртүрлі мөлшері бойынша пішіндерді салыстырғанда, үлкен өлшемдер соның арасында үлкен болып қабылдануын ескеру қажет. Егер, мысалы, өлшемдері бірдей екі әртүрлі креслолардың элементтерінің саның бөліп аралағанда (27 суретте көрсеткендей) онда бөлшек саны аз пішін үлкен болып көрінеді.



А)

Б)

Сурет 27 Элементтермен толықтырылған пішіндердің қалыптасыуы: пішін а – пішін б-дан үлкен көрінеді



Сурет 28. Элементтермен толықтырылған пішіндердің қалыптасыуы: пішін а – пішін б-дан үлкен көрінеді

Осындай пішіннің қабылдау байланысын жиһаздық шкафтарда көруге болады.

Пішіннің геометриялық түрі - пішіннің барлық даму және оның беттік силатымен анықталған қасиет.

Осы белгілер бойынша пішінің мынандай түрлерін анықтауға болады:

- сызықтық пішін – онда бір өлшем қалғандарға карағанда

басынды болады;


- жазықтық пішін – мұнда бір өлшем қалған екі өлшемдерден әлде қайда кіші;

- көлемдік пішін – бұл жағдайда үш өлшем шамалас теңдей;

Пішіннің бет сипаты бойынша көптеген нұсқалар болуы мүмкін; жазықтық бет, қисық сызықты, дөңес, иілген, текпешекті және т.б. болуы мүмкін. 29 және 30 суреттерде әр алуан пішіннің геометриялық түрлерімен заттар ұсынылған.



Сурет 29. Шаңсорғыштардың геометриялық түрлері:
а) сызықтық пішін, б) жазықтық пішін, в) көлемдік пішін



Сурет 30. Сағаттардың геометриялық түрлері:
а) сызықтық б) жазықтық, в) көлемдік

Пішіннің массалығы – визуальды өнерде бұл елестеген пішінді толықтыру тығыздығы.


Масштабтылықтың шекті екі жағдайы бар, олардың арасында көптеген аралық нұсқаулар бар: бір жағынан массамен толтырылған бұл пішін, екінші жағынан пішін кеңістік сипаты бар, яғни бос.

Пішіннің геометриялық сипаты, пішіннің масштабы қабылдауына үлкен әсер етеді. Өздерінің пішіндері бойынша барлық үш өлшем өте бір-біріне жақын болғандықтан, пішіннің масштабы болып көрінеді; бұл куб, шар сияқты пішіндер. Сондықтан заттың пішін масштабын кішірейту үшін, оны визуальды жеңілдету, пішінді сызықтың сипатына жақындату керек.


31, 32 суреттерде масштабты қабылдау бойынша нысандардың мысалдары келтірілген.

Жарық көлеңке – пішіннің жарық және көлеңке және оның бөлшектерінің деңгейін сипаттайтын пішіннің қасиеті деп аталады. Басқа пішіндердің қасиеттерінің қабылдануы осы қасиетке байланысты.

Жоғарғы қараңғы жақтарының өлшемдері кіші, ал жарық жақтары үлкен болып көрінеді. Жарық көлеңкенің пішін қасиеті материалмен, құрылысымен және үстімен анықталады.



Сурет 31. Геометриялық түрлеріне байланысты мұздатқыштардың массасының өзгеруі



Сурет 32. Геометриялық түрлеріне байланысты сағаттардың массасының өзгеруі

Мысалы; пішінде бұл қасиет шағылысқан жарық материалының сапасына және қатпарлар түріне, драпировкаларына гофре кедір-бұдырларына және майысқандығына байланысты.

|| **Фактура** – заттың сыртқы пішіннің құрылыс қасиеті. Бұл өте тегістен рельефті түрге дейін өзгере береді.

|| **Фактура** – пішіннің үлкен етіп көрінуіне қатты әсер етеді. үлкен үстіңгі жақ ойша заттың салмағын үлкейтеді. Жарық көлеңкенің пішіні фактураға байланысты; үстіңгі микро пішін үлкен болған сайын жарық-көлеңке ойыны жарығырақ болады [8].

Фактура – заттың үстіңгі қабаттының құрылысы немесе табиғаттың өзінің құбылысынан өңделіп пайда болған материал беті.

Фактура- әртүрлі болуы мүмкін, өте тігістен рельефтіге дейін. Бірінші жағдайда фактура элементтері аумағы өте аз, көзбен карағанда айырмашылығы жоқ, олардың саны бірлік үстіңде өте көп. Рельефті фактурада элементтер саны азырақ, бірақ олардың мөлшері комақты. Кейде фактура элементтері үлкен болған соншалықты жек-дара пішін болып калыптасады.

Үстіңгі қабат материалдың қасиеті қатты іріткі немесе ауыр және жеңіл болып көрінуі мүмкін. Әртүрлі фактуралар пішін мен әртүрлі қатынаста болады. Үлкен элементті фактуралар пішіннің геометриялық түрін өзгертеді. Мысалы; ұзын жүнді үлбірден жасалған бұйым пішінге дөңгелек, жалпылама пішін түр береді. Тегіс фактура пішіннің қасиеттерін өзгертпей, дәл көрсетеді.

Жазықтық үстінен жарықтың шағылысу әдісі бойынша барлық фактуралар мына түрлерге бөлінеді:

- **кедір-бұдыр** - үлкен элементтері бар, жазықтық бетінде күрделі жарық көлеңке ойын жасайтын;

- **тегіс** - аумағы жағынан орташа элементтері бар жарықты жұтып қоятын әртүрлі бұрыштан шашыранды жарық жасайтын;

- **жылтыр** - немесе айналық шағылдыру, өте майда элементтері бар, жазықтық бетіне түсетін жарық, сол түскен жарық түскен бұрышпен шағылысады.

Заттық жазықтықты жобалаушы суретші фактураны қабылдау факторларын көрерменге заттық көріністі алыстатып және жарық қасиеті арқылы көрсету керек.

Фактураның айырмашылығын біз көру арқылы ғана емес, аспалап та байқауға болады. 33-суретте пішіні бірдей құмыралар бейнеленген. Бірақ әртүрлі материалдардан жасалған - металл, пластмасса, және керамикадан.



Сурет 33. Материалдардың фактурасына байланысты заттың пішінінің қабылдануы

Пішіндерді қабылдау үш жағдайда әртүрлі болады; массасы арқылы, көлемі арқылы. Металлдан жасалған құмыра басқа құмыраларға қарағанда ауыр қабылданады, өлшеміне қарағанда екеуінен де кішірек. Пластмассадан жасалған құмыра жеңіл қабылданады. Керамикадан жасалған құмыра басқаларға қарағанда көлемді сезім тудырады да, салыстырғанда ең үлкен болып көрінеді.

Тігін өндірісінде өңдеу түрі мен көлеңкелік тоқылу сапасы белгіленген маталардан басқа табиғи және жасанды материалдар; тері, замша, үлбір және әртүрлі пленкалық материалдар пайдаланылады. Олардың әрқайсысы өздеріне ғана тән фактураларға не және матаның фактурасына әдемі сәйкес келеді.

Әрбір фактура өзіндік эмоциональды; бейнелік, сәйкестік белгілерді көрсетеді. Көрерменге әсер ету жағынан фактуралар пассивті және активті болып бөлінеді. Пассивті фактуралар бейтарап болып саналады, оның элементтері өте майда болып, ал активті фактуралар күрделі рельефтен құралған, элементтері ірі болып келеді. Активті фактура өте сәнді және қосымша әшекейді қажет етпейді. Пассивті фактуралар активті фактураларға жақсы фон болуы мүмкін, болмаса өндеуде қолданып, жақсы орын алады.

Бір пішінде әртүрлі фактуралардан материалдарды пайдалану заттың сыртқы түріне қосымша әдемілік береді. Мысал ретінде 34 суреттен көруге болады.



Сурет 34. Бір пішіндік материалдарда түрлі фактураларды қолданылуы

Бір түрлі түсті қабылдау, сыртқы қабаттың сапасына қарай қатты өзгереді. Сонымен, әртүрлі фактураны пайдалану түстік шешімнің өте жақсы нәтижесіне жетуге болады.

Жалпы сыйыспайтын фактуралар жоқ, бірақ оларды дұрыс қоспаса, нәтижесінде бәсекелесі басталады, тілті олар бір-бірінің әдемілігін жойып жіберуі мүмкін. Егер маталардың түстері және суреттері әртүрлі болса, белсенді фактураларды дұрыс пайдаланбаса, ол өте қауіпті болуы мүмкін. Өкінішке орай әртүрлі фактуралардың дұрыс сыйымдылығы жөнінде тәсіл жоқ. Суретші үшін, сыртқы фактурасы әр түрлі материалдардан құралатын бұйым заттармен жұмыс жасаған кезеңдеріндегі негізгі ережелері мен негізгі бағыты - творчестволық сана сезім және сезім тосқауылы болып саналады.

Түс – адамның көзіне әсер ететін сезім. Түс пішіннің ең эмоционалды – сезімдік сипаттамасы.

Түс хроматикалық және ахроматикалық болып екі топқа бөлінеді. Ахроматикалық түстерге қара түстен басталып, сұр түстер тобы, ақ түске дейін түстер жатады. Қалған түстердің барлығы хроматикалық түстерге жатады.

Негізгі түске төрт- қызыл, сары, жасыл және көк түстер жатады. Осы түстердің қосындысынан неше бір түрлі (200-ге жуық) түстер пайда болады.

Түстің тағы бір ерекшелігі – ол жылы және салқын түстер болып екіге бөлінуі. Жылы түстер от, күнге сәйкес болып келеді. Оларға – қызыл, краппак, кадмий, сары, охра және умбраның неше бір түрлері, күнгүрт т. б. жатады.

Салқын түстерге сумен, аязбен және мұзбен сәйкес келетін түстер жатады. Олар – көк, ультрамарин, ауа көк, жасыл түстің неше бір түрлері т.б. жатады.

Түс пішіннің ойлау бірлігін қалыптастыруға көмектеседі. Түс пішіннің басқа қасиеттерін қабылдауға әсер етеді. Мысалы; жылы түстер затты көру иллюзия арқылы жақындата үлкейтеді, ал салқын түстер бұйым заттардың көлемін кішірек етіп, жинақтап, алыстатып көрсетеді. Әрі заттың салмағы ауырлаған сияқты болады. Пішін туралы әңгімелеген кезде біз заттардың көлемді-кеңістік қасиетін айтамыз. Көк түске боялған пішін жеңіл, мөлдір болып қабылданады ал қоңыр түс пішінге салмақтық береді. 35 суретте құмыраларды ахроматикалық түсте орындалған.




Сурет 35. Түс шешіміне байланысты пішінді қабылдау

Қараға боялған құмыраның көлемі кішірек болып көрінеді және көзге зат пішінін жинақы етіп көрсетеді, сонымен қатар зат ауыр болып сезінеді. Ал, ақ түсті құмыраның көлемі ең үлкен болып көрінеді да, массасы жеңіл сезінеді. Екінші құмыраның көлеміде, салмағыда орташа болып сезінеді.

Егер біз пішінің проекциясын жазықтық бетіне түсірсек, онда біз оның силуэтін аламыз.

Силуэт дегеніміз – ол жазықтыққа түскен бұйым заттардың пішіні.

Силуэт анық жискті сызбалармен белгіленіп, көлемді заттардың пішінін көзқарас арқылы жазықтық етіп қабылдау. Жазықтық пішін проекцияларының жиегін бейнелейтін сызықтар силуэттік сызықтар деп аталады. Силуэт – заттың анық көлемді бейне пішінінің көлемді кескіні. Силуэттер мысалдары 36 суретте көрсетілген.



Сурет 36. Нақты заттардың силуэттері

2.2 Пішіннің икемділігі.

Пішін көлемді- кеңістік құрылым секілді болып келеді да, күрделі және өте жай болуы мүмкін, бір-бірімен қарым-қатынаста тұратын элементтердің тұтастығы. Пішіннің құрылымы қандай күрделі дәрежеде болғанмен элементтердің байланыс жүйесі бір-бірімен үйлесімді болуы керек.

Пішіннің элементтерінің бір қалыпты бірігуі және біртіндеп ақырын екінші пішінге енуі икемділік деп атайды.

Пішіннің икемділік сипаттамасын бағалау кезеңінде үлкен мағына осы пішінді құрайтын сызықтар атқарады. Пішіннің бетінің қозғалыс бағыты силуэттік және конструктивтік сызықтар арқылы анықталады. Әр сызық өзінің сезім әрекетін атқара отырып, пішіннің қабылдануына түрлі психологиялық әсер тудырады.

Күрделі пішін әртүрлі сызықтар арқылы сызылады да, сол сызықтар жобалау нысанның икемділік қозғалысын анықтайды. Пішіннің икемділік қозғалыстарында бір қалыпты және секірмелі элементтердің түрлері кездеседі. Силуэттік сызықтардың икемділігін тұрақтап, бірігіп заттың пішінің икемді бейнесін құрайды. 37 – ші суретте ыдыс аяқтың жинағының, нақты функционалдық белгісін ашып, жалпы бейнелік құрылысы көрсетілген.



Сурет 37. Пішіннің силуэттік сызықтарымен ішкі сызықтардың икемділігі. Геометриялық қатты икемділік.

Силуэттік тура және ықшамды сызықтары, пішінің қарапайымдығы жинақтың күнделікті қолдануға арналатынын дәлелдейді. Пішіннің қатаң

тура сызықтарына сәйкес суреттің ак-қара түсте орындалған ішкі сызықтар пішінге анық және графикалық сипаттама беруде. Қарастырылған мысалға қарағанда 38 – ші суреттегі жинақ, сәнді және бірқалыпты қисық сызықтар қолдану нәтижесінде салтанатты болып көрінеді. Сәндік өңдеу пішіннің сипаттамасын ерекшеліктіреді [9].




Сурет 38. Пішіннің силуэттік сызықтарымен ішкі сызықтардың икемділігі. Жұмсақ қисық сызықты икемділік.

Икемділік – түрлі факторлардан құралған және бейнелік құрылысты мәжбүр ететін пішіннің қасиеті. Бұлардың арасындағы ең маңыздысы зат жасалған материалдың икемділік қасиеті болып келеді. Дизайнер түрлі материалдармен жұмыс істеген кезеңінде олардың айқынды сапасын, мүмкіншілігін және икемділігін анықтап алу керек.

Жоғарғы эстетикалық пішіндерде икемділік және мүсіндік әдістер бейне тұрғызуда бастапқы роль атқарады. Мысалы ретінде «Метаморфозы» деген сәндік ансамбльді (В.Я Шевченко) қарастыруға болады. «Көктем», «Таң», (С.М. Бескинская) шыныдан жасалған композиция, композиция «Икемділік» (Л.Н. Уртаева), «Ән шырқаушы шөптер», (Л.А. Кугинский), сәндік құмыра «Қиял», (О.И. Козлова), «Икемділік нысан», (К. Берг) атты композициялар көп мөлшерлі икемділік және түстік нысандарды, классикалық таза сызықтарды материалдардың сипаттамасына қарай жасайды. (39 -43 сурет).



Сурет 39. «Метаморфоза» композициясы. автор Шевченко. В.Я.




Сурет 40. «Икемділік» композициясы, авторы Уртаева, Л.Н.



Сурет 41. «Ән шырқаушы шоптер» композициясы, Кучинская автор Л.А..



Сурет 42. Сәндік құмыра «Қиял» автор, Козлова.О.И.



Сурет 43. Икемділік нысаны, автор Берг К.

2.3 Пішін түрлері және оның құрылымы

Бұйымдарды жасауға бағыталған көркемдік жобалауда баздық (негізгі) және элементарлық (жеңіл оңай) түсініктер бар.

Баздық пішін дегеніміз – барлық варианттардың құрылыс негізіне кіретін пішін. Олар ғылыми, техникалық және эстетикалық деңгейде қарастырылады. Баздық пішінге мына төмендегі қасиеттер жатады:

1. Үйлесімді бір текті байланыс, ол жалғыз және біркелкі элементтердің құрылымынан тұрады;
2. Уақыт ұзақтылығына байланысты элементтердің біріктігін салыстырғанда, сонымен бірге өмірдегі қоғамның техникалық және эстетикалық деңгейі;
3. Икемді, үйлесімді бейненің анықталған түрі;
4. Пішін негізіндегі геометриялық пішіннің бірлестігі.

Элементарлық пішін дегеніміз бір бұйымнан құралған, үлгі тудырмайтын, бірақ жалпы жүйенің болмаса баздық пішінің элементі.

44 - ші суретте сөмке үлгілерінің , серия түрлері бір баздық пішінде орындалғаны көрсетілген. Сөмкенің баздық пішінінің қызметін тік және көлденен орналасқан цилиндр атқарады. Бұл пішінді тік, көлденен және диагональді түрлерге мүшелесек, түрлі баспалы сызықтар және сәндік өңдеулерді қолдансақ онда сөмкенің көптеген модификацияланған санын аламыз. Түспен фактураны қолдануы жасалып жатқан нысанның мүмкіншілігін ұлғайта түседі [7].



Сурет 44. Бір баздық пішіндегі сөмкенің сериялар

Заттың пішінің оңайлатқан кезінде, талдауы мен қабылдануы жеңілдетіледі, яғни, ерекше белгілермен сандары азая түседі. Пішінді анық қабылдау үшін, затқа қойылған коммуникабельдік пікірлер анықтаушы фактор болып келеді.

Табиғатта қарапайым ерекше симметриялық пішін, физикалық тепе-теңдік және тұрақтылықты белгілейді. Пішіннің қарапайым геометриялық фигураларға өз бетімен өзгеріп орналасуы мүмкін емес [10].

Геометриялық пішіндер метрикалық көрсеткіштер арқылы анықталады. А. Дюрер геометриялық элементтерді, талдау жасағанда қажетті шарт деп, сонымен қатар кез келген көркемдік шығармашылықтардың тұрғызу жолы деп санаған.


Қимылсыз нысанға назар аударып қараған кезде, біздің көзіміз оның әртүрлі нүктелерін байқайды да, саккада атаулы ығру қимылымен шапшаң қозғалыстар жасайды. Әрбір саккада көрініс аймағындағы жаңа нүктелермен аяқталады. Көрініс оқу үдерісі және оны анықтауы қабылданған материалды есте сақтап қалуы мен байланысты және ақпаратты естен салыстыру арқылы өзіне тән із арқылы шығару болып табылады.

Белгілеу нүкте әр фигураның бұрыштарында топтастырылады да, суретін ақпараттық бөлшектері болып, бұрыштарымен олардың қисық сызықтары болады.

Алдымен затты қабылдау жалпылама, содан соң бөлшектеп қарастыруға басталады. Ол 10 бөліктен тұрады және 3-5 беттен тұрады. Көзбен белгілеудің нәтижесінде бөлшек өзара байланысты «белгілердің сақинасы» қалыптасады. Алғашқы кездегі танысуға затты зерттеп біледі. Ми құрылысында бөлек бөлшектерді ойша біріктіре отырып, аяқ жағында барлығы ойдағыдай болады деп, гипотеза құрады. Пайда болған бейне көз қарашығында екі өлшемді болады. Көз объекте белгілі геометриялық денелермен ұқеастық тауып, күрделі конфигурацияны жай түрлерге майдалайды. Бұрынғы алынған білім тәжірибелерге сүйеніп отырып, объектідегі бейнені қалыптастыру үлкен роль атқаратын ассоциацияға негізделген. Біздің алдымыздағы тұрған бірден дайын шешімдер жоқ, біздің сезімдеріміздің барлығын анықтау үшін, барлық негіздермен қамтамасыз етіп отыр. Кез келген материалдық объектілердің ақпараттық негізі жиік, ол жарықтың әсерінен де, түстің әсерінен де өзгермейді. Белгілі жай белгілермен күрделі бейнесерді салыстырғанда затты білу тездетіледі. Құрылым белгілерін әрқайсысының өзінің белгі анықтамаларына қарай мынадай кезегімен қоюға болады:

- кесікінің – анық және сыртқы контуры күрделі еместігіне қарай;
- барлық пішіннің сипаттамасы;
- белгілі танымалы геометриялық денелермен ішкі бөлшектерді жалпы жиекті салыстыру және тану;
- типтік пішіндердің байланыстарын, бұрыштарын және неғұрлым қисық сызықтарын анықтау;

- демалыс орталығын белгілеу - психологиялық, физиологиялық тепе-теңдікті анықтау.



Сурет 45. Сөмке пішіндерінің аппроксимациясы

Пішінің элементтерінің геометриялық қасиеттерін анықтау үшін, оларға көрінекті салыстыру жүргізу қажет, яғни, барлық пішіндерді құрамды бөліктерге бөліп, геометриялық пішіндерді анықтай отырып, жай белгілі конфигурацияларға жақындату керек. Графикалық салыстыру арқылы әрбір сөмкелердің пішінін бір-бірінің үстіне, геометриялық түрлеріне байланысты, жатқызып, сөмке пішіндерінің нақты аппроксимациясын түсіреміз. Нақты дененің геометриялық белгілерін анықтау үшін, олар сызықтың максималды қисықтығын белгілейді. Пішін өзгертетін сызықтардың өзгеруін анықтауға болады.

Күрделі геометриялық пішіндерді аппроксимациялау кезінде кен тараған үш конфигурация анықталды: тік бұрыш, овал, трапеция. Осы үш конфигурациядан қосымша элементтер, геометриялық пішіндер қалыптасады. Пішінің геометриялық сипаты оның ұйымдасуымен құрылымын айқындауға мүмкіндік береді. Ұйымдастырылу мен реттілікке ұмтылу әрбір құрылымды сипаттайды. Құрылым – бұл нысанның бастапқы жалпылама құрылысы. Оның негізінде бір нысаннан, яғни оның элементтері мен кейбір симметриялық түрленулерді ауыстыру арқылы екінші, үшінші т.б. нысандарды алуға болады.

Құрылым – бұл геометриялық элементтерді ырғақтылығы арқылы көрсетілген біртұтастық бөлшектер байланысының тұрақтылығы.

Құрылым тепе-теңдікке, бағыттылыққа, кеңістік болжамдылыққа ие болуы тиіс; бұл түсініктердің барлығы да пішін жағдайын сипаттайтын жинақтылық пен жинақсыздық түсініктерімен бірігеді.

Құрылымның бір жағдайдан екінші жағдайға ауысу кезінде оның белгілерінің мәні мен элементтері ауысады, болмаса олар трансформацияланады (өзгереді) [11].

2. 4 Пішіннің даму үрдісі

Пішін еш уақытта да жоғалмайды, ол уақыт мезгіліне сәйкес. Костюмде, аяқ киімде және басқа да бұйымдардың пішінінің дамуы және пайда болу кезеңдерде, мына қасиеттерге ие болады: өсуін және төмендеуін қадағалайтын ішкі тербелісі, трансформалауы, акценттің бір бөліктен екіншіге ауысуы. Соңғы қасиеті өте маңызды, себебі, пішінің моральды тозуы мен ұзақ жылдар тұрақтылығы қазіргі конструкцияда күрделі мәселенің бірі болып табылады.

Пішіннің уақыт мерзіліне сәйкес өзгеруі, тұрақтылық және тұрақсыз түсініктеріне байланысты, яғни оның элементтерінің беркелкілігі және тұрақтығына. Нақтырақ айтсақ, пішіннің элементтері әр түрлі тұрақтылық қасиетіне ие. Тұрақсыздарға мына элементтерді жатқызуға болады: композициялық сипаттама болатын элементтер, олардың сәндік ішкі сызықтары, түсі, әшекейлері, матасы, себебі олар сәнді және уақыпты тенденцияларды айқындайды.

Пішіннің құрылымы мен конструкциясы ең тұрақтылары болып келесі. Пішіннің құрылымының өзгеруі бірден болмайды. Алдымен ішкі элементтерінің қозғалысы, орын ауыстырылуы пайда болады. Олар пішін дамуындағы тенденция бағыттарын, яғни оның өсуін немесе түсуін жүзеге асырады. Пішін өзінің шегіне жеткен соң, яғни, дөңгелекке, шаршыға немесе үшбұрышқа максималды жақындап, немқұрайлық жағдайға ұшырайды, бұл пішіннің ауысуын қажет ететін белгісі болып табылады. Бұл пішіннің дамуының бірінші заңдылығы.

Пішіннің дамуындағы екінші заңдылығын пульсациялау деп атайды. Бұл оның бөлшектерінің қатынастық өзгерісімен байланысты. Белгілі бір уақыт шамасында пішін жоғалып кетеді де, оның орнына жаңа сапаларымен жаңа пішін пайда болады. Дегенмен, жаңа пішін ескі пішінің бойында дамып отырады.

Үшінші заңдылық – циклдылық деп аталады. Циклдылық пішіннің ішкі бөліктенуі өзіндік бағытына, оның тұрақты немесе тұрақсыз болуына, қайталануына ықпал етеді [7].


Сонымен, пішіннің әрбір даму кезеңінде оның бөліктері мен энергиясының әсер ету қатынастарын айтып кетуге болады. Сызықтар пішіннің динамикалығын күшейтіп біресе жоғары бағыттама, біресе тыныштық пен тепе-теңдікті бейнелейтіндей бір қалыпта тұрып қалады. Кейбір жағдайларда, пішін тұрақты немесе керісінше, қозғалыста болса, ішкі сызықтар динамиканың немесе статиканың рөлін ойнауы мүмкін. Пішін элементтерінің алуан түрлі дамуы шексіз болуы мүмкін емес, сондықтан

дамудағы белгілі бір кезең қайталанып келеді: Жеке циклдардан пішіннің баздық немесе сәндік кезеңі пайда болады. Пішіннің дамуында геометриялық және икемділік (серпімділік) кезеңдері болады. Олардың кезектелінуі тұтастықты, циклдің ұйымдасуы мен реттілігін көрсетеді.

Бізге белгілі негізгі геометриялық элементтердің үш түрі бар: тіктөртбұрышты, трапециялық және овалдық. Осылардың үйлесімділігінен бұйым пішіндерінің көптеген түрі пішінделеді. Осы элементтердің әр қайсысы, пішіннің геометриялық және серпімділік кезеңдерінің ерекшеліктерін көрсетеді. Егер овалдық пішін орын алса, онда сәнде серпімділік кезең, егер тіктөртбұрыш пішін орын алса, онда сәнде геометриялық кезең болады.

Пішіннің элементі – ол белгілі жүйенің белгісі, сондықтан осыған қарай бүкіл жүйе жайында айтуға болады.

Геометриялық кезең «ерлік» пішінге түзу сызықтарды, тік бұрышты нақты пішіндерді шамалайды, ал серпімділік кезеңде «әйелдер нәзіктілік» пішініне тән сызықтардың жұмсақ, күрделі сызықтарды, дөңгелектенген пішіндер жүзеге асырылады [7] (сурет 46).



Сурет 46. Түрлі дәуірдегі сызықпен пішіндердің стильдік дамуы

2. 5 Композицияда қолданатын көз елесі.

Композицияның көрнектілігін іздену барысында суретшіге көздің қабылдау заңдарын білу көмек береді. Кейбір кездерде, біздің зат туралы түсінігіміз, оның пішіні мен өлшемдерін қабылдау деңгейіміз нақтылықтан ерекшеленеді.

Көрінетін заттың сапасы шындыққа сәйкестенбеу құбылысы оптикалық көрініс деп аталады.


Бұл көрініс заттың физикалық қасиеттері сияқты, адам көзінің оптикалық ерекшелігі де себеп бола алады.

Суретшіге оптикалық елес заңдылықтарын білу композицияның жеке элементтеріне ойлестырылған нақтылыққа жақындай түсуіне мүмкіндік береді. Белгілі бір көркемдік (немесе жобалық) бейнені айқындау үшін зат

шамасы туралы қажетті жерді жасау үшін, композицияның басты элементінің көрнектілігін күшейте түсу үшін оптикалық коррективтерді қолданған дұрыс.

Оптикалық елестің заңдарын игеру үшін алуан түрлі сызықтар мен олардың байланысының өзгерістік силаты туралы мәліметтер болуы тиіс.

Сызықтардың барлық шексіз көптүрлілігін үш топқа бөлуге болады; түзу сызықтар, тұрақты қисық радиусы бар сызықтар-доғалар, ауысымды қисық радиусы бар сызықтар –парабалар, гиперболдар, спиральдар (сурет 47) [12].




Сурет 47 Сызықтар варианттары.

Түзу сызықтар мен доғалар тепе-теңдікті, тыныштық қозғалысын бейнелейді; олардың табиғатында бағыт қозғалысындағы тұрақтылық орын алады. (түзу сызық шексіздікке тең тұрақты қисық радиусқа ие болатын, қисық сызық ретінде қарастырылуы мүмкін). Олар симметриялы пішіндер бола алады, егер оларды жазықтық симметриясының ортасы деп санаса; жалпы пропорциялар туралы мәліметтерді игеру, бұл статика – екі теңдей бөлікке бөлумен сәйкестенеді. Ауыспалы қисықты радиусы бар сызықтар динамикалық болып табылады. Олар бірқалыпсыз (тездетілген немесе тежелген) қозғалыстарды көрсетеді.


Түзу сызықтарды байланыстыра алатын көріністер табиғатта жоғары деңгейде сирек кездеседі. Түзу сызықтар біздің қабылдау ағзамызға аз мөлшерде болса да, біршама әсер етеді.

Әр алуан географиялық жағдайларда өскен және бірдей емес эстетикалық тәрбие алған адамдарда сызықтардың психологиялық әсер алуы да әр түрлі болуы мүмкін. Бірақ көзбен психиканың құрылысымен байланысқан ортақ заңдылықтар бар. Олардың шығармашылық әрекеттерінде тәжірибелік қолданылуы үшін жалпылауға мүмкіндік береді.

48-шы суретте ұсынылған сызықтарды қарастырайық.



Сурет 48. Сызықтардың эмоционалдық айқындығы



а) б) в)
Сурет 49. Динамика дәрежелердегі түрлі фигуралар

Олар өзінің негізінде белгілі бір психологиялық әсерге ие: сызық 1 - жоғары көтерілуді, 2 - төмен түсуді, 3 және 4 сызықтар - динамикалық серпімділікті (икемділікті), 5 сызық - тұрақтылықты, 6 және 7 сызықтар - белсенділікті бейнелейді. Осы сызықтар арқылы пайда болған фигуралар да белгілі бір эмоционалды әсерлерге бөлініп тұрады: біреулері сымбаттылықты (сурет 49, а), енді біреулері - тұрақтылықты (сурет 49, б), ал үшіншілері - белсенділікті (сурет, 49 в) көрсетеді [13].


Ұзына бойына орналасқан сызықтар адам көңіліне беріктікті, негіздікті, ұялатады. Өйткені ол сызықтар бойымен көз жоғары және төмен сырғиды. Ұзына бойына орналасқан сызықтар биіктікті, ұлылықты және қаталдықты бейнелейді. Олар тұрақтылықты, бүгілмейтін қалыпты бейнелейді.

Ендік әсер алу мақсатында көлденең сызықтарды пайдаланған қолайлы. Көлденең сызықтар сызылған кезде кеңдікті, тыныштықтың, тұрақтылықтың әсері елестенеді.

Диагональды сызықтар қозғалысты бейнелейді. Диагональды сызықтар ұзына бойына және көлденең сызықтардың қасиетіне ие, сонымен қатар ауыспалы болғандықтан бағыты мен қисаю деңгейіне байланысты ені мен биіктігін үлкейте немесе кішірейте алады. Дөңгелектенген сызықтар біркелкі немесе үздік болып келеді. Біркелкі қисық сызықтар пішінінің бұрышын доғалдандырып, ауырлығын жеңілдетеді.

Тік бұрыш болып қиылысқан екі сызықтар, 50-ші суретте көрсетілгендей көңілге тыныштық, жинақылық, тепе-теңдік ұялатады. Айқасып жасалған сызықтар адам сана сезіміне үлкен қысым түсіріп


тұрғандай сезінеді. Сондай-ақ, үшкір бұрыш болып қиылысатын сызықтар тыныштық сезімін ұялатады. Негұрлым бұрыш қаттырақ болса, соғұрлым қиылысу нүктесімен бөлінген кескіндердің теңсіздігі көбірек болады.



Сурет 50. Тұзу сызықтардан пайда болатын сезімдер

Көрінетін сызық ұзындығы олардың арасындағы қашықтыққа байланысты. Сызықтар арасындағы кеңістік толтырылуы тиіс, болмаса көңілге бос, аңырап тұрған әсерін ұялатады.

Егер сызықтың жанына нүкте салса, және оны жылжытатын болса, онда нүкте мен сызық араларының қашықтығына байланысты, не тар болу, не болмаса бұзылу әсерін тугызады. (сурет 51, б).



Сурет 51. Нүктемен сызықтың салыстырылуы

Адам қабылдауында елес пен нақтылық түсінігі әр алуан. Көз елесі деп берілген заттың нақтылыққа сәйкес келмейтін көріністі айтамыз.

1. Көз елесінің физикалық себептері. Бұл күн сәулесінің түскен немесе сынған әсерінен заттарды дұрыс бағытта көреінбеу фактілерімен шартталады. Мысалға; суға түсірілген таяқ, серпімді иілгіш болып көрінеді.

2. Физиологиялық себептер- көздің құрылысының орналасу ерекшеліктері (мысалы, әр түрлі көру аумағы үшін қабылдау сезімділігінің бірдей еместігі).

3. Психологиялық себептер үлкен маңыздылыққа ие. Оларға тұтас фигураның қабылдау түсінігі, өткен тәжірибелердің тағылымдық әсері жобаның түсіну деңгейі, бағыты және т.б. жатады.

Сонымен қатар, өз алдымызға пішінге қатысты тақырыпты жоспар етсеміз. Көз елесі, сызықтарға, бұрыштарға, аудандарға, көлемдерге жататын болғандықтан, біздің ынта-көңіліміз соған негізделеді (түстің елесі, қозғалыс әсері қарастырылмауы тиіс).

Елесті қабылдау үшін көңілдің бағыты өте маңызды. Қозғалыспен шартталған елестерде көз көрінісіндегі қосымша элементтер фигураны біртұтас ретінде көру үшін өте маңызды. Егер елес белгілі бір элементтерге тәуінді болса, онда олардың нақыт көрінбеуінен елесте нақты бола алмайды. Сондай-ақ, егер бұл элементтерді көңілге алмай, оларды байқамайтын кейіп таныта болса, елес көрнектірек болады және керісінше, өзгеріп тұратын элементтер жойылған болса, немесе жабылып тұрса, елес көрнектірек бейнелене түседі.

Елестердің жіктелінуі.

Елестерді төмендегідей түрде жіктеуге болар еді:

- екі өлшемдік пішіндік қабылдау елесі.
- үшінші өлшемдегі қабылдау елесі
- пішіннің өзгеруіне ықпал ететін түстер елесі.


Екі өлшемдегі қабылдау елесінің қабылдануы. Екі өлшемдегі қабылдау елесі екі топқа бөлінуі мүмкін:

- көз құрылысының әсеріне байланысты дұрыс қабылданамауы;
- бір мезгілде қосымша көз әсерлерінің салдарынан сызықтардың, бұрыштардың, бағыттардың, шамалардың және пішін ауданының дұрыс қабылданамауы. Бұл соңғы топ көбіне «геометрико-оптикалық елестер» деп аталады.

Елестің бірінші тобы негізделген және қабылдау елесінің көрнекті бейнесі нақты қабыл бола алмайды деп саналады.

Елестік қабылдаулардың қатарына ұзына бойына бағытталған бағыттың көлденең бағыт пен салыстыру көрінісі жатады. Ұзына бойына орналасқан сызықтар көлденең сызықтардан ұзындау болып көрінеді, дегенмен екеуі тең болса да. Соның салдарынан шаршы тікбұрыш болып көрінеді.

52-ші (а) суретінде ұзына бойына сызық көлденең сызықтан ұзындау болып көрінеді, ал цилиндрдің биіктігі оның еніне біршама артық болып тұрғандай, бірақ олар бірдей.



Сурет 52. Елестік: а) екі өлшемдік көрініс қабылдау,
б) ара қашықтықты толтыру

Өте аз қашықтықта бұл елес өте маңызды болып және айырмашылық $1/5$ дейінгі шаманы беруі мүмкін. Бұл елес одан күштірек, егер бұл ара қашықтық үзіктермен белгіленсе. Арақашықтықтың үлкеюінен елес алдымен үлкейеді, сосын тұрақты болып қалатындай сезінеді [14].

Сонымен қатар, көздің жоғарғы бөлігінің ара қашықтығын бағалаймыз: олар көздің төменгі аумақтарына қарағанда, үлкенірек сияқты. Егер ұзына бойына сызықты көзбен екіге бөлсе, онда көбінесе үстіңгі бөлігі астыңғы бөлігінен $1/16$ кішірек болып шығады. $8,3$ сияқты сандарында немесе S әріпінде – үстіңгі бөлігі шамамен астыңғы бөлігіне тең сияқты көрінеді. Егер оларды төңкеріп қойып көрсе, көрнекті түрде бөліктерінің теңсіздігі айқындалады.

Аралықты толтыру елесі. Көзбен көру елесінің әсері толықтырылған арақашықтық толтырылмаған арақашықтыққа тең болса да, көбірек болып көрінедігіне байланысты.

Бөлшектермен толтырылған немесе бөліктерге бөлінген аралық, белгілі шаманың бөлінуі немесе бөлшектенуі кезінде, бас немесе бөлінбеген аралыққа қарағанда үлкен болып көрінеді.

Көлденең жолақшалармен бөлінген тік бұрыш, ұзына бойына сызықтармен бөлінген тік бұрышқа қарағанда биігірек болып көрінеді.

Бұл бірінші тік бұрышта ұзына бойына орналасқан сызықты бірнеше бөлікке бөлгендіктен ұзын болып көрінеді, ал екіншісінде көлденең сызық бөлінгендіктен кіші сияқты көрініп тұр (сурет 52,б).

Толтырылған аралықтың үлкен көрінетін шамасы туралы жағдайлар тұзу сызықтарға да, бұрыштарға да, аудандарға да, және т.б. қолданылады. Бірақ, толтырылған аралықтың қайта бағалануы әр уақытта да жүзеге аса бермейді. Толтырылған аралық үлкен болып көрінеді, егер ортасындағы


бөліну саны көп болса және бір-біріне жақын орналасса (бөлінудің оптикалық саны 7-8 тең).

Егер бөліну саны аз және олар жиі болмаса, иллюзия жоғалып кеткендей болады, тіпті кері қайтымды көрініс пайда болуы мүмкін. Бір ғана көлденең сызығы бар тікбұрыш қарағанда кеңірек болып көрінеді. Бұл жақшалардың шамасы мен жиілігіне байланысты.

Үшкір бұрыштың қайта бағалануы. Көбінесе үшкір бұрыштардың жан-жақтарындағы шамалы қашықтықтар шың мәніндегі шамаға қарағанда үлкен болып көрінеді.


Ал керісінше, үшкір емес бұрыштардың жан-жағындағы 53-ші суретте ортаңғы сызықтар аяғына қарай қосылған және орта бөлігінде ажыраған сияқты болып көрінеді.

Шын мәнінде олар параллель сызықтар. Үшкір бұрыштар қайта бағаланады және А-В бұрышты ажырайтындай болып және жақтары а, в бір-біріне бағытталған сияқтанады [14].




Сурет 53. Үшкір бұрышты қайта бағалау


а




б



Сурет 54. Доғал бұрышбұрыштың толық бағаланбауы.



Сурет 55. Геринг және Вундтың елестері



Сурет 56. Ұзына бойына параллельдер кезінде үзік сызықтардың бірігуі

Доғал бұрыштың толық бағаланбауы. 54-ші (а) суретте бейнеленген параллель сызықтар ең бұрышында шамамен ажырайтын сияқтанады. Егер ұзын параллельді сызықтар көлденең сызықтар мен 45 С бұрыш түзейтін болса, елес қатты әсер ететіні анықталған (сурет 54, б) [14].

Геринг елесінде параллельді сызықтар майысқан және орта бөлігінде ажыраған болып көрінеді. Егер біз бұрыштарды өзгертетін болсақ, онда кері нәтижені ала аламыз және сызықтар фигураның орта бөлігіне жақындай түскендей елестенеді (сурет 55).

Ұзына бойына параллельдер кезінде үзік сызықтардың бірігуі. 56 сурет а сызығының жалғасы d емес d_1 сияқты, ал шын мәнінде олар c түзу сызығында жатыр. Барлық аталған жағдайларда жоғарыда келтірілген ережелерде есте сақтау қажет: жазықтықта параллель сызықтарының арасында қосымша сызықтармен елес жойылып кетеді.

Қарама-қайшылық және теңестіру. Қарама-қайшылық заңдылығы біздің барлық психологиялық іс-әректімізде пайда болып отырады. Барлық жерде қарама-қайшылық бойынша күшейтулер байқалып отырады.

Қарама-қайшылықтар өздеріне еріксіз көңіл аударып отырады және есте жақсы сақталады.

Қарама-қайшылық түстер эмоциялық сезімдерге қатты әсер етеді, адам көңіл-күйінде өткен сезімдерді жандандыра түседі.


Заттарды қабылдау деңгейі бір мезгілде сол затқа ұқсас заттармен бірге немесе керісінше, сол нысандардан қатты ерекше екенін байқауымызға байланысты болып келеді.

Үлкен заттың қасында кіші зат одан да кішірек болып, ашық түс қара түстің қасында – одан да ашық болып көрінеді. Бұл заңдылықтың әсерін кеңістік шамаларында да байқауға болады.


Көбінесе үлкен бұрыштармен қоршалған бұрыш өзіне тең бұрыштарға қарағанда, кіші болып көрінеді (сурет 57, а).

Кіші дөңгелектер арасындағы дөңгелек үлкен дөңгелектердің арасындағыларға қарағанда үлкен болып келеді. Бұрыш ұшына жақын дөңгелек бұрыш ұшынан алыс орналастырылған дөңгелекке қарағанда үлкендеу болып көрінеді.

Екі бірдей екі адамның ұзынарығы жіңішікерек, ал аласа бойлы адам толығырақ болып көрінеді. Бұл аласа тік бұрыштың биік тік бұрышқа қарағанда толық болып көрінетін заңдылыққа сәйкестігін айта аламыз (сурет 57, б).



а




б

Сурет 57. Қарама-қайшылық және теңестіру


Сонымен қатар, карама – қайшылық қандай да бір қажетті ерекшеліктерді көрсете алады. Бірақ карама-қайшылық әсерін тек оған кері көрінісігі ескере отырып қана айқындай аламыз. Яғни, оларды теңестіріп, бірге қарастырамыз.

Теңестіру. Үлкендігі әр түрлі заттар бір-біріне жақын орналасса, онда олардың айырмашылығы аса біліне қоймайды, және заттар бір-біріне толықтырып тұрғандай болады. Бұл көрініс теңестіру немесе үйлесу немесе ассимеляция деп аталады. Екі бірдей дөңгелекті үлкенірек дөңгелек салса, ішіне кішірек дөңгелек орналастырғанға қарағанда, біршама үлкенірек көрінеді. Ішкі дөңгелек В сыртқы А дөңгелегіне қарағанда үлкен көрінетін сияқты, дегенмен олардың шамасы бір-біріне тең (сурет 58, а). Шектеуші жолақшалардың еніне байланысты бірдей қашықтықтар біресе үлкен, біресе кіші болып көрінеді (сурет 58, б). Екі жіңішке сызықтар арасындағы

арақашықтық көршілес шектеулі ені үлкенірек сызықтарға қарағанда кішірек болып көрінеді. Ұзындығы бірдей үш көлденең сызықтар екі жағынан қиғаш сызықтармен шектелген, қиғаш бұрыштар әр алуан. Нәтижесінде, бірінші жағдайдағы сызық басқалардан ұзынырақ болып көрінеді (сурет 59, а). Бұрыштары ішке қаратылған сызықтар – осы сызық ұзындығына тең бірақ қиғаш бұрыштары сыртқа қаратылған сызықтарға қарағанда кішірек болып көрінеді (сурет 59, б).



Сурет 58. Теңестіру




Сурет 59. Теңестіру

Қарама-қайшылықпен теңестірудің қатынасы. Егер қарама-қайшылықпен теңестіру туралы айтылғандардың барлығын салыстырса, онда қиын жағдай туындайды. Бір жағынан қарама-қайшылық белгілі бір қасиетті айқындайды және нақтылай түседі, ал ұқсас көріністер арасында ерекшелік аса байқалмай қалады. Екінші жағынан, ұқсастық та дәл солай әсер етеді-ол ұқсас қасиеттерді күшейтіп, сәйхесттіктерді.

Сызыққа қатынасы бойынша қарама-қайшылықтың негізгі мәні неде екені түсініксіз. Егер нақтылыққа үлкен шаманың кіші шамамен қарама-

қайшылықтың әсерін алсақ, онда түзу сызыққа қарама-қарсы – сынған немесе қисық сызық екені түсініксіз болып қалады. Суреттердегі және басқа да елестік пішіндерге сызықтар бір-біріне келесі түрде байланыса алады:

- бірі-екіншісіне қарама-қарсы болады;
- бірі – екіншісінің артына жалғасады немесе бірі екіншісін қайталайды;
- бірі- екіншісіне кері болады;
- бірі-екіншісіне өзгере отырып және түрлене отырып ауысады.



Сурет 60. Қарама-қайшылықпен теңестірудің ара қатынас байланысы

Егер екі көлденең және тік сызықтар бір-біріне тура бұрышпен бағытталса, қарама-қайшылық болады (сурет 60 а). Егер екі сызық бір-біріне параллельді түрде орналасса, қайталанып отырады (сурет 60 б). Егер түзу бұрышты бірден кесіп өтсе кері түзу пайда болады (сурет 60 в). Ал егер қисық сызықтардың бұрыштары бірдей емес, біртіндеп қосылса онда ауысымдық пайда болады (сурет 60 г,д).


60-шы суретте (А) фигурасында біз қайталауды көреміз. Мұндай мінсіз қайталау «гармония» (үйлесім) терминмен айтылады және бір қалыптықты көрсетеді. (Б) фигурасында сызықтар бір-біріне кері әсер етеді және айқын қарам-қайшылықты көрсетеді. (В) фигурасында жұмсақ ауысымды пішіндерді көреміз. Соңғы жағдайда классикалық эстетиканың жүзеге асуын байқауға болады- көп түрліліктегі бірыңғайлық.

Жалпы ережені былай түйіндеуге болады: Біршама үлкен өлшемдер нақтылай түседі, егер қарама-қайшылық болса, ала аса маңызды елестерді теңесіп, біртұтасып кетеді. Бірақ қарама-қайшылық жүзеге асу үшін салыстырылатын элементтер арасындағы айырмашылық аса үлкен болмауы тиіс. әйтпесе қарама-қайшылыққа қажетті, және ортақ масштаб және қабылдау бірлігі жойылып кетеді.

Қандай да бір қасиетті күшейтуге және айқындауға мүмкіндік беретін қайталау өте маңызды әдіс. Бірақ, өте жиі қайталаулар қайталанатын қасиетті

аса байқалмай қалады. Егер адамның мұрнын шүйіретін болса, және бас киім шляпада мұрын сызығының жеңіл қайталануы болса, онда бұл көрініс оның ерекшелігін айқындай түседі. Бірақ шляпаның және көйлектің барлық сызықтары мұрын қыры сияқты жоғары бағытталған болса, онда соңғы сипаттар жоғалып кетеді (ұқсастық ұқсастықпен жойылып кетеді).

Қабылдау елесі және оларды өзгерту тәсілдері. Үлкен үшбұрыштағы АС қабырғасы кіші үшбұрыштасы АС қабырғасынан үлкен болып көрінеді. Егер бұл қабырғаларын біріктіріп бөлектейтін болса, онда қабылдау елесі кері бағытта кішірейеді және өзгереді (сурет 61. а). Жабық кескінді фигура ашық кескінді фигураға қарағанда кішірек болып көрінеді [15].



Сурет 61. Көрініс қабылдануы және өзгеру тәсілдері

Ашық кескінді жарты дөңгелектің радиусы жабық кескінді дөңгелектің радиусына қарағанда үлкендеу сияқтанады (сурет 61. б).

Бір фигураның шектілігі мен жабықтығы, сондай-ақ екіншісінің шексіздігін бір фигурада біріктіруге болады. Ашық контурлы емес қандай да бір пішіннің өлшемін үлкейту кезінде барлық жағдайларда қолдана аламыз. Мұндай елесті мысалы, шатыры шишадан жасалған гимаратта, интерьерде мөлдір қабырғаларды қолдану кезінде, гимарат ауданын үлкейту мақастында шишадан немесе айнектен жасалған витражда байқауға болады.

Фигура бөлшектерін бөлу тәсілдері. Фигураның нақты бір қырын қалай ерекшеленетінін көрсетуге болады:

1. Қоршаған ортаның элементтері мен қарама-қайшылықтар арқылы
2. Абсолютті және салыстырмалы шамамен барлық ерекше өлшемдер назар аударғызады.
3. Орталық түзетін элементтер – сызықтардың қиылысу пункті, кульминациялық нүкте және т.с.с.
4. Түс айырмашылығы.

Басты бөлшектерді ерекшелеу құрамына сызықтар қиылысатын, кульминациялық нүкте орталығы жатады. Егер пішіннің барлық сызықтары бір нүктеге бағытталса, ол нүкте ерекше мәнге ие болады. Тіпті ол анық

көрінбеседе, біз оны көрінетін сызықтардың арасында елестейміз. Бұндай жағдайда сызықтар пішін жағынан сәл иіліп өтсе, заттың үстінде биік жерге қиылысса, онда ол өте биік болып көрінеді.

Сыртқы қабатының рельеф үлкен болса, онда оған ерекше көз түспес үшін оған ешнәрсе араластырмаған жөн.

Дайындалуға арналған сұрақтар.

1. Пішіннің шамасына сипаттама беріңіз?
2. Пішіннің массалығына сипаттама беріңіз. Оның геометриялық түр сипатын байланысы қандай ?
3. Жарық көлеңке дегеніміз не?
4. Фактура дегеніміз не?
5. Жазықтық бетінде жарық түсу тәсілдері бойынша фактура қалай бөлінеді?
6. Адамға әсер ету күші бойынша фактураны қалай бөледі?
7. Силуэт дегенді қалай түсінесіздер?
8. Пішін серпінділігі дегенді қалай түсінесіздер?
9. Элементарлы пішінді қалай түсінесіз?
10. Баздық пішінді қалай түсінесіздер?
11. Пішін құрылымы дегенді қалай түсінесіз?
12. Құрылымдық пішіннің қандай белгілері болады?
13. Пішіннің қандай сипаттары оның ұйымдасуын анықтауға мүмкіндік береді?
14. Құрылым қандай қасиеттерге ие болу керек?
15. Пішіннің дамуындағы қандай кезеңдердің байқауға болады?
16. Оптикалық елесті қалай түсінесіз?
17. Сызықтардың әр алуандығы қандай эмоционалды топтарға бөлуге болады?
18. Пішінді қабылдауда тік сызықтар қалай әсер етеді?
19. Пішінді қабылдауда көлденең сызықтар қалай әсер етеді?
20. Пішінді қабылдануда диагональды сызықтар қалай әсер етеді?
21. Көз елесі дегенді қалай түсінесіз?
22. Қандай көз елесінің пайда болу себептерін білесіз?
23. Елестердің жіктелінуі?
24. Екі өлшемдік елестің қабылдану сипатын беріңіз?
25. Үшкір бұрыштың қайта бағалану және үшкір емес бұрыштың жеткіліксіз бағалану түсінігін түсіндіріңіз?
26. Толтырылған аралық елесін қалай түсінуге болады?
27. Қарама-қайшылық елесі және теңестіру көріністері қандай жағдайда пайда болады?
28. Қарама-қайшылық пен теңестірілу елесі қалай қарым-қатынас жасайды?
29. Фигура бөлшектерін бөлу тәсілдерін атаңыз?
30. Оптикалық реттеулер (коррективтер) не үшін қолданылады?

Тәжірибелік тапсырмалар

№1 жаттығу. Түсі мен фактурасының өлшемін өзгеруіне байланысты қара, қызыл, сары, жылтыр, тегіс қара және т.б. өзгеруін бақылаңыз.

№2 жаттығу. Түсі мен фактурасы әр алуан (5-6 нұсқа) жазықтықтарда ақ түсті дөңгелек өлшемін өзгеруін, сосын қара түсті дөңгелектің өлшемін бақылаңыз.

№3 жаттығу. Бір пішін мысалында (шаршы, тіктөртбұрыш, дөңгелек және т.б.) ұзына бойына және көлденең сызықтардың бөліну әсерін бақылаңыз.

№4 жаттығу. Біреуі екіншісінің ішінде орналасқан әртүрлі екі фигураның дұрыс өлшемдік қатынасын табыңыз.

№5 жаттығу. Әртүрлі жағдайдағы сызық пен нүктені зерттей отырып, адам көзіне олардың оптикалық әсерін бақылаңыз.

3 - тарау

3. Пішін үндестігінің құралы

3.1 Пішін элементтерінің шамаластығы

Белгілі бір нысанмен жұмыс істеп отырған суретші көркем шығармашылық арсеналдың барлық құралдарын қолданады.

Ол алға қойылған мақсат – пішін көркемдігі мен жасалып жатқан нысанның эмоционалдық құрылысына тікелсіз байланысты.

Ырғақтық және метрикалық заңдылықтарды, пропорционалдық тәуелділіктерді, қарама-қайшылық және нюанс қағидаларын, түстің көркем сапасын тектоникалық шешімдердің мүмкіндігін, пішін бөлшектерінің масштабты және стилистикалық үйлесімділігін қолдана отырып, суретші бұйымның адамға эмоционалды әсер беретіндей ерекшелігін тауып, жасай алады.

Шамаластық – бөліктердің белгілі бір дәрежедегі өзара қатынасы. Шамаластық композиция заңдарының бірі болып табылады. Кез келген өнер туындысы бірнеше бөліктерден тұрады; кейде біршама көп бөлшектерден тұрады.

Бір бөлігі біздің көңілімізді ерекше ауласа, екіншісі аздап аулайды. Ол әдетте суретшінің көлем, түс, пішін, теңдік, ырғақтық және қозғалысты өзара байланыстыра отырып, жасаған нысанның мәндік құндылығында. Шамаластық заң бізді қоршаған табиғатқа да, қоғамдық өмірде де бар. Бұл заң өнердің барлық түрінде де, жанрын да бар.

Шығарма бөліктері мен элементтерінің шамаластығы сәулет, мүсін, графика және т.б. кездеседі.

Адам көзінің нысанның бейне және жан-жақты пішін ретінде бірге көретін қасиеті бар. Егер суреттің екі бөлігінің бейне тартымдылығы бірдей болса, онда олар тең дәрежеде болады, яғни көрерменнің зердесін бірдей дәрежеде аулайды.

Егер нысан – орташа көлемді, ашық түсті болса – жеңіл көрінеді.

Ал егер нысан – жіңішке көлемді және қамық түсті болса, ауыр көрінеді. Осылайша, бір өлшемділік, яғни объект бөліктерінің өзара байланысы көлемділік, масштабтық және сызықтықпен анықталады [13].

3.1.1 Композицияда қолданатын пропорционалдық әдісі

Жоғарыда айтылғандай композиция деген – барлық элементтерді бір жүйеге келтіру құралы. Бұл мәселені шешу композициялық әдіс және құрал арқылы жүзеге асады. Олардың ең маңыздысы пропорциялау, оның көмегімен жобаланып жатқан нысанның үйлесімділігі мен пішіні түзіледі. «Пропорция» сөзін б.з.д. I ғасырда Ежелгі Рим ораторы Цицерон Платонның «аналогия» терминін латын тіліне аударып «ара қатынас, байланыс» деп қолданысқа енгізген болатын.

Барлық дәуірде және замандарда пропорционалдық сұлулықтың міндетін талаптарының бірі болды. Ежелден бастап адам табиғатың өз заңдылығын сақтай отырып, тынымсыз қозғалысты және өзгерісті бір-бірімен тығыз байланыста болатынын байқаған. Ежелгі Грецияда классика дәуірінде үйлесімді жайында біршама түсінік пайда болды. Олардың ішінен Пифагор ілім өшпес із қалдырды. Пифагор ізбасарлары әлем, ғарыш, табиғат және адамды бір біртұтас дүние ретінде, бір-бірімен тығыз байланыста және үйлесімді етіп көрсетті.

Үйлесімділік табиғатқа және өнерге тән нәрсе «әуен ырғағы үшін де, планета үшін де, бір заң бар». Пифагорлықтар және оның ізбасарлары әлемнің барлық заттың дүниесіне сандық мән іздеді. Олар әуен негізінде математикалық пропорция жатқанын байқады. Пифагорлықтар, әлем бірлігін математикалық түрде негіздегісі келді, симметриялы геометриялық формалар жаратылыс негізі деп тұжырымдады.

Пифагорлықтар сұлулықтың математикалық негізін іздеді. Олар адам денесінің пропорцияларын есептеп, сұлулықтың математикалық канонын бекітті, соның негізінде мүсінші Поликлет «Канон» атты мүсін жасады. Грецияның барлық классикалық өнері пифагордың пропорция туралы ілімін негізге алады. Орта ғасыр ғалымдары, қайта өрлеу, жаңа заман, тіпті біздің заманауи ғылымы мен өнерінде оның әсері қалды. Пифагорлардың ізінше орта ғасыр ғалымы Бонувинтура; «Пропорционалдықсыз» сұлулықта рахатта жоқ, ал пропорционалдық ең алдымен сандарда. Бәрі міндетті түрде есепке түсуі тиіс. Леонардо до Винчи өнерде пропорцияны қолдануы жөнінде өзінің трактатында жазған: «Шебер өз пішінінде заңдылық табиғатындағы пропорцияны қолданады. Пропорция және өлшемділік үйлесімділіктің басты талабы болып табылады.

Пропорционалдық – сызықтық, аудандық, өлшемдік қатынастары үйлесімді байланысқан элементтер мен бөлшектердің өзара бағыну өлшемге келуін сипаттайтын түсінік.

Л. Б. Альберт архитектуралық құрылыстың сұлулығы туралы былай жазады; «сұлулық қосып, азайтып өзгертуге болмайтындай және барлық біріккен бөлшектердің үйлесімділігі; оның құрамы бір бірімен байланысты болуға тиіс».

Композицияда өлшем бірлік қатынастарын – сызықтық, аудандық, көлемдік пропорция дейді.

Композицияда өлшемдік бірліктің кез келген мөлшерін **пропорция** деп түсінеді.

Композиция жасау кезінде пропорция тұтас дүниемен оның бөлшектерінің арасындағы үйлесімділік қатынасты анықтайтын басты реттеуші құрал. Басқаша айтқанда, пропорция деген – тұтас дүниенің құрамындағы бөліктерін қосатын байланыс және бір өлшемнен басқа өлшемге жылжитын қозғалыс.


Өнердің түрлі саласында; сурет, сыршырай, сәулет, мүсін – пропорцияларын меңгеріп, оқуға біршама сәбек зерттеулер жұмсалып жатыр. Осы барлық

жүйелердің негізінде нақты бір математикалық және геометриялық заңдылықтар жатыр.

|| Пропорциялар **арифметикалық** (рационалдық) және **геометриялық** (иррационалдық) болады.

Арифметикалық пропорцияға бүтін сандардың мөлшерлік қарым қатынастары жатады. Пішінді құрайтын рационалдық ара қатынастар 2:3, 3:4, 5:6 бүтін сан ретінде модульдің ішіне кіреді. Арифметикалық қатынастар композицияда, болшектердің бүтін элементке бағынуын көрсетуге қолданады.

Геометриялық немесе иррационалдық пропорцияларға геометриялық заңдылыққа негізделген ара қатынастар жатады. Ондай пропорционалдық қатынасқа мысал ретінде квадрат қабырғасының оның диагностика қатынасын, сонымен қатар тең қабырғалы үш бұрыштың негізінің жартысының оның биіктігіне қатынасты алуға болады 62 (а, б). Суретінде арифметикалық және геометриялық пропорция мысал келтірілген.



Сурет 62. Пропорция мысалдары а) арифметикалық, б) геометриялық, «алтын кесу».


Ежелден пропорционалдықта сұлулықтың объективті негізін байқаған. Көптеген әйгілі суретші, сәулетші, пәлсапашілер және ғалымдар үйлесімділік негізінде жатқан пропорция заңын шешуде көп үлесін қосты.

Өнердің әр даму сатысында пропорция құрастырудың әртүрлі әдістері қолданылды. Осылайша, Ежелгі Мыср өнерінде көптеген сәулеттік туындыға негіз болған торлы квадраттар қолданылған.

Антикалық кезеңде жаңа жүйе қалыптасты. Квадрат пропорция құрылысының негізі болып қалды, бірақ модульдік жүйемен бірге ежелгі гректер кейіннен «алтын қима» атауын алған пропорционалдық салдар жүйесін қолданды.

«Алтын қима» (алтын орталық) – иррационалды арақатынас болып табылады. Бұл пропорцияның мәні мынада; кіші бірлік үлкен бірлікке қалай қатысты болса, екі бірліктің мөлшері үлкен бірлікке соншама қатысты.

«Алтын қима» принципі бойынша бір қиындыны бөлу керек болса, оны 1 деп алсақ, онда оның бөлшектері 0,618; 0,382 мәніне ие болады. Шамамен бүтін сандарда «алтын орталық» мынадай болады; 3:5, 5:8, 8:13, 13:21 және т.б.



Сурет 63. Ежелгі квадраты

62(в) суретінде «алтын орталық» принципі бойынша екі геометрикалық ұқсас емес қиындылар көрсетілген.

Қайта Өрлеу дәуірінің суретшілерінің салған адам денесі бөлшектерінің пропорционалдығымен, үйлесімділігімен, әдемілігімен ерекшеленеді. Сол кездің итальян суретшісі Леонардао да Винчи адам анатомиясын зерттеуге көп уақыт бөлген.

Адам денесінің ең алғашқы канонын ол біраз өзгерткен болатын. Адам денесінің пропорциясының алғашқы сызбасы «Ежелгі квадрат» деп аталады (63- сурет). Леонардо да Винчи адам денесін өлшеп, әр бөлшекті салыстырып отырып, физикалық-гармонияның үлгісі болатындай идеалды пропорцияны табуға тырысты. 64-65 - суреттерде қайта Өрлеу дәуірінің шеберлерінің көркем шығармашылық иллюстрациялары көрсетілген.



Сурет 64. Леонардо до Винчи (1452-1519). Мона Лиза, Джоконда.



Сурет 65. Рафаэль (1483-1520).
Хуанна Арагонская .

Пропорция композицияның негізгі құралдары болып табылады. Себебі; оның көмегімен жобаланып жатқан объектінің үйлесімділігіне және оның пішіннің жақсы үйлесуіне кол жеткізуге болады.

Пропорция – есептеген өлшемдік жүйе, онда пішін элементтерінің қатынасы пішіннің көлемдік-кеңістіктің құрылымын түзеді. Пропорция бар жерде, пішіннің тұтастылығы да бар.

Пішін биіктігінің оның еніне қатынасы секілді түрлі қатынастар объектінің әр түрлі болуына әкел соғады.

Пропорциялау шығармашылық әлемде тең гармониялық тұтастықты ұйымдастыру құралы ғана емес, ол сонымен қатар бастапқы пішінді модификациялау әдісі болып табылады және бөлшектерінің немесе элементтерінің пропорциялық қатынасын өзгерте отырып, мүлде жаңа түр алуға болады (66- сурет).



Сурет 66. Пропорциялау пішінің модификациялау әдісі

Объект пішінінің модификациясы ары қарай дамуға, бір түрден екінші түрге ауысуына әкеп соғады. Осылайша, пропорциялау пішін түзудің ең тиімді құралы болады.

Пішін – ішкі дененің сыртқы көрінісі, сондықтан үйлесімді пропорцияны табу оның ішкі құрылысымен, заттың негізгі мәнімен және көркемдік образдық бастамасымен тікелей байланысты. Мысалы; кішкентай баланың денесін суреттей отырып, оған ересек адамның пропорциясын қоссақ, онда бала смес, лилипут түзілер еді. Ал бұл жағымды елес, жағымсыз әсер қалдырар еді. Себебі оның бастапқы негізі дұрыс, табиғат заңына сәйкес құрастырылған.

Пішін қанша математикалық, геометриялық тәуелділіктерге сай жасалса да, өзінен өзі үйлесімді болып шыға келмейді. Тек егер осы математикалық, геометриялық қатынастар барлық факторлармен үйлесімді, өлшемдері нақты, заңдылыққа және тәртіпке сай топ ғана көздеген мақсатқа жетуге болады.

Көптеген қатынастар адам шығармашылығында ең жақсы деген атақ алып, жиі қолданылады. Адам қоршаған ортаны, тірі және өлі табиғатты бір-бірімен үйлестіре отырып, өз сезімдерін оятады. Адамдар әдетте осы табиғат заңдылығын өз шығармашылығында қолданылады.

Көбіне логикалық түрде қажетті пішінді алып қарастырамыз. Бірақ оның пішіні бір қалағанда идеалды болмағандықтан бір жерін үлкейтіп, бір жерін кішірейтеміз. Осындай сәтте үйлесімді құралы ретінде пропорциялау көмекке келеді. Графикалық-математикалық заңдылықты сақтай отырып, түзетулер жүргізіледі.

Демек, пропорционалдық сандық қатынас шар мен өлшем бірліктің ретінде композицияның ең жағымды қасиеті болып табылады, ал пропорция оның негізгі құралы.

3. 1. 2 Масштабтылық - композициялық құрал

Масштабтылық - затты көркем жобалауда пропорцияларды іздегенде композиция құралдарының бірі.

Адам өміріндегі өздері жасаған материалдық орта мейлі, ол ғимарат, тұрмыс заттар немесе киім болсын, бәрінде масштабтылық болуы тиіс, яғни олар адамға жарасымды, пайдалануға ыңғайлы болулары керек. Мысалы, жиһазды көркем жобалағанда оның жалпы пішінімен бөлшектерін анықтағанда, тек олардың эстетикалық параметрлері ғана емес, сонымен қатар, эргонометрикалық параметрлері де (орындықтың биіктігі мен тереңдігі, арқалығының конструкциясы, шкаф есіктерінің тұтқаларының орналасу биіктігі және т.б.) есепке алынуы тиіс.

Көркем жобалау үрдісінде бөлшектерді көлеміне қарай үйлесімді орналастыру зат пішінінің пластикалық артықшылықтарын ғана айқындап қоймай, сонымен қатар, бұл - заттың эмоционалдық әсерін күшейтеді, оның кейбір кемшіліктерін жасырады.

Масштабтылықты дұрыс анықтау пропорциялықпен тікелей байланысты. Жобаланатын нысанда пропорциялықты іздеу барысында, бұл элемент пішіні заттың көлеміне, алаңына, басқа бөліктермен сәйкес бола ма деген сұрақ туындайды.

Нысанды жобалауда бөлшектері оның пішіні айқындап, бұйым құрылымын анық көрсетуі тиіс. Себебі олар пішіннің конструктивті құрылымына тікелей тәуелді болады.

Пішінді және оны құрайтын элементтерінің көлемдерін өзгерту арқылы жаңа көріністер алуға болады. 67 суретте көрсетілген заттардың сәнді безендірулерден кейін қандай өзгерістерге ұшырағандығы айқын көрінеді. Ірі сурет пішінді үлкен көлемді етіп көрсетеді.



Сурет 67. Заттың бейнелік өзгеруі

Бірдей көлемдегі үш затқа бірдей көлемдегі сәнді қыстырма қойылған. Біріншісінде безендіру суреті қыстырманың барлық енінде орналасқан. Екіншісінде, сол сурет өзгертілген масштабпен екі қатар орналастырылған. Үшіншісінде сол сурет одан әрі кішірейтіліп, үш қатар орналастырылған.

Көлем шеңберінен шығып, бөлшектерді өте үлкен немесе өте кіші жасағанда масштабтылық бұзылады, композиция нашар болып көрінеді.

Пайдаланылатын материал суреті пішіні ірі етіп немесе кіші етіп, оны массивті және монументальды етіп көрсетеді.

Сурет пішінде қалай орналасуына байланысты оның бөлшектердің үйлесімдігін бұзады немесе біріктіреді, затты эстетикалық жағынан қабылдауға ықпал етеді. Сонымен, суреті бар материалмен жұмыс істеу жауапты және күрделі деп айтуға болады [15].

Олай болса, зат композициясында масштабтылықты дұрыс таңдау өте маңызды міндет болып табылады.

Сәулет және басқа өнер түрлеріндегі секілді қолданбалы және өнеркәсіптік өнерде үлкен және кіші заттар пішіндерін орналастыру қағидаларына байланысты сұрақтар, заттың сыртқы бейнесінің үйлесімділігі сұрақтарының маңызы үлкен.


Бұйымдардың функционалдық, көркемдік және басқа сапа көрсеткіштерінің бір-біріне сай келуі, үйлесімділігі композициялық шешімге байланысты.

Суретші шығармашылығында кейде біртектес заттар тобын жасау міндеті тұрады. Олар, мысалы, әртүрлі көлемдегі, бірақ бір мақсаттағы құрал-саймандар (ара, балға, қайшы, т.б.), әртүрлі ыдыстар (кастрюль, қасық, рюмкалар), жиһаздар (орындық, стол, төсек, т.б.), ересектерге немесе балаларға арналған болуы мүмкін.

Көп жағдайда суретшілер осы заттар тобындағы заттардың көлемін өзгертеді, яғни олардың абсолютті көлемдерін пропорционалды үлкейтеді немесе кішірейтеді. Заттардың атқаратын қызметтері бірдей болғандықтан, оларды пайдаланатын адамдарға сәйкес, пішіндері бірдей, бірақ көлемдері әртүрлі болуы тиіс деп санайды.

Бұл дұрыс көзқарас па? Үлкен және кіші заттар бірдей пропорцияда болуы мүмкін бе, олардағы бөлшектері де бірдей болғаны дұрыс па деген сұрақтар туындайды.

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін табиғаттағы үлкен және кіші организмдердің құрылымын қарастырып көрейік. Олардың пішіндері ұқсас па? Мысал келтірейік. 68 суретте адам пішінінің екі силуэтті берілген. Екі силуэттің биіктіктері бірдей, бірақ сол жақтағы – баланың, ал оң жақтағы – ересек адамның силуэтті екендігі бірден байқалады.



Сурет 68. Ересек және жас бала тұлғалардың бөліктерінің пропорционалдық қарым-қатынастары

Мұнда неліктен қателік жоқ? Себебі суреттегі екі силуэттің биіктігі бірдей болғанымен, бір-бірінен конфигурация, жалпы пропорциялар, бөлшектер пішінімен және көлемімен ерекшеленеді.

Адам табиғаттағы үлкен және кіші пішінді организмдермен жиі кездесетіндіктен, оларды бірден интуитивті қатесіз тапиды.


Бұл ерекшеліктердің қайталану заңдылықтарының негізінде ірі және кіші пішіндегі организмдерді қабылдауда қателік кетпейді.

Табиғаттағы бұл ерекшеліктерді табу және олардың кездейсоқ емес екендігіне көз жеткізу арқылы, көп жағдайда олар жиі қайталанатындықтан, заңдылық деп атайды. Сондықтан, өсімдік және жан-жануарлар әлемінен көптеген мысалдарды қарастыру қажет.

Өсімдіктер мен жан-жануарлар пішіндердің құрылыстарын талдау арқылы, олардың өсу және даму үдерістерін бақылау арқылы ірі және кіші организмдер пішіндерінде төмендегідей жалпы заңдылықтар бар екендігіне көз жеткізуге болады:

|| Организм кіші болған сайын оның пішіні біртұтас, қарапайым, яғни жалпы суреті де, жалпы пропорциялары да қарапайым болады. Ал, организм ірі болған сайын, оның формасы да күрделі, «бай» көрінеді.

69 (а) суретте бөлме өсімдігі жапырағы пішіннің өсімдіктің өсуіне қарай болған өзгерістер көрсетілген. Жаңадан өсіп шыққан жапырақ қарапайым, жартылай дөңгелек формасында болады, жоғарғы жағы аздап сүйірлеу, төменгі жағы жалпақ, біртегіс болады. Жапырақ өскен сайын контуры өзгере береді, төменгі жалпақ жағы біртіндеп жіңішке береді де, жапырақ пішіні күрделене түседі.



Сурет 69. Пішіндердің өсу эволюциясы

Жапырақ пропорциясы да өзгеріске ұшырайды, кіші жапырақтағы енінің биіктігіне қатынасы шамамен 1:1.5 болса, орташада - 1:2, үлкен жапырақта - 1:3 болады.

69 (б) суретте раушан гүлінің өзгеру эволюциясын көруге болады. Гүл ағашында бүршік, түйір домалақ түрінде болса, гүл өскен сайын бүршік ашылады.

Алғашында гүлдің профильдік сызығы біртекті, қатал. Ал үшінші кезеңде гүл ашылып, жапырақшалары кеңінен таралғанда, гүлдің жапырақшаларының жоғарғы жақтары төмен қарай қайырылады. Контур сызығы өте «бай», бірақ салбыраңқы, «шаршаған» кейіпті білдіреді. Гүл бұдан ары қарай өспейді.

69 (в) суретте саңырауқұлақ пішіндерінің әр түрлі көлемдері салыстырылған. Алғашқы кезеңде – саңырауқұлақ өте кішкентай және пішіні де қарапайым және біртұтас; оның қалпағы мен аяғы бірігіп тұр. Орта көлемдегі саңырауқұлақ пішінінде қалпағының аяқтан бөліне бастауына байланысты, ол «бай», күрделірек көрінеді. Соңында – үлкен саңырауқұлақ. Қалпағы горизонтальды тік және өте күрделі пластикалық силуэт құраған. Саңырауқұлақтың өсу үдерісінде пропорция да өзгеріске ұшырайды; кіші саңырауқұлақта қалпақ диаметрінің биіктігіне қатынасы өте жақын, ал саңырауқұлақ өскен сайын пропорция да өседі. Аяқ пропорциясы да дәл осындай өзгеріске ұшырайды.

Пішіннің күрделену заңдылығын және жалпы пропорцияның кішіден үлкен организмге қарай өзгеруін жан-жануарлар әлемінен де байқауға болады.

Кіші организмнің бөлшектері дамымаған пішіні және пропорция жағынан қарапайым, ал үлкен организмнің бөлшектері күрделі болады.

70 (а) суретте кіші гүл бүршігі пішіні қарапайым, біртегіс, ал үлкенінің пішіні – күрделі, екі бөліктен тұрады және рельефті жоғарғы жағы қатпарлы. Үлкен үйеңкі жапырағының кейбір детальдары кіші үйеңкі жапырағының сондай бөлшектерінің өзгеше; үлкенінде қосымша өскіндер бар, жиі тілгіленген және күрделілеу.

71 суретте сусынға арналған ыдыстар жинағы (сервиз) бейнеленген. Ол үлкен ыдыстан және бес кішкене ыдыстан тұрады. Кіші ыдыстар қарапайым, силуэттері біртұтас. Үлкені мен кіші ыдыстарды бірдей етіп жасау дұрыс болмас еді.

а



б

Сурет 70. Пішіннің өзгеруі
а) бұршақ, б) үйеңкі жапырағының өсу өзгеруі



Сурет 71. Жинаққа кіретін үлкен және кіші пішіндердің шешімдері

3.2 Композиция элементтерінің келісімділігі

Келісімділік – заттар элементтерінің пішін бөліктерінің бір-біріне сәйкес келуі. Пішінің негізгі элементтерінің келісімділігіне біртектес элементтерді (сызық, пішіні, түс, фактура) дұрыс байланыстыру арқылы жетуге болады.

Келісімділік - қарама-қайшылық, нюанс және тепе-теңдік арқылы анықталады..

Композицияның әрбір жеке элементінің оқшау түрде болмайтындығы, басқа элементтермен және пішіндермен байланыста болатындығы композицияға тән сипат болып табылады. Сондықтан, көрермен композицияға назар аударғанда, оның элементтерін бір-бірімен салыстырады.

3.2.1. Қарама-қайшылық, нюанс және тепе-теңдік.

Композицияның жеке элементтерін бір-біріне қарсы қою үш нұсқада мүмкін болады. Олар: қарама-қайшылық, нюанс, тепе-теңдік. Олардың ішіндегі ең белсендісі – қарама-қайшылық.

|| **Қарама-қайшылық** дегеніміз – біртектес қасиеттер арасындағы айырмашылықтардың айқындала түсуі.

Элементтердің қарама-қайшылық қатынасы жайлы айтылғанда үлкен мен кішіні, қараңғы мен жарықты, тегіс пен бұдырды және т.б. салыстырады.

Көркем шығармашылықтағы қарама-қайшылық арқылы жасалған бұйымдар өте манызды болып келеді, себебі, композицияның көркемдігі оның қарама-қайшылығына байланысты. Композицияда бір-бірімен әртүрлі ғана емес, сонымен қатар, қарам-қайшылық элементтері: көлем мен жазықтық, жарық пен көлеңке, үлкен мен кіші, жақын мен алыс, суық пен жылы түстер де үйлеседі.

Қарама-қайшылықтың деңгейі дизайнердің шығармашылық сезімталдығына, тәжірибесіне және жобаланатын заттың пайдалану мақсатына қарай анықталады. Қарама-қайшылықтың жетіспеушілігі композицияны солғын көрсетсе, қарам-қайшылық артық болса заттың композициялық бірлігін бұзады. Сондықтан, қарам-қайшылықтың деңгейі композицияның біртұтастығын сақтайтындай дәрежеде болуы тиіс.

Нюанс қарама-қайшылыққа қарсы болып табылады.



Нюанс – жұмсақ, әзер байқалатын ерекшелік.

«Нюанс» сөзі «ауытқу», «әзер байқалатын өту» деген мағына береді. Мысалы, қарам-қайшылық ақ пен қара түстерді салыстырғанда, екі түс пен олардың арасындағы шекара ғана байқалады, нюанстық қатынаста ақ түстен қара түске өту біртіндеп жүзеге асады. Сонымен, нюанс дегеніміз біртұтас заттардың, бұйымдардың геометриялық денелердің құбылыстардың бір-біріне ұқсастығы.


Тепе -теңдік дегеніміз – композициядағы элементтердің көлемінің, пішінінің, фактурасының және тағы басқа қасиеттерінің толық ұқсастығы.

Суретші композицияның басқа құралдары секілді қарама-қайшылықты, нюансты және тепе-теңдікті еріксіз таңдамайды, көптеген факторларға сүйеніп пайдаланады. Ол факторларға жататындар: заттың қолданылу мақсаты, конструкциясы, образдық шешімі және т.б. Қарама-қайшылық және нюанстық белгілер айқын көріну үшін композицияда нені айқын, анық көрсету қажет, керісінше, нені бүркемелеп, жасыру қажет екендігін алдын ала білу керек.

72 суретте пішінге кіретін элементтердің геометриялық түрлерінің қарама-қайшылық, нюанстық және тепе-теңдік үйлесімділігі бейнеленген.



Сурет 72. Қарама-қайшылық, нюанс және тепе-теңдік элементтердің пішін құру үдерісі



Сурет 73. Тепе-теңдік, нюанс және қарама-қайшылық принциптерінің геометриялық түрлері

73 суретте бейнеленген заттардағы қарам-қайшылық, нюанс және тепе-теңдік пішінінің бір ғана элементі арқылы көрсетілген.

Бірінші аспалы шамының пішініне ұқсас цилиндр тәрізді бөліктерден құралған, алғаш қарағанда статикалық, бірқалыпты болып көрінеді. Біртіндеп, бөліктердің қайсысы үлкен екендігін еріксіз салыстыра бастайсыз.

Екінші аспалы шамы бір-біріне ұқсас геометриялық пішіндерден құралған, олар сызықтарының әртүрлілігімен ғана ерекшеленеді. Стол шамы пішіні силуэт сызықтарының пластикалығына және бөліктердің қатынасына қарай жеңіл және тыныштық сезімін тудырады.

Аспалы шамының үшінші нұсқасы бір-бірінен геометриялық түрі жағынан өзгеше бөлшектерден құралған, сондықтан, динамикалық және импulsивті болып көрінеді.

Дәл осындай әсерді стол сағаттарының мысалынан да алуға болады. Бірінші көріністе пішін түрлері және көлемі жағынан бірдей бөліктерден құралған, екіншіде – нюанстық, үшіншіде – қарам-қайшылық бөліктерден құралған.

Бір композицияда қарама-қайшылық, нюанс бірдей пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, композициялық орталықты ерекше бөліп, басқаларды оған бағынышты етіп көрсету үшін, басты элемент басқа элементтермен салыстырғанда қарама-қайшылықты болуы керек, ал қалғандары өзара нюанстық қатынаста болады.

Қарама-қайшылық композиция өте айқын, белсенді көрінеді, өйткені екі бөлікті бір-біріне қарсы қою оны ерекше көрсетеді [15].

Нюанс болса, композициялық құралдардың ішіндегі ең нәзік, сезімтал құрал болып саналады. Нюанс қолданылған зат композициясы бірден көзге түспейді, оның эстетикалық артықшылықтары біртіндеп байқалады, ол үшін оны мұқият қарау керек. Нюанс үйлесімділікке жетудің басты құралы болып саналады.

Сонымен, қарама-қайшылық немесе нюансты таңдау заттың пайдалану мақсатына байланысты болады.

Жарық пен қараңғы қарам-қайшылық, яғни өңдік қарам-қайшылық композицияға ерекше серпінділік береді. Ақ пен қара түстердің қарам-қайшылығы ерекше айқын көрінеді.

Қарама-қайшылық өңдер үйлескенде олардың ішіндегі аз көлемдегі түс белсенді көрінеді.


Композицияда ең көп қолданылатын түс қарам-қайшылық болып табылады. Қарам-қайшылық түс композициясы, қарапайым зат пішінін ерекше көркем көрсете алады.

Әртүрлі заттардың композициясын құруда, қарам-қайшылық бір-екі жағдайда ғана қолданып, қалғандары нюанс қағидаларына сәйкес құрылуы тиіс. Қарам-қайшылық пішінде, өңде, түсте, фактурада бір мезгілде пайдалану композиция бейнесін солғын, түсініксіз етеді.

74 (а) суретте келтірілген стол шамының пішіні – жоғарғы жағы трапеция тәрізді төменгі жағы – сопақ (овал) бөліктерден құралған. Мұндай шешім композицияны ерекше көрсетуі тиіс еді, бірақ композиция солғын шыққан. Мұның себебі, композицияда тағы бір – фактура қарама-қайшылық пайдаланылған. Пішінің жалпы үйлесімділік жағынан сәтті шешу үшін теңдес фактуралар мен бір түсті пайдалану керек.

74 (б) суреттегі екінші стол шамының нюанстық үйлесімділігі пішінге тұрақтылық және нақтылық сезімін береді.

74 (в) суреттегі үшінші стол шамы пішінінің композициясы теңдік қағидасымен құрылған. Бөліктерінің пішіні де, фактурасы да бірдей, сондықтан заттың образдығы, танымдылығы жойылған.



а

б

в

Сурет 74. Пішінмен фактурадағы а) қарама-қайшылық, б) нюанс в) тепе-теңдік түрлерін қолданған кезеңіндегі композицияның бұзылу жолдары

Белсенді қарам-қайшылық композиция адамды тез шаршатады. Ал нюансты композиция тыныштық, тұрақтылық, теңдік сезімін тудырады. Композицияның бірқалыпты сипатын, оған қосымша қарама-қайшылықты қолданып өзгертуге болады. Мұнда композиция бірлігі бұзылмайды, ал зат образы өзгеріске ұшырайды.

Басқаша айтқанда, нюанс қағидасы қолданылған зат композициясын өзгерту мүмкіндігіне үлкен үлес қосады.

Белгілі композициялық құралды – қарам-қайшылықты немесе нюансты таңдау көптеген факторларға байланысты. Қарам-қайшылық тиімді композиция құруға мүмкіндік береді. Бірақ, қарам-қайшылық көмегімен заттан үйлесімділік біртұтастығын көрсету қиын екендігін, ол үшін нюансты қолдану қажет екендігін дизайнер естен шығармауы керек.

Екінші жағынан, нюанс негізінде алынған композицияға оны «тірілту» үшін қарама-қайшылық элементін қосу керек. Осы екі қарама-қарсы құралдарды (қарама-қайшылық, нюанс) бірдей қолдану арқылы үйлесімді пішін жасауға болады.

3.3 Композиция элементтерінің теңгерілуі

Пішіннің негізгі элементтерінің теңгерілу қатынастары – тұрақтылық пен тұрақсыздық, симметриялық пен асимметриялық, тепе – теңдік пен тепе-теңсіздік.

|| **Теңгерілу** – заттың жалпы пішіннің, оның жеке бөліктерінің симметриялылығы және тепе-теңдігі.

Композицияның адам назарына жақсы әсер қалдыруына силуэт шекарасында пішін тұрақтылығы ықпал етеді.

«Байтерек» гимаратының (Астана) жоғарғы бөлігі сүйірлене барып кеңейді. Бірақ барлық композицияның симметриялылығы, бөлшектерінің динамикалығы, төменгі бөлігінің біркелкілігі, есебінен және жоғарғы бөлігінің ауада қалықтап тұрғандығы барлық элементтерінің өзара үйлесімділігіне байланысты екендігін көрсетеді. (75 сурет).

Үйлесімділік тұтастық композиция құру кезеңінде суретшінің басты мақсаты болып табылады.



Сурет 75. «Байтерек» құрылысының динамикалық тепе-теңдік композициясы

3.3.1 Симметрия мен асимметрия. Диссимметрия.

Композициялық тепе-теңдік – пішіннің негізгі массаларының орталықтан бөлініп орналасуына тікелей тәуелді және зат силуэтінің ішіндегі кеңістікті орналастыру сипатына байланысты болады.

|| **Симметрия – бірдей бөліктерінің бір-бірімен заңдылықпен орналасуы.**

Әртүрлі симметриялық композициялар жасауда симметрияның бірнеше түрі қолданылады. Симметрияның бұл түрлері, композицияның көлемін


құруда фигураларды симметриялық өзгертулер арқылы жүзеге асады, ол үшін симметрияның жазықтығы, симметриялық ось, көшіру осі секілді симметрияның негізгі элементтері қолданылады.

Айналық симметрия – симметрияның ең көп таралған, қабылдануы қарапайым түрі. Ондағы композицияның бір жартысы екінші жартысының бейнесі секілді көрінеді. Көріністі екіге бөлетін симметрия жазығы әдетте вертикальды орналасады.

Симметрияның бұл түріне адам денесінің қозғалыссыз күйдегі бейнесін жатқызуға болады. Композицияда негізгі осьтен басқа екінші дәрежелі симметриялық осьтер болуы мүмкін. Мұндай құрылым көп осьті айналық симметрия деп аталады.

Симметрия жазығы – фигураны екі айналық бөлікке бөліп тұрған түйсіктегі жазықтық.

76(а) суретте симметриялық бір жазықты фигуралар көрсетілген, 76(б) суретте симметриялық екі жазықтықты фигуралар, 76 (в) суретте симметриялық төрт жазықтықты фигуралар көрсетілген. Симметриялық жазықтықтар саны шексіз көп болуы мүмкін [16].



Сурет 76. Симметриялық бір жазықты фигуралар

Орталық осьтік симметрия. Симметрияның бұл түрінде бір-біріне тең бөліктер орталық ось айналасында орналасады. Оны айналдырғанда бір-біріне толық сәйкес келеді.


Мұндай симметрияға 77(а) суретте келтірілген әртүрлі розеткалар мысал бола алады.

Симметрия осі – симметриялық фигураның бірдей бөліктерін бөліп тұрған түзу сызық.

Бірдей бөліктер осьті айналдырғанда белгілі бұрыштан кейін өзінің бұрынғы орнына қайтып келгендей әсер қалдырады. Осьті 360° -қа

айналдырғанда фигураның өз орнын басу саны ось тәртібі деп аталады. Симметрия осьтерінің саны бүтін сандармен саналады және бірден бастап шексіздікке дейін кете береді.

Фигураның параллельді орнын ауыстыруын ауыспа симметрия деп атайды (77(б) сурет). Мұндай орын ауыстырудан кейін, фигура өзінен айнымайтын фигураның орнын басады. Ауыспа симметриялар шексіз жүйелерге тән. Фигураның өз айналасында өз орнына қайта келуін трансляндау кезеңі деп атайды, ал маталар мен трикотаждардың өрнектерінде раппорт деп аталады. Егер өрнектегі ауыспа симметрияның осі біреу болса (бір бағытта), ол өрнек сызықтық раппортты деп аталады. Егер өрнектегі ауыспа осі перпендикулярлы екеу болса, өрнек торлы – раппортты деп аталады.



Сурет 77. Симметрия түрлері

Винт пен спираль симметриясы композициядағы элементті ось айналасында айналдыру арқылы алынады.

Спиральды симметрияда элементтер бір жазықтықта орталыққа біртіндеп жақындап орналасады.

Бір түске боялған фигура басқа түске боялған фигурамен тең болуы мүмкін.

Оң рельеф тілішіннің (шығыңқы) теріс рельефті формаға (кіріңкі) теңдігі карама-қарсылық теңдік немесе **антисимметрия** деп аталады.


Тең және тең емес фигураларды суреттеу үшін ақ пен қара түс қолданылады. Сондықтан антисимметриялық фигураларды модельдеуде ақ-қара түстері немесе фигураның басқа түстері де қолданылады (77(в) сурет). Антисимметриялық фигуралар маталар мен трикотаждарға өрнек салғанда көп қолданылады.

|| **Ұқсастық симметриясы** – белгілі пішіндегі фигураның орнын ауыстырғанда көлемін кішірейтіп орналастыру.

78(а) суретте ұқсастық симметриясы пайдаланылған өрнек бейнеленген, ал 78(б) суретте симметрияның екі түрі – антисимметрия мен ұқсастық симметриясы пайдаланылған өрнек бейнеленген. Симметрия жарқын композициялық құрал болып саналады, ол пішінді дұрыс ұйымдастыруға, тәртіпке келтіруге, тұрақтылық беруге көмектеседі.

Затты жобалауда симметрия басты роль атқарады, ол заттың бөліктерінің көлемін анықтайды, оларды дұрыс орналастырады.

Суретші симметрия заңдылықтарын толық сақтаған жағдайда тепе-теңдік және статикалық пішін туындысын жасайды (79 сурет).



Сурет 78. Симметрияның түрлері



Сурет 79. Статикалық және симметриялық пішіндер


Сұлулықты тек симметриядан іздеу қателік. Таза гармонияны қарама-қарсылықтардың бірлігінен іздеу керек, яғни симметрияға қарама-қарсы асимметрия екеуінің бірлігін іздеу керек.

Асимметрия – бұйымдардың элементтері мен бөліктердің және олардың орналасуының бір-біріне ұқсамайтын заңдылығы.

Бөліктердің үйлесімділігі, олардың элементтерінің композициялық орталыққа бағынуы, акценттердің орналасуы – осының бәрі асимметриялық композицияда бірлікті табудың басты құралы болып табылады.

Асимметрия қағидасымен құрылған композиция сирек кездеседі. Заттағы асимметрияны ішкі бөліктерді горизонтальды, вертикальды, әсіресе, диагональды осьтерге бөлу арқылы алуға болады.

Симметриялық пішіндердің асимметриялық бастамасы функционалдық және сәндік бөлшектері бірыңғай емес орналастыру арқылы дамытуға болады. (80, 81 суреттер).



Сурет 80. Сәндік өңдеудің теңсіз орналасуындағы симметриялық пішіндегі асимметрияның пайда болуы.



Сурет 81. Симметриялық пішіндегі түспен өңдеудің асимметриялық шешімі

Диссимметрия – симметрияны жекелеп бұзу. Симметриялық жүйедегі кез келген ауытқу, кішкене бір бөлшек қосу немесе алып тастау назарды өзіне аударады, композицияға қосымша екпін береді.

Диссимметрия композицияның көркемдік әдісі ретінде, симметриялық пішіндер өте қатал сезім тудырған кездерінде қолданады. Диссимметрия мысалдарын орыстардың ұлттық киімдерінен көруге болады, олар декор суреттерінен, кестелерінен орын алған.

Симметрия мен асимметрия өзара байланысты, өзара бірін-бірі толықтыратын композиция тәсілдері. Симметрия тыныштық, заңдылық әсерін қалдырса, асимметрия – қозғалыс, еркіндік, кездейсоқтық әсерін қалдырады [16].

Симметриялық силуэттік пішінге асимметриялық бөліктерді қосу арқылы пішінге ерекше өзгеріс енгізуге болады. Композицияның дұрыстығын біршама диссимметрия арқылы бұзып, дұрыс қолданған жағдайда эмоционалды композиция құруға болады.


3.3.2 Ырғақ және оның түрлері

Табиғаттың көптеген құбылыстары қайталанып отырады. Адам өміріндегі барлық үдерістерде қимылдардың қайталануы заңдылық болып саналады.

Салыстырмалы элементтердің бір уақыт заңдылығымен ауысуы, қайталануы және бір қалыпты өзгеруі **ырғақ** деп аталады.



Ырғақ өнердің барлық түрлерінде кездеседі. Әуен – дыбыстардың қайталануында, поэзияның – ырғақтар үйлесімділігінде, сәулетте, қолданбалы өнерде, пішіндердің кеңістікте немесе жазықтықта әртүрлі болып қайталануында.

Элементтерді заңдылықпен өзгерту арқылы ырғақтық композиция құруға болады. Басқаша айтқанда, ырғақтық композиция әртүрлі элементтерден құралады, бірақ олар бір-бірімен өзгертудің бірдей тәсілімен байланысады [8]. Ырғақ композицияға динамикалық даму қасиетін береді. Ырғақтық қимылды беруде элементтер сипатының, орналасуының және олардың санының маңызы үлкен. Ырғақтық өзгеріс енгізу үшін үш элемент жеткілікті, оған 82 суреттегі ғимарат мысал бола алады.



Сурет 82. Композициядағы динамикалық өсуіндегі ырғақты қолдану

Ырғақ динамикасы пішіннің бірдей немесе салыстырмалы элементтерін заңдылықпен қайталау арқылы жасалады. Элементтердің әртүрлі қайталану дәрежесі динамиканың да әртүрлі дәрежесін береді. Мысалы, теңдей бөліктерге бөлінген тікбұрыш статикалық болып қабылданады (83 сурет).



Сурет 83. Элементтердің жиеленген кезіндегі динамиканың өзгеруі


Екінші жағдайда - бөліктерді ырғақтық заңдылықтарды сақтай отырып, солға жылжытқанда тікбұрыш пішінде солға қарай жылжығандай әсер қалдырады. Үшінші жағдайда – ырғақ қайталануы жиілеген, сондықтан, қозғалыс та интенсивті, динамикалық болып көрінеді. Төртінші жағдайда – тікбұрышты ырғақтық бөліктерге бөлгенде өндік қатынастарды қолданғандықтан, қозғалыс динамикасы да күшейеді.

Композициядағы ырғақтық қатарлар симметриялық ретпен орналасуы мүмкін. Мұндағы қозғалыс қарсы жақтан ортаға қарай немесе ортадан шетке қарай жүруі мүмкін.

Ырғақтың құрамдас бөлігі болып метр саналады.

Метр көлемі бірдей элементтердің бірдей ара қашықтықта қайталануын ұйымдастырады. Элементтердің метрлік қайталануы композицияға тұрақтылық және тыныштықпен қатар, бір қалыпты сипат береді.

Метрикалық немесе ырғақтық тәсілді қолданып құрылған композицияда интервалдың болуы да, болмауы да мүмкін, қайталанатын бір элементтен тұратын қарапайым немесе бірнеше ырғақтық қатарлардан, бірнеше қайталанатын элементтерден құралған күрделі болуы мүмкін (86 сурет).




Сурет 86. Метрикалық қайталанулардың мысалдары

Метрикалық қайталану композицияға реттілік береді. Жарқын динамикалық бейне жасағысы келген суретші ырғақты пішінді ұйымдастыру құралы ретінде пайдаланады. Кез келген композициядағы көлемдердің, конструктивті детальдардың азаюын немесе көбеюін, түс, тон, фактураның қоюлануын немесе ашықтануын ырғақ арқылы көрсетеді.

Ырғақ төрт түрде көрінуі мүмкін:


- ауысатын элементтермен олардың арақашықтығы өзгермейді, бірдей болады (86 сурет);
- арасындағы арақашықтарды сақтай отырып, ауысатын элементтердің көлемі өзгереді (87(а) сурет);
- ауысатын элементтер көлемі өзгермейді, арасындағы арақашықтар өзгереді (87(б) сурет);
- элементтердің көлемі де, арасындағы арақашықтар да өзгереді. (87(в) сурет).




Сурет 87. Ырғақтық тәртіптердің мысалдары



Сурет 88. Бұранды ырғақ.



Сурет 89. Диагональды ырғақ



Сурет 90. Тік ығрақ

Композициядағы ырғақтық рет элементтерді ұйымдастыру тәсіліне қарай әртүрлі бағытта болады: тік, көлденең, диагональды, спиральды, радиалды — сәулелі немесе веерлі. Әсіресе, бұранды ырғақта — белсенді қимыл пайда болады. (88, 89 суреттер).

Элементтердің көлденең орналасуы қолданылған композицияда тұрақтылық пен теңдік, тік— жоғары ұмтылыс қимылы, диагональды

Заттың композициялық ырғағы басты пішіндерді орналастырудан басталады. Ірі пішіндердің жалпы ырғақтық қатары ұсақ бөлшектердің ырғағымен толықтырылады (90 сурет).

Композицияда түзу сызық ырғақтармен қатар қисық сызық ырғақтарды де қолданылады.

Композицияда түсті дақтарды пайдаланудың маңызы үлкен. Түс әртүрлі аспектіде, басты ұйымдастырушы элементті толықтыру үшін, басқа элементке бағынышты композициялық элемент ретінде пайдаланылады.

Түсті дақтарды ырғақты ұйымдастыру метрикамен жиі үйлеседі, ол әдетте, материалдар суреттерінде көрінеді.

Композициядағы түсті ырғақты «ауыр» түстің астыңғы жағында орналасуын қамтамасыз ету қажет, себебі, ол жоғарғы жағында орналасса, пішінін төңкеріп тастағандай әсер қалдырады.

Композицияда ырғақтың бірнеше түрі пайдаланылады, себебі, пішінің барлық қасиеттерін ырғақтауға болады: пішін бөліктерінің көлемі, конструктивті және сәндік сызықтар, фактуралар, бөлшектердің көлемі мен орналасуы және т.б.

Композицияда ырғақ пен метр жиі бірге пайдаланылады. Композициядағы дұрыс қолданылған ырғақ композицияға музыкалық сипат береді. Суретші композициядағы ырғақты өзгерту арқылы оны көрерменнің жақсы қабылдауына ықпал ете алады [17].

3.3.3 Динамика және статика

Сәтті құрылған композицияда метр мен ырғақтың белгілі бір қатынаста болатыны секілді, статика мен динамика арасында да сондай қатынас болады. Осы екі біріне-бірі қарама-қарсы бастамалардың болуы нысанның біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Динамика бойында даму, өзгеріс, белгілі бағыты бар, яғни қозғалысы бар композицияны сипаттайды. Әрине, мұнда физикалық қозғалыс емес, көзге түсетін қозғалысты айтады.

Көрерменнің көз жанары динамикалық композицияда, еріксізден оның элементтерін белгілі тәртіппен, суретші берген бағытпен қабылдай бастайды. Динамиканың көмегімен назарды басты элементке немесе композицияның басты бөлігіне аударуға болады.

Динамикаға қарама-қарсы сана, ол — статика.

Статика бір қалыпты, композицияның барлық құрылымындағы тыныштық, тұрақтылықты көрсетеді.

Шығармашылық нысаны көптеген пішіндер мен элементтерден құралуы мүмкін, мұнда композицияның динамикалығына немесе статикалығына әрбір элементтің пішіні, олардың үйлесімді орналасуы ықпалын тигізеді.

Динамикалық композицияда қимыл орталыққа қарай, яғни өзінің қимылының соңғы нүктесіне қарай бағытталуы мүмкін; немесе орталықтан шетіне қарай, яғни көрерменнің көзқарасын композициядан тысқары алып кетуі мүмкін; болмаса, жоғары немесе төмен, вертикальды немесе кигаш бағытталуы мүмкін.

Композицияның барлық типтерін шартты түрде 4 түрге бөлуге болады:


- статикалық тұрақты, яғни тып-тыныш, ешқандай бағытсыз (91 сурет);
- статикалық тұрақсыз, яғни ішкі қимылы жоқ, сонымен қатар, қатал тәртіппен орналаспаған (92 сурет);
- динамикалық тұрақты, яғни жалпы тәртіпті бұзбайтын қимылы бар секілді әсер қалдыратын (93 сурет);
- динамикалық тұрақсыз - айрықша кернеулікті, өзінің бағытты қимылымен еріксіз назар аудартатын (94 сурет) [18].



Сурет 91. Тұрақты статикалық композиция. (Жұлдыз алаңы, Париж)




Сурет 92. Тұрақсыз статикалық пішін.



Сурет 93. Тұрақты динамикалық пішін (Эйфелев мұнарасы. Париж. 1889 ж)



Сурет 94. Тұрақсыз динамикалық пішін («Ғарышты бағындыру». Мәскеу)



Сурет 95. Статикалық пішіндердің динамикалыққа өтуі

Сонымен, статика мен динамика әрқашан бір-біріне қатысты, олар бір мезгілде бір композицияда әртүрлі құраммен қатыса алады. Бұйымды жобалаған кезде бұлардың қайсысын көбірек пайдалануды болжауға болады. Ол бұйымның атқаратын қызметіне байланысты.

Жобалаудағы бұйым жасалатын материалдың пластикалық қасиеттеріне қарай бұйым пішінінің динамикасын қарастыруға болады. Әртүрлі материалдардың қозғалу қасиеттері әртүрлі екендігі белгілі.

Мысалы, еркін көлбеп тұратын жібек портьер матасының қозғалу пластикасы өте жоғары, оған сондықтан, көптеген жиырмалар мен қатпарлар салуға болады. Мұндай пішін жеңіл, әрі динамикалық болады. Керісінше, gobelen, бархат секілді тығыз, қалың маталардың пластикасы өте төмен, сондықтан олардан біртегіс, ауыр пішіндер тігіледі, олардан статика көрініп тұрады [18].

Силуэт сызықтарында да статика және динамика көрініп тұрады. Статикалық пішіндердің динамикалыққа өтуі 95 суретте көрсетілген.

Тік көлденең сызықтар біздің санамызда көлденең тенестіріледі, сондықтан тыныштық, теңдік, қимылсыздық сезімін тудырады.

Сондықтан олардың бұйымда болуы статикалық қасиет береді. Ал қиғаш сызықтар композициясы динамикалық қасиет береді.

Кез келген композицияға статикалық немесе динамикалық қасиет беруде оның ырақтық ұйымдастырылуының маңызы үлкен. Бірдей элементтерді бірдей аралықта орналастыру композицияға статикалық қасиет

береді. Ал ыргактың кез келген түрін қолдану пішінге динамикалық қасиет береді.

Бұйымның статикалығына және динамикалығына симметрия мен ассимметрия секілді композициялық құралдар үлкен ықпал етеді.

Симметрия өзінің барлық көріністері мен түрлерінде тепе-теңдікті, тұрақтылықты, яғни статиканы көрсетеді.

Айқын көрінетін орталығы бар, симметриялық осі пішіннің ортасында орналасса, ол да тыныштықты, тұрақтылықты көрсетеді.

Сонымен, орталық сызығы бар немесе симметриялық осі бар бұйымдардың бәрі осы статикалық қасиетке ие болады.

Егер, пішін ұйымдастыруда, композиция шешімінде ассимметрия тәсілі қолданылса, яғни әртүрлі фактураларды, декорларды орналастыру, түрлі-түсті дақтарды орналастыру арқылы композицияға динамикалық қасиет беруге болады.

Кез келген композицияны жобалауда статика мен динамиканың дұрыс ара қатынасын табудың маңызы үлкен. Пішінде оларды теңдей пайдалану бұйымның сәтсіз шығуына әкеліп соғуы мүмкін.

Дайындалу сұрақтары

1. Пішін элементтері дегеніміз не?
2. Пропорционалдық дегеніміз не?
3. «Пропорция» ұғымының анықтамасы?
4. Қандай пропорциялар арифметикалық деп аталады?
5. Геометриялық немесе иррационалдық пропорциялар дегеніміз не?
6. Пропорционалдық модуль деген не?
7. Қандай пропорциялар «алтын қиынды» деп атайды?
8. Заттың пропорциясы қоршаған заттың орта пропорцияларымен қалай байланысады?
9. Шығармашылық затты жобалауда қандай негізгі көлемді қолданылады?
10. Көркем шығармашылық объектінің эмоционалдық көркемдігіне заттың пропорциясы қалай аталады?
11. Көлемдік (масштабтылық) деген не?
12. Адамды қоршаған заттың ортаны жобалауда көлемділік талаптарының болуын немен түсінідресіз?
13. Жеке затты композициялауда көлемділік нені анықтайды?
14. Ансамбль композициясында көлемдік нені анықтайды?
15. Көлемділік пен пропорциялау қалай байланысады?
16. Көркем шығармашылық бұйымдарын жасағанда, құрудың үлкен және кіші организмдері пішіндерінің қандай заңдылықтары пайдаланылады?
17. Пішін элементтерінің түрлері қандай болады?
18. Үйлесімділігі дегеніміз не?

19. Нюанс деген не?
20. Тепе-теңдік деген не?
21. Бұйым композициясын құруда қарама-қайшылықтың нюанс шешімді таңдау қалай жүзеге асырылады?
22. Заттың пішінін конструкциясын тығызыдылығын түсін шешуде қарама-қайшылықпен нюанс қалай көрінеді?
23. Зат композициясында қарама-қайшылықтың қандай түрлері белсенді көрінеді?
24. Бір затта қарама-қайшылықпен нюанс қалай үйлесім табады.
25. Тепе –теңдік дегеніміз не?
26. Симметрия деген не?
27. Симметрияның қандай түрлері табиғатта немесе көркем шығармашылықта кездеседі?
28. Композиция тепе-теңдігіне жетуіне симметрия қандай ықпал етеді?
29. Ассиметрия деген не?
30. Симметрия мен ассиметрия әртүрлі заттарда қалай көрінеді?
31. Ассиметрия ұғымына анықтама беріңіз?
32. Ұқсастық (подобия) симметриясына анықтама беріңіз?
33. Айналық және орталық осьтік симметрияға анықтама беріңіз?
34. Диссиметрия деген не?
35. Симметрияның пішіндерін ассиметриялық композицияны қалай алуға болады?
36. Шығармашылық композицияда симметриямен ассиметрияны таңдауда нені басшылыққа алу қажет?
37. Композициядағы ырғақ дегеніміз не?
38. Композицияда метрикалық қайталану дегеніміз не?
39. Көркем шығармашылығындағы ырғақтың түрлері?
40. Әртүрлі композицияларды ырғақ және метр қалай көрініс табады?
41. Заттың бейнесіне метр немесе ырғақ қалай әсер етеді?
42. Динамика ұғымына анықтама беріңіз?
43. Статика ұғымына анықтама беріңіз?
44. Статикалық және динамикалық композиция түрлері?
45. Көркем шығармашылық динамика мен статиканың қайсысы басым болуын таңдауда нені басшылыққа алу қажет?.
46. Заттың силуэттік пішінінде динамика мен статика қалай көрініс табады?
47. Шығармашылық композицияның динамикасы мен статиканың материалдарының пластикалық қандай қасиеттері ықпал етеді?
48. Пішінің конструктивтік сызықтарының силаты динамикалыққа қалай ықпал етеді?
49. Шығармашылық композицияда статикалығы мен динамикалығына жетуінде метр мен ырғақтықтың маңызы қандай?
50. Зат бөлшектерінің пропорциялық қатынастар динамикалығы мен статикалығын қалай анықтайды?
51. Зат бөлшектерінің пропорциялық қатынастар динамикалығы мен статикалығын қалай анықтайды?

52. Бір композицияда динамикалық пен статикалық қалай үйлеседі?
53. Мөлшер заңы нені білдіреді? Мысал келтіріңіз.
54. Сапа заңы нені білдіреді? Мысал келтіріңіз.
55. Мән мағыналық фактор заңы қалай әрекет етеді?
56. Орталық орналасу заңының анықтамасы?
57. Пішіннің басты бөлігін айқындауда қандай қағидаларға жүгінеді?

Тәжірибелік тапсырмалар

1 – жаттығу. Циркуль мен сызғыштың көмегімен «алтын бөлік» пропорциялы екі бөлік құрыңыз. Оның кіші бөлігін тағы да «алтын бөлік» пропорциялы екі бөлікке бөліңіз және т.б.

2 - жаттығу. «Алтын бөлік» пропорциялы тік бұрыш құрыңыз. Оны көптеген тік бұрыштарға бөлудің қарапайым әдісін табыңыз, бірақ «алтын бөлік» пропорциялары бұзылмасын. Осының негізінде тік бұрыштан композиция жасанды жасаңыз. Жалпы заттар тобының көлеміне және жеке заттың көлеміне сәйкес, суреттердің масштабтылығын сақтай отырып, заттарды декоративті безендіріңіз.

3- жаттығу. Ұзындығы 6 метр, биіктігі 3 м. болатын қабырғаны 1:10 масштабында сызыңыз. Адам көлемін сәйкес «шеңбер», «квадрат» элементтерімен модуль негізінде композиция жасаңыз. Қабырғаны декоративті безендіру гипстен жасап элементтерден құралған рельеф түрінде жүзеге асырылады. Элементтер екі-үш нұсқасы болуы керек, бір композицияда екі көлемнің үйлесуі мүмкін. Ол «акцентті» ұйымдастыру үшін қажет. Көрнекілік үшін рельефтік элементтерді қағазбен желімдеуге болады.

4- жаттығу. Пішіннің қарама-қайшылық қатынастары айқын көрінетін композиция жасаңыз. Анық көріну үшін ақ пен қара түстерді қолданыңыз. Алдымен композицияны көлемдік қатынастарды негізінде құрыңыз, содан кейін үлкен, күрделі конфигурациялар мен кіші және құрамайтын пішіндер арасындағы қатынастарды табуға тырысыңыз.

5- жаттығу. Дақ пен сызық арасындағы нақты қатынасты композиция құралдары арқылы көрсетіңіз. Элементтер санын қажеттілікке қарай таңдаңыз.

4-тарау Костюм композициясы

4.1 «Костюм композициясы» ұғымына анықтама

Киім дизайнеріне кәсіби қызметі барысында костюм жобалауға байланысты көптеген міндеттерді шешуге тура келеді. Солардың бірі – костюмді көркемдік жүйе ретінде түсіну, костюмге тиесілі көркемдік, үйлесімдік, авторлық ерекшеліктерді көрсете білу. Осы жүйенің заңдары мен ережелерін - композиция зерттейді.

Композицияның қазіргі заманғы түсінігі – пішіннің барлық элементтерін біртұтас біріктіру арқылы көркемдік пішін құру.

Костюм дизайны – костюмнің барлық бөліктерін біртұтас гармониялық бірлікке біріктіретін, автордың идеясын нақты формада көрсететін ұйымдастырушылық бастама болып табылады[19].

Костюм композициясы костюмнің функционалдық қызметімен тығыз байланысты. Киім дизайнері костюм композициясымен жұмыс істеу барысында өз идеясын жүзеге асыру үшін көптеген нұсқалардан ең тиімді, жақсысын таңдауы керек.

Сондықтан, композицияны эмоциялық, шығармашылық, түйсікпен саналы таңдау нәтижесі деп қарастырады.

4.2 Костюм композициясының негізгі заңдылықтары

Костюм композициясы дизайнер шығармашылығының негізгі элементі ретінде, көркемдік, сәнді форма құрудың талаптары мен ережелеріне бағынады.

Композицияның негізгі заңы – көркемдік пішіннің барлық бөліктері бір-бірімен гармониялық бірлікте болуы тиіс, оларда бейнелік, функционалдық және конструктивтік бастамаларда көрінуі тиіс.

Композицияның негізгі заңының қағидалары:

1. Кез келген дизайнерлік пішінде бір-біріне идеялық қарсы келетін элементтер болмауы керек, пішін логикалық біртұтас болуы тиіс.
2. Кез келген жобалық пішінде басты және қосалқы элементтердің бірлігі көрінуі тиіс.

Композицияның негізгі заңының басты қағидаларын қарастырайық.

Бірінші қағида – костюм композициясының барлық бөліктері мен элементтерінен суретші – жобалаушының басты идеясы көрініп тұруы тиіс. Композиция тіпті, әдемі әрі тиімді болса да, кездейсоқ бөліктер мен бөлшектер болмауы керек. Егер модельдің бір бөлшегі костюм идеясына қарсы келетін болса, оның бөліктерінің біртұтастығын бұзады. Дизайнер мұндай бөлшекті кесергісіз алып тастауы немесе композицияның жалпы идеясына «бағындыруға» тырысуы тиіс. Бұл бұйымды жөнсіз безендіруден сақтайды, костюм дизайнының міндеттерін орындайды және композицияның бірлігін нығайтады.

Екінші қағида – композиция бөліктерінің басты және қосалқы бөліктерге бөлу қажеттілігін көрсетеді. Бұл бөліктердің үйлесімдік бірлігі, олардың бір – бірімен үйлесім табуы арқылы жүзеге асады. Композицияның басты, негізгі бөлігі ерекшеленеді, бірақ, қалған бөліктерге қарсы келмейді.

Композицияның басты бөлігі композициялық орталық болып табылады, оған қалған басқа бөліктер бағынышты, тәуелді болады. Басты бөлік – қоғам композициясының доминанты болып табылады. Пішінің кез келген элементі композициялық орталық бола алады. Егер күрделі композиция болса, бір-бірімен тығыз байланыстағы бірнеше композициялық орталықтар болуы мүмкін.

Пішін бірлігі барлық бөліктер мен элементтердің үйлесім табуы арқылы жүзеге асады. Олардың гармониялық қатынаста орналасуына костюм пластикасының, түсінің, фактураларының, пішін көлемі мен массасының пропорционалды қатынастары ықпал етеді. Костюмнің бұл элементтерінің барлығы бір-бірімен тығыз байланыста, бір-біріне тәуелді, бағынышты, олардың бәрі дизайнердің идеясын жүзеге асыруға «қызмет» етеді[19].

Композицияның басты және қосалқы бөліктерінің бір - бірімен тығыз байланысын және бірлігін қамтамасыз ету – жобалаушы - суретшінің басты мақсаты болып табылады.

4.3 Костюм композициясының қасиеттері

Айқындылық. Костюмнің көрерменге алғашқы эсері осы қасиетке байланысты. Айқындылық костюм композициясының қасиеті ретінде көрермендердің назарын үлгіге аударады, олардың қызығушылығын тудырады. Егер киім үлгісінде жеткілікті айқындылық болмаса, көрермен назары басқа үлгілерге ауып кетеді. Жобалаушы – суретші шығармашылығының нәтижесі осы айқындылық арқылы анық көрінеді.

Айқындылық – автор белсенділігінің көрсеткіші, оның жобалау нысанына көркемдік көзқарасы, эмоционалдық бейнелерді таба білуі. Қажетті айқындылықты таба білу - киім дизайнерінің басты мақсаттарының бірі.

Жасалып біту – костюм композициясының маңызды қасиеттерінің бірі. Көрермен назарына ұсынылған киім үлгісінде өзгерту, алып тастау тілегін тудыратындай артық бөлшек, элементтер болмауы тиіс. Басқаша сөзбен айтқанда, жасалып біту – бұйымның дайындық дәрежесін көрсететін қасиеті, модель жасау жобасының қорытындысы, костюм композициясына ешқандай өзгеріс енгізу қажеттілігінің жоқтығын көрсететін көрсеткіш. Жақсы ойластырылып, үйлестірілген костюм композициясына ешқандай өзгеріс ендіру талабы туындамайды, яғни ешнәрсе қосу немесе алып тастау қажеттілігі туындамайды, костюмнің біртұтастығын бұзуға болмайды.

Жасалып біту костюм композициясының қасиеті ретінде негізгі үш ережеге сүйенеді, ережелерді бұлжытпай орындау арқылы қажетті нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бірінші ереже – бүтін біртұтас бұйымның бірлігін бұзатын элемент қосуға болмайды.

Екінші ереже – бұйымның бөліктері мен элементтерін алып тастауға немесе басқа элемент қосуға болмайды, яғни бұйым бірлігін бұзуға болмайды.

Үшінші ереже – бұйым бөліктерінің орналасу тәртібін өзгертуге, орындарын ауыстыруға болмайды[20].

Біртұтастық . Костюм композициясының бұл қасиеті композиция элементтерінің өзара іс-әрекет ету жүйесін сипаттайды. Жаңа костюм пішінін жобалаушы – суретші, пішіннің барлық элементтері көлемдерінің үйлесімділігінің, қажетті қатынастарын ойластырады. Композиция біртұтастығы болуы үшін бірнеше қажетті ережелер орындалуы тиіс.

Адам мүсіні жалпы аядан бөлек қарастырылуы тиіс, яғни белгілі ортаға орналасқанда айқын көрінуі керек. Мүсіннің қоршаған ортада ерекшелену ережесі – костюм тартымдылығын арттырудың әдісі.

Бұйымның біртұтастығын көрсететін ереженің бірі – пішіннің және оның бөліктерінің жинақы орналасуы. Пішіннің бөліктері мен элементтерінің шамадан тыс көп болуы қорермен назарына оғаш көрінеді. Сондықтан, киім дизайнері костюмді тартымды көрсететіндей бөлшектер мен элементтер санын анықтауы керек.

Костюмнің функционалдық мақсатына сәйкес оның бөліктерінің пропорционалдылығы сақталуы қажет.

Тепе-теңдік – костюм композициясының маңызды қасиет-терінің бірі. Композицияның әрбір элементі қорермен назарына өз орнында, тұрақты, пропорционалды жағдайда орналасуы шарт. Костюм тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін барлық элементтер үйлесімді орналасуы қажет. Тепе-теңдік жағдайы көз мөлшермен анықталады.

Костюм тепе-теңдігінің факторлары:

- Пішіні
- Көлемі
- Мөлшерлері
- Түсі
- Фактурасы
- Декоры
- Ырғағы
- Орналасуы және т.б.

Костюм тепе-теңдігіне қол жеткізудің ең қарапайым құралы болып симметрия саналады.

Статика мен динамика.

Түрлі заттық композицияда метр мен ырғақтың белгілі бір қатынаста болатыны секілді, статика мен динамика арасында да сондай қатынас болады. Осы екі біріне-бірі қарама-қарсы бастамалардың болуы костюмнің элементтерінің біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Динамика арқылы орындалған костюм пішіні даму, өзгеріс, белгілі бағытты, яғни қозғалысы бар композицияны сипаттайды.

Тұтынышулардың көз қарасы арқашанда костюмнің динамикалық композициясына тіреліп, оның түрлі заңдылықтармен құрастырылған элементтері белгілі тәртіппен қабыл болады. Элементтермен бөлшектердің динамикалық қозғалыс көмегімен назарды басқа элементке немесе композицияның басқа бөлігіне аударуға болады.

Костюмнің статикасы бір қалыпты, композицияның барлық құрылымындағы тыныштық, тұрақтылықтығын көрсетеді.

Костюмнің шығармашылық іс-әрекеті көптеген пішіндер мен элементтерден құралуы мүмкін. Мұнда композицияның өзгеруіне, динамикалық қозғалысына немесе статикалығына киім элементтің пішіні, олардың үйлесімді орналасуы ықпалын тигізеді [21].

Костюмнің динамикалық композициясында қимыл орталыққа қарай, элементтердің, бөлшектердің және қосымша аксессуарлардың соңғы нүктесі, яғни композициялық орталығы ортасына қарай жылжуы мүмкін; немесе орталықтан шетіне қарай, яғни корерменнің көзқарасын композициядан тысқары алып кетуі мүмкін; болмаса, жоғары немесе төмен, вертикальды немесе қиғаш бағытталуы мүмкін.

Костюм композицияның барлық типтеріне шартты түрде мынандай сипаттама беруге болады:

- костюмнің пішіні статикалық тұрақты, яғни тип-тыныш, ешқандай қозғалысыз;
- костюмнің пішіні статикалық тұрақсыз, яғни ішкі қимылы жоқ, сонымен қатар, қатал тәртіппен орналаспаған ;
- костюмнің пішіні және оның элементтері динамикалық тұрақты, яғни жалпы тәртіпті бұзбайтын қимылы бар;
- костюмнің пішінімен элементтері динамикалық тұрақсыз –неғұрлым белсеңді, өзінің бағытты қимылымен еріксіз назар аудартатын .

Композицияның бұл қасиеттері костюм композициясын сипаттайтын басты көрсеткіштер болып табылады.

Статика мен динамика әрқашан бір-біріне қатысты, олар бір мезгілде бір композицияда әртүрлі құраммен қатыса алады. Костюмді жобалаған кезде бұлардың қайсысын көбірек пайдалануды болжауға болады. Ол костюмнің түріне, сипаттамасына, атқаратын қызметіне байланысты.

Түрлі костюмдердің жасалатын материалдарының пластикалық қасиеттеріне қарай бұйым пішінінің динамикасын қарастыруға болады. Материалдардың, кездемелердің қозғалу қасиеттері әртүрлі екендігіне байланысты динамика және статика тәсілдерін қолданып отырады.

Жоғарыда айта кеткендей,кез келген композицияға статикалық немесе динамикалық қасиет ырғақ арқылы пайда болады. Костюмнің тепе-теңдік элементтері бірдей және бірдей аралықта орналасса, композицияға статикалық қасиет береді. Ал ырғақтың кез келген түрін қолдану пішінге динамикалық қасиет береді.

Костюмнің жалпы пішінінің статикалығына және динамикалығына симметрия мен асимметрия секілді композициялық құралдар үлкен ықпал етеді.

Костюмдегі симметрия өзінің барлық көріністері мен түрлерінде тепе-теңдікті, тұрақтылықты, яғни статиканы көрсетеді.

Композициялық орталығы бұйымның симметриялық осі пішіннің ортасында орналасса, ол да тыныштықты, тұрақтылықты көрсетеді.

Орталық сызығы бар немесе симметриялық осі бар бұйымдардың бәрі осы статикалық қасиетке ие болады.

Костюмнің пішінін ұйымдастыруда, композиция шешімінде ассимметрия тәсілі қолданылса, яғни әртүрлі фактураларды, сәндік элементтерді орналастыру, түрлі-түсті дақтарды орналастыру арқылы, жалпы бұйымның композициясына динамикалық қасиет беруге болады.

Әр түрлі киімнің композициясын жобалауда статика мен динамиканың дұрыс ара қатынасын табудың маңызы үлкен.

Статикалық композиция – костюмнің пішінін қозғалыссыз, тұрақты көрсетеді. Статикалық тыныштықты, тұрақтылықты суреттейді.

Динамикалық композиция – керісінше элементтерінің қозғалысын, іс-қимылын көрсетеді. Композиция динамикасында қозғалыс, даму, өзгеру көрініс табады [22].

Костюм композициясында статикалықты немесе динамикалықты таңдауда, дизайнер костюмнің функционалдық мақсатын, тұтынушының жасын есепке алуы тиіс.

4.4 Костюм пропорциясы

Пропорция маңызды композициялық құралдардың бірі болып табылады. Пропорцияның көмегімен бұйымның біртұтастығы, үйлесімділігі жүзеге асырылады.

Костюм пропорциясы – пішін элементтері арасындағы көлемдік, түстік байланыстарын білдіреді. Кез келген композицияның негізінде пішін бөліктерінің көлемдік қатынастары жатады. Костюм пропорциясы пішін элементтері мен бөліктерінің үйлесімді бірігуін қамтамасыз етеді.

Пропорциялар қарапайым (рационалдық) және күрделі (иррационалдық) болып екіге бөлінеді. Гармониялығы жағынан ең жетілдірілген иррационалдық пропорция болып «*алтын қима*» саналады. Кезінде «алтын қиманы» Леонардо да Винчи терең зерттеген. Бұл пропорцияның мәні мынада: егер қиманы «алтын қима» қағидасымен екі бөлікке бөлетін болсақ, қиманың кіші бөлігінің қатынасы, үлкен бөліктің қимаға қатынасымен бірдей болады [18].

Егер қима ұзындықтарының бір-біріне қатынасын тұтас сандармен белгілейтін болсақ - 3:5; 5:8; 8:13 және тағы да басқа қатынастар пайда болады. Адам мүсінінің құрылысы да «тең қима» пропорциясына бағынады. Адам мүсінінің пропорциясының модульдік жүйесінде өлшем бірлігі болып адам басының ұзындығы саналады. Қазіргі заманғы адам мүсінінің каноны болып 8 модульден тұратын мүсін саналады (бастың ұзындығы адам денесі ұзындығына сегіз рет қойылады). Осы қағидаға сәйкес мүсін бөліктерге бөлінеді. Негізгі горизонтальды бөлік бел сызығы арқылы анықталады. Бел сызығы мүсінді төменгі және жоғарғы бөліктерге бөледі. Жоғарғы бөлік қарақұстан бел сызығына дейін 3 модульден, ал төменгі бөлік бел сызығынан өкшеге дейін 5 модульден тұрады (96 сурет).

Сонымен, адам мүсінінің жоғарғы және төменгі бөліктерінің қатынасы 3:5 – ке тең, яғни «тең қима» қағидасына сәйкес келеді.

Нақты адамға арналған костюм адам мүсініне тікелей байланысты, яғни пропорциялауға жатады. Жобалаушы – суретші нақты адамға костюм жобалағанда костюмнің функционалдық қызметін есепке алады. Костюм пропорциясын анықтау дегеніміз – костюм бөліктерінің бір – біріне қатынастарын анықтау деген сөз.



Сурет 96. Костюмдегі масштабтық пропорция

Костюмнің пропорционалдық шешімінің алгоритмі

1. Костюмнің силуэттік шешімін іздеу. Силуэт таңдау. Оның басты пропорцияларын анықтау. (Силуэт биіктігінің еніне қатынасы).

2. Силуэттік пішінді негізгі бөліктерге бөлу – жоғарғы кеудеше (жейде, жемпір) және төменгі белдемше (юбка, шалбар). Жоғарғы және төменгі бөліктердің оптималды қатынасын анықтау.
3. Пішіннің жоғарғы бөлігін майда бөліктерге (жаға, жең және т.б.) бөлу. Жеке бөліктердің көлемдік қатынастарын табу.
4. Пішіннің төменгі бөлігін майда бөліктерге (кокеткалар, юбка және т.б.) бөлу. Жеке бөліктердің көлемдік қатынастарын табу.
5. Костюм пішінін дизайнердің идеясына сәйкестендіріп жеке бөліктерге бөлу арқылы пропорциялау.

Сәтті табылған костюм пропорцияларын үлгі ретінде қарастыруға болмайды. Пропорция-лаудың әр түрлі нұсқаларын пайдалана отырып, жаңа, қызықты шешім табуға болады.

Пропорциялауда шығармашылық эксперименттер арқылы пішін құрудың мәнін түсінуге болады.

4.5 Костюм масштабы

Костюм пропорциялары адамның мүсін пропорцияларына міндетті түрде сәйкес болуы керек. Адам мүсіні – костюм жобалауда басты көрсеткіш болып табылады. Сондықтан, костюм композициясын жобалауда пропорциямен қатар, масштабтылық та басты көрсеткіш болып саналады.

Костюмдегі масштабтылық – костюмнің, оның элементтерінің адамның мүсініне және қоршаған ортаға (заттар әлемі) көлемі жағынан сәйкес келуі. Костюм массасы, оның бөліктері адамның мүсініне сәйкес келуі тиіс. Басқаша айтқанда, адам костюмде өзін физикалық және психологиялық жағынан еркін сезінуі тиіс.

Сонымен қатар, костюмдегі сәтті табылған масштабтылық адам мүсінінің кемшілігін жасырады, артықшылықтарын айқын көрсетеді.

Пішінді бөлшектерге және бөліктерге бөлу адам бойының ұзындығына сәйкес жүргізіледі. Костюм бөлшектерінің өлшемдері адам денесінің өлшемдеріне сәйкес болады [15].

4.6 Костюмдегі ырғақ

Костюм композициясының басты құралы - ырғақ болып табылады.

Ырғақ – (грек тілінде *rhythm* – ағыс) композиция элементтерінің белгілі бір заңдылықпен қайталануы, ауысуы.

Кез келген ырғақ қимылға негізделеді.

Костюмде ырғақ көлемдердің, пішін құрушы бөліктердің, сызықтардың, бөлшектердің алмасуы арқылы жүзеге асырылады. Пішінің әртүрлі элементтерінен біртұтастығынан бұйым алынады. Ырғақ пайдалану арқылы костюмнің тартымдылығы, үйлесімділігі және гармониясы жүзеге асырылады (97 сурет).



Сурет 97. Костюмдегі ырғақ

Элементтердің қайталану заңдылықтары, ырғақтық қатарлардың ауысуы көзге айқын көрініп тұрады.

Ырғақтық қатарлардың және элементтердің қайталануы үш реттен кем болмаса жақсы нәтиже береді. Үлгілердің композициялық шешімінің тартымдылығына ырғақтық құрудың сипаты әсерін тигізеді.

Костюмдегі пішін элементтерін ырғақтық ұйымдастыруы төрт түрге бөлінеді:

1. Алмасатын элементтер мен олардың арақашықтығы бірдей болады.
2. Алмасатын элементтер әр түрлі, бірақ олардың арақашықтығы бірдей.
3. Алмасатын элементтер бірдей болғанымен, олардың арақашықтығы әр түрлі.
4. Алмасатын элементтер де, олардың арақашықтығы да әр түрлі.

Костюм элементтерін ырғақтық ұйымдастырудың бірінші түрі *метр немесе метрикалық қайталану* деп аталады.

2-3 –ші түрлері ырғақтық тәртіп дейді.

Метр бірдей элементтердің бірдей аралықта қайталануымен сипатталады. Киімде метр, әдетте, түймеге ілгек қадауда, мата өрнектерінде, жолақ маталарда, лифтің біржақты қабаттарында немесе белдемшеде қолданылады.

Элементтерді метрикалық қайталану арқылы ұйымдастырылуы костюм композициясына тәртіптілік, біртектілік береді.

Костюмде ырғақтың метрлік түрінен басқа динамикалық түрі де қолданылады.

Ырғақтың динамикалық түрі пішін элементтерінің және олардың аралықтарының өзгеруімен сипатталады. Ырғақтың бұл түрі динамикалық бұйымдарды жобалауға мүмкіндік береді.

Костюмдегі ырғақтық қатарлар әртүрлі бағыттарда болуы мүмкін: вертикальды, горизонтальды, диагональды, спиральды, радиальды және т.б.

Жобалаушы-суретші ырғақтың қандай түрі мен бағытын таңдаса да, костюм композициясын ритмдік ұйымдастыру басты пішіндерді ритмдік ретке келтіруден басталуы тиіс [7].

Костюм пішінін ырғақтың конструктивтік шешім арқылы табады. Негізгі басты пішіндерді орналастырғаннан кейін, костюмнің қалған қосалқы бөліктері мен бөлшектерін орналастыруға болады.

Костюмді ырғақтық ұйымдастыруда түстік, фондық, фактуралық ырғақтар жасау басты роль атқарады. Түс дақтарын ырғақтық ұйымдастырудың маңызы зор (98 сурет) .



Сурет 98. Костюмдегі ырғақ

4.7 Костюмдегі қарамақайшылық, нюанс және тепе-теңдік

Қарамақайшылық, нюанс, тепе-теңдік – композицияны айқындаушы құралдар, элементтер көз мөлшермен бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы салыстырылады.

Костюм жобалауда айқындаушы құралдарды таңдау келесі факторларға байланысты:

- негізгі идея мен оның бейнелік мазмұны;
- функционалдық мақсаты;
- тұтынушылардың жас мөлшері.

Костюмдегі әр түрлі элементтерде қарама-қайшылық, нюанс, тепе-теңдік төмендегі жағдайларда бірдей көрініс табуы мүмкін:

- пішін мен силуэтті ұйымдастыруда;
- пішіннің пластикалық шешімінде;
- түс шешімінде;
- тондық ұйымдастыруда;
- фактуралық шешімдерде;
- декорда.

Тепе-теңдік – костюм элементтерінің, бөлшектерінің, фактуралық және түстік шешімдерінің сипаттамаларының абсолютті теңдігін көрсетеді. Мысалы: кеудешенің де белдемшенің де пішіндік шешімі бірдей. Сол сияқты, түстік және фактуралық шешімі, костюмде қолданған көркемдік(аксессуарлар) шешімі бір –бірін қайталаса, бұл композицияда келісімділік қағидасының тепе-теңдігі қолданған деуге болады [21].

Костюм композициясының айқындылығын арттыратын құрал қарамақайшылық болып саналады (99 сурет).



Сурет 99. Костюмдегі пішіннің тепе-теңдігі

Қарама-қайшылық – костюм композициясының біртекті элементтерінің, түстік шешімдерінің, бөлшектерінің және фактураларының бір-бірінен ерекшеленуі.

Киім үлгілеуде автор тандайтын қарамақайшылық деңгейі көптген факторларға байланысты, олардың ішіндегі ең шешуші, басты фактор болып киімнің функционалдық мақсаты саналады.

Қарама-қайшылықты композиция өзінің белсенділігімен және айқындылығымен ерекшеленетіндіктен, тұтынушының көпшілік ішінен айқын, әрі ерекше көрінуі үшін таңдайды. (100 сурет).

Сондықтан, қарама-қайшылықты шешім эстрада костюмдерінде, спорт киімдерінде, белсенді демалысқа арналған киімдерде жиі қолданылады.

Балалар мен жастарға арналған киімдерді жобалауда да, қарамақайшы композиция қолданылады. Балалардың тынымсыз көп қимылына арналған киімдерде түс Қарамақайшы пайдаланылса, жастардың киімдерінде форма, фактура, түс, пластика, тон қарамақайшылықтары қолданылады.

Костюм қарама-қайшылығының жеткіліксіздігі оның айқындылығын кемітеді, сонымен қатар, шамадан тыс артық қарама-қайшылық костюмнің бірлігіне, біртұтастығына нұқсан келтіреді [21,22].

Сондықтан, костюм жобалауда мына ережені сақтау керек: қарама-қайшылық бір мезгілде композицияның екі элементінен артық қолданылмауы керек. қалған элементтердің бәрі нюанс немесе тепе-теңдік қағидаларымен ұйымдастырылуы керек.



Сурет 100. Костюмдегі пішіннің қарамақайшылығы

Нюанс – костюм элементтерінің, бөлшектерінің, түстік шешімдерінің, фактураларының бір-біріне ұқсастығы. Мысалы: кеудеше мен белдемше бір геометриялық фигурадан орындалса (кеудеше-кішіі тік төрт бұрыш, белдемше үлкен тік төрт бұрыш), пішіннің нюансы дейді. Костюм элементтерінің түстік шешімдері туыс түстерден құралса, түстік нюанс

дейді. Фактураның кездемесі бір біріне ұқсас болса, (майда ши бархыт, ірі ши бархыт) фактураның нюансы болып келеді (101 сурет).

Костюм элеганттілігін арттыру үшін көбінесе нюанс пайдаланылады. Нюанс қағидаларын қолданған костюм назарға ерекше ілінбейді. Сондықтан, нюансты іскерлік немесе күнделікті киетін киімдер мен егде жастағы адамдарға арналған киімдерді жобалауда пайдаланады[21].

Нюанс қағидалары қолданылған киімдер ыңғайлы және теңдік сезімін тудырады.

Пішінің қарама-қайшы, нюансы және тепе-теңдігі киім бөліктерінің көлемдік қатынастарын сипаттайды. Мысалы, кішкене тар лиф пен кең етекті белдемше.

Сурет 101. Костюмдегі пішінің нюансы

4.8 Костюмдегі симметрия және асимметрия.



Симметрия мен асимметрия ұғымдары бұрыннан бері костюмнің композициялық элементтері мен пішінін композициялық ұйымдастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылып келді. Бұл жерде симметрияның мағынасы мынадай, заттарды теңдей екі бөлікке бөліп тұратын орталық вертикальға қатысты оң мен сол жақтың теңдігін көрсетеді. Ал, асимметрия болса, симметрияға қарама-қарсы, яғни ол пішінің екі жағының теңдігін бұзады [10].

Бұл ұғымдарға симметрияның осьтері мен жазықтықтары деп аталатын қарапайым элементтер тиесілі. Олар костюм пішінін қалыптастырады және шешімге біртұтас түр береді, сонымен қатар өз айналысында композицияны біріктіреді. Костюмде симметрияның негізгі осінен басқа қосымша элементтер болуы мүмкін, олар жеке элементтердің орналасуын сипаттайды.

Костюм шешімінде симметрияның немесе асимметрияның басым болуы костюмді пайдалану мақсатына байланысты болады. Мысалы, күнделікті

киімде, әсіресе сырт киімде пішіннің бөлшектері мен бөліктері симметрия бойынша орналасады, ал әсемдік киімдерде керісінше, асимметрия пішінге көркемдік динамика береді. Костюмде симметрия мен асимметрияның бірдей қолданылуы, пішін динамикасының асимметриясын арттырады.

Симметрия мен асимметрияны қазіргі заманғы тәжірибеде тек пішіннің сырт бейнесін ұйымдастыратын құрал ретінде ғана қарастырмайды, сонымен қатар, пішіннің, жеке құбылыстың, тіптен үрдістің морфологиялық құрылымын анықтайтын тәсіл немесе қағида ретінде де қарастырады.

Өнерде симметрия мен асимметрия ұғымдарын пішіннің кеңістік көркемдік аспектімен байланысты қолданады. Сондықтан, олар сәулет, дизайн, ою-өрнек салаларында кең қолданыс тапқан. Симметрияның көптеген түрлерін А. Цейзинг, Л. Мессель, М. Гикк, Ле Корбюзье сәулеттегі пішіндердің пропорционалдығын түсіндіру үшін пайдаланған. Қазіргі тәжірибеде, симметрия топтарының құрылысы заңдылықтары ғимараттардың жаңа пішіндер құрылысын жасауда, қала құрылыстары мен коммуникацияларын жоспарлауда қолданылады [23].

Костюмнің әртүрлі симметриялық композицияларын жасауда симметрияның бірнеше түрі қолданылады. Симметрияның бұл түрлері, костюмнің композицияның көлемін құруда фигураларды симметриялық өзгертулер арқылы жүзеге асады.

Симметрия бөлшектері. Егер костюм пішінін адам мүсінінің сырт бейнесі ретінде санайтын болсақ, онда симметрия элементерін мүсін-пішін жүйесі ретінде қарастыруымыз керек. Бұл жағдайда ең қаралайым элементтері фронтальді силуэттің ортасынан өтіп, оны теңдей екі морфологиялық бөліктерге бөлетін симметрия жазықтығы болып саналады. Мүсін-пішін жүйесінің бір бөлігі айнаның көмегімен симметрия жазықтығында екінші бөлігі алынады, сөйтіп симметриялы бейне пайда болады. Бұл операция – пішіннің жобалық ойдың икемді бейнесін алуға көмектесетін қиындық тәсіл болып табылады.

Симметрия жазықтығына орналасқан және жазықтыққа перпендикуляр болып келетін сызық – симметрия осі деп аталады. Осьті белгілі бір бұрышпен айналдырып бұрған жүйе де өзгереді, осьті айналдыру нәтижесінде пішін өз өзімен неше рет сәйкес келетінін көрсететін сан – осьтің реті деп аталады.

Костюмдігі симметрия топтарының сипаттамасы келесі түрде жеке-жеке сипатталып қарастырылады.

Классикалық симметрия. Классикалық симметрияда метрикалық қасиеттер бар, яғни ұзындығы мен ені өзгермейтін кеңістіктегі өзгерістер болады. Бұл өзгерістер геометриялық теңдіктің екі типін – айналықты сәйкестікті сипаттайды.

Айналық теңдік пішіннің немесе пішін бөліктерінің физикалық теңдігін көрсетеді. Пішіндердің бір-бірімен сәйкес келуі ойдан шығарылған кеңістікте болады, бұл кеңістік санадағы кеңістік деп аталады. Бұл жағдайда пішіндер өз қалыптарында қала береді, олар тек орындарын ауыстырғандай болады, яғни оң пішін сол пішінге айналса, сол сол пішін оң пішінге айналады.

Сәйкес теңдікті пішін өзінің барлық нүктелерімен сәйкес келгенде ғана байқауға болады. Бұл пішін ең қажетті жағдай белгілі берілген бағыттан қимыл-қозғалыс болып табылады. Бұл өзгерісте пішін барлық уақыт аралығында өзгеріссіз қалады.

Айналыс теңдігі берілген мүсіннің симметрия осі айналасында және симметрия кеңістігінде айналғанда пайда болады. Бұл қозғалыс үшін бағытын және бұрылу (айналу) бұрышын көрсету керек [21].

Афиндік симметрия. Афиндік симметрияда берілген пішін өзінің кеңістіктегі орналасуын біркелкі деформацияға ұшырағанда ғана өзгертеді. Пішін керілгенде, сығылғанда және жығылғанда өзгеріссіз қалады. Керілу дегеніміз – пішін өзінің бастапқы түрін бір жазықтықта ғана сақтайтын құбылыс. Бұл жазықтық – керілу жазықтығы деп аталады. Оған параллель барлық жазықтықтар керілу бағытына қарай созылады (102 сурет).



Сурет. 102 Костюмдегі симметрия

Жылжу дегеніміз – жылжу жазықтығы ғана қозғалыссыз қалатын пішіннің өзгеруі. Басқа параллель жазықтықтар қылу бағытына қарай жылжиды. Бұл өзгерістің ерекшелігі, пластикасы өзгерсе де, пішін көлемі өзгеріссіз қалады. Жылжу мөлшері жылжу жазықтығының қашықтығына пропорционалды болады. Жылжу үшін жылжудың бағыты мен жылжу мөлшерін көрсету керек.

Костюм пішіндері көлемінің артқа қарай орын ығысуының геометриялық топтастыруын жасау үшін, костюм пішініне орын ауыстыру жазықтығын, мөлшерін және бағытын береді.

Белдемшеде орын ауыстыру жазықтығына пішін жазықтығына сәйкес келетін жазықтық алынады, ал кеудешеде – бел сызығымен өтетін жазықтық алынады. Орын ауыстыру бағытына мүсіннің орта сагитталды жазықтығының солдан оңға қарай қозғалысы алынады. Орын ауыстыру мөлшері киімнің қандай маәсатқа арналғанына байланысты болады.

Әсемдік пішіндерде ол максималды болса, күнделікті пішіндерде ол кішірейеді. Берілген пішіннің барлық горизонтальды жазықтықтарын орын ауыстыру жазықтығына параллельді орын ауыстырса, алынған пішін орын ауыстыру нәтижесі болып табылады. Бұл заңдылыққа сәйкес өзінің икемділігін өзгерген барлық пішіндер симметрияның осы типіне жатқызылады. Бұл өзгерістердің геометриялық көріністері көрсеткеніндей, әртүрлі орын ауыстыру бұрыштарын қолдана отырып, әсемдік көйлектер тігуде өте динамикалық силуэттер мен пішіндер алуға болады.

Костюмдегі симметрия мен асимметрия – пішін гармониясының теңдігін және бірлігін қамтамасыз ететін құрал.

Симметрия – пішіннің бірдей элементтерінің нүктеге, оське, жазықтыққа қатысты біркелкі орналасуын көрсетеді.

Адам мүсінінен симметрия мысалын көруге болады. Симметрия жазығы вертикалды орналасады, адам денесін оң және сол бөліктерге бөледі.

Симметрияның бірнеше түрлері бар: айналық, орталық-радиалды, орталық-осьті және т.б.

Костюмдегі симметрия пішін элементтерін жинақтаудың әртүрлі деңгейлерінде көрінеді:

- силуэтте;
- пластикалық шешімде;
- конструктивтік шешімде;
- бөлшектердің орналасуында;
- фактура мен декорды ұйымдастыруда;
- тондық және түстік дақтарды орналастыруда.

Симметрия арқылы форманың статикалығы, тұрақтылығы жүзеге асады. Симметрия күнделікті киетін және іскерлік киімдерде жиі кездеседі.



Симметрия мен асимметрия бір-біріне ұқсас.

Асимметрия – элементтердің теңсіздігін дұрыс орналастыру арқылы, пішіннің визуалды тепе-теңдігіне қол жеткізу (103 сурет).

Костюм пішінін асимметриялы ұйымдастыру өз құрылымында композициялық тепе-теңдікке қол жеткізуді талап етеді. Сонда ғана, асимметриялы ұйымдастырылған пішін өзінің біртұтастығын сақтайды.

Асимметриялық композицияның бірлігіне қол жеткізу оның

элементтерінің өзара үйлесімділігін және бағыныштылығын, нақты айқындалған композициялық орталықты қамтамасыз етеді.



Сурет 103. Костюмдегі асимметрия

Асимметриялық композиция көбінесе жастардың киімінде, авангардты және кешкі сәнді киімдерде қолданылады.

Симметриялық пішіндерде да асимметриялық шешімдер қолданылады. Олардың аксессуарлары - жаға, қалта, кокеткаларды және тағы басқа қосымшаларды асимметриялық жолмен орналастыруға болады. Симметриялық пішінге асимметриялық композицияны қолдану арқылы дәстүрлі силуэттік шешімді өзгертуге болады. Атақты жапон дизайнері Йоджи Ямомотоның айтуынша: «Егер мен сәннің өте симметриялық екенін байқасам, мен оны бұзып тастаймын» деген екен.

4.9 Костюм пішіні

Пішін – материал құрылу құрамының нәтижесінде пайда болатын, морфологиялық және көлемді-кеңістік құрылымының ұйымдастырылған заты. Пішін дизайны – ерекше заттың ұйымдасы, бұйымның барлық компоненттерінің бірыңғай жетістіктерінің дизайнер іс-әрекетінің нәтижесі ретінде пайда болады. Пішін – дизайның тұтыну талабы мен шарттарына, өндіріс пен уақыттың эстетикалық талаптарының мүмкіндігін тиімді қолдануына жауап береді.

Киім пішіні келесі элементтермен сипатталады:

- геометриялық түрімен;
- құрылысымен;
- массасымен;
- фактуралық түсімен.

Бейне – ол киімнің көлемдік пішінін кеңістікте көзбен қабылдау.

Сипаттау үшін силуэтті жай геометриялық пішіндермен салыстырады: шаршы, тік бұрыш, трапеция, овал және т.б. Бірақ ережеге сай бейне бірнеше жай және күрделі пішіндерден тұрады.

Киім пішінінің композициясы әр түрлі түрлер сызығында құрастырылады:

- Бейнелік;
- Құрылысты (тігістік);
- Құрылысты-безендіру (бедерлер, қиықтар, екіңделген тігістер);
- Безендіру (өңдеумен көрсетілген).

Костюм жасауда оның болашақ үлгісін әбден ой елегінен өткізу керек. Костюм үлгісінде қимыл пластикасы, уақыт және кеңістік еркіндігі көрініс табуы тиіс. Адам ойы костюм мен мүсін пластикасында материяланады, семантика арқылы көрінеді.

Костюм үлгілеудің семиотикалық теориясының дамуына жоғарыда келтірілген мәселелер ықпал етеді. Костюм үлгілеу тәжірибесінде семиотикалық тәсіл, орнығып қалған кейбір ойлау стереотиптерін бұзады, үлгілеу мен жобалауға оқыту саласына жаналықтар енгізеді, яғни жаңа оқулықтар мен оқу құралдары пайда болады.

Үлгілеуші немесе стилист физикалық нысан болып саналатын зат немесе үлгіні жасап қана қоймай, костюмнің семиотикалық жүйесінің күрделі құрылымын және адамның көру заңдылықтарын білуі тиіс.

Костюм адамдардың көру қатынастарының құралы ретінде, өзінің әмбебаптығы мен жалпыға қатыстылығымен қиын нысан болып саналады. Костюм адаммен тығыз байланыста болғандықтан (оның денесі мен санасы), білімгерге костюм мен өзін сыртқы нысан ретінде көруге мүмкіндік бермейді [20].

Болашақ үлгілеушіге осының бәрін меңгеру үшін дәріс сабақтары мен оқулықтардан алған теорияларды ғана білу жеткіліксіз болады. Қажетті білім алу үшін костюм құбылыстары жайлы ойланып, оның қоғамдағы қызметін анықтап, костюм материалын семиотикалық талдау тәсілдерін меңгеруі керек, оны ғылыми-зерттеу жұмыстары мен арнаулы жаттығулар арқылы игеруге болады.

Костюмді жобалау үрдісінде пішін басты орындардың бірін алады. Костюм уақыттың тұрақталған белгілерін көрсете алады, ол нақты әлем күрделіліктеріне назар аудармай, белгілі бір пішінді қалыптастыра алады.

Пішін уақытқа байланысты өзгерістерге ұшырағанымен, кейбір белгілері тұрақты болады, бұл тұрақтылық костюм дамуын кезеңдерге бөлуге мүмкіндік береді. Пішінді зерттеу қажеттілігі таза ғылыми мүдделерден туындамайды, ол киімді қазіргі заманғы машиналы өндірісінің технологиялық және экономикалық жағдайларына байланысты, себебі

өндірістік жобалауда бірінші кезекте тұрақты факторларға сүйену қажет (біздің мақсатымыз үшін «костюм» ұғымы «сәнді киімге» қарағанда ұтымдырақ) [20].

Бірақ костюм пішінінің қалай қалыптасып, дамуын түсіну үшін, оның мәнін, маңызын анықтау керек.

Киімді үлгілеу саласындағы қалыптасқан теориялық нұсқаулар «киім пішіні» ұғымының барлық күрделілігі мен көпжақтылығын толық көрсете алмайды.

Пішінді көбінесе статикалық жағдайда қарастырады, бірақ костюм өз жағдайын ылғи өзгертіп тұратын динамикалық жүйе болып табылады. Костюм пішінінің адаммен тікелей байланыста екендігі, оны тек адамның бейнесімен, пропорцияларымен және қимылымен бірге қарастыру керек екендігі кейде есепке алынбайды. Бұлай болған жағдайда, костюм пішінін оның әртүрлі бөлшектер деңгейінде зерттелетін жүйе ретінде қарастыру қажет. Егер бізді, мысалы XIX ғасыр бойына әскери мундирлердің түстік сипаттамасының өзгеруі қызықтырса, онда пішін геометриясын зерттеудің қажеті жоқ. Біз белгілі кезеңдердегі түстердің өзгеруін қарастырамыз, пішін мен бөлшектер қай кезде қандай түске өзгергенін анықтаймыз. Бұл мысалда зерттелген пішін нысанын үстіртін түсін ғана зерттейміз. Костюм құрылымының өзгеру механизмін түсінгіміз келсе, оның бөліктерінің ішкі өзара іс-әрекеттерін анықтауымыз керек, яғни зерттеудің басқа жоғары деңгейіне – құрылымдық зерттеуге көшуіміз керек. Онда шартты бөліктерге бөлу, абстракция және сандық белгілер қолданылады.

Костюм пішінін қалыптастыру үдерісін зерттеу - өнеркәсіп өндірісінде костюмнің болашақ пішінін тиімділігі бір бөлігі болып табылады [21].

Костюмді жобалау үдерісінде пішін басты орындардың бірін алады. Костюмде қалыптасқан уақыт белгілерін көрсету қабілеті бар. Костюм нақты өмірдің күрделілігіне назар аудармай белгілі бір пішінді анықтау мүмкіндігін береді. Уақыт өткен сайын өзгерістерге ұшырағанымен, костюмнің кейбір белгілері тұрақты болады. Бұл тұрақтылық костюм дамуы кезеңдерін көрсетеді.

Костюмді жобалау үдерісінде пішінді қалыптастыру үлкен міндет атқарады, себебі бұл үдеріске интуициялық композициялық ізденіс пен қисындылық пішінді қалыптастыру кіреді.

Пішінді қалыптастыру пішін құрылымының біртұтас жалпы заңдылықтарына және пішін элементтері байланыстарының үйлесім қағидаларына негізделеді. Тиімді нұсқаға жету үшін пішін құрылымына өзгерістер енгізу қарастырылады (104 сурет).

Пішінді қалыптастыру қағидасы тұрғысынан жобалаудың алдында пішінге талдау жасалады. Пішінді қалыптастыру үдерісінде көркемдік жобалау өте күрделі: ол пішіннің көлемдік-кеңістік құрылымын және конструкциясын анықтайды. Пішінді қалыптастыру үдерісі суретшіден тек ішкі сезім мен дарындылықтан басқа қисынды ойлау қабілетін де қажет етеді.

Бүгінгі күнгі дизайндағы құрастыру тәсілі – кеңістікті, функционалды және графикалық құрылымдардың нұсқалық өзгеру заңдылықтарын. сонымен қатар типтелген элементтерді, нысандарды жоспарлау әдістерін қолданатын пішінді қалыптастыру әдісі.

Дизайндық жобалауда қолданылатын құрастырылған тәсілдерінен төмендегілерді ерекше атауға болады:

- тоқыма композицияларын, раппорт маталарын, тоқыма маталарын және біртұтас көлемді пішіндерді жазықтықта жасауға типтелген стандартты элементтерді құрамдастыру;

- белгілі базалық пішін ішіндегі бөлшектерді пропорционалды бөлу және құрамдастыру;

- әр-түрлі кесінділерге белгілі-бір пішін беру арқылы күрделі пішін жасау;

- дайын жинақтарды алу үшін нұсқаларды құрастыру.

Типтелген стандарттарды қолданатын тоқыма композицияларының түп кейіпі болып ұлттық ою-өрнектер болып табылады және олар әдетте аз қайталанатын элементтерден тұрады.

Пішін уақытқа байланысты өзгерістерге ұшырағанымен, кейбір белгілері тұрақты болады, бұл тұрақтылық костюм дамуын кезеңдерге бөлуге мүмкіндік береді. Пішінді зерттеу қажеттілігі таза ғылыми мүдделерден туындамайды, ол киімді қазіргі заманғы машиналы өндірісінің технологиялық және экономикалық жағдайларына байланысты, себебі өндірістік жобалауда бірінші кезекте тұрақты факторларға сүйену қажет.

Қарапайым пішіннен динамикалық ырғақта орналасқан кесінділерді пайдаланып күрделі пішін жасау әдісі қызықты болып саналады. Бұл кесінділер қарапайым геометриялық пішінде, сонымен қатар гүлдер, әртүрлі денелер түріндегі күрделі пішінде болуы мүмкін (105 сурет) .

Қорыта айтқанда, құрастырылған тәсіл – пішіндерді және олардың элементтерін әр-түрлі элементтермен құрамдастыру болып табылады.

Құрастырылған тәсіл – орын ауыстыру, топтастыру, аударып салу, ритмдерді ұйымдастыру секілді құрамдастырудың белгілі әдістерінде қолданады.

Күрделі пішін жасау үшін кесіндіні белгілі пішінге орналастыру – құрастырылған тәсілінің жеке әдісі болып табылады. Ол үшін бұрыннан белгілі, қарапайым киім пішіні: тік, төмен жағы кеңейген немесе тарылған белдемше, сондай бейнедегі көйлектер, жеңдер, жағалар, сөмкелер, бас киімдер алынады. Басқаша айтқанда, конустың немесе цилиндрлік пішінді алып, оны белгілі бағытта (вертикалды, диагоналды, горизонталды, аралас) кесіп, жинастыру (кесінділерді бірдей қашықтықта орналастыру немесе динамикалық ырғақта орналастыру) [23].

Киім пішінінің өзгеруі - сән талабы . Киім дизайнерінің басты міндеті көркемдік-әсемді пішін жасау болып табылады.

Көркемдік пішін - заттың көркемдік мазмұнын айқын көрсету үшін, әсемдік жүйелерінің көмегімен жасалған көркемдік шығарманың құрылымы, іштей ұйымдастырылуы.

Костюм пішіні оның бейнелік сипаттамасын көрсетеді. Пішін үйлесімділігімен мазмұны дизайнер еңбегінің нәтижесі болып келеді (106 сурет).

Пішінің негізгі белгілері - толықтық және құрылымдық (пішінің барлық элементтерінің ұйымдастырылуы).

Адам мүсініне байланысты орналастырылған костюм элементтері, костюм пішінін жобалауды әрқашан адам мүсіні мен костюм пішінінің өзара іс-әрекетін талдаудан бастаған жөн.

Костюм пішінін жобалау жағдайлары:

- жобаланатын талдау жасау, негізгілерін анықтау. Костюмнің функционалдық мақсатына қарай пішінің конструктивтік шешімін іздеу;
- жобаланатын пішінің пропорционалдық бөліктерінің нұсқаларын іздестіру, оларға талдау жасау. Бұйым конструкциясы мен пропорциялар арасындағы өзара байланыстарды орнату;
- пішін бөліктерінің көлемі мен массаларын оптимальды орналастыру;
- костюм тігілетін материалдың пластикалық қасиеттеріне, пішін бөліктерінің көлемділік пен дәрежесіне байланысты костюм пішінің өзгеруіне болжам - талдау жасау. Берілген пішінді ұзақ сақтай алмайтын жеңіл материалдардан тігілген көлемді костюм немесе модель адам денесі қозғалған кезде өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан, пішінің үлкен көлемдегі бөліктеріне костюмге арналған жұмсақ, пластикалық маталар пайдаланылады;
- пішінің сыртқы бейнесінің нұсқаларын қарастыру, костюм тігілетін материалдың пластикалық қасиеттерімен үйлесімдік табулары тиіс.


Силуэт пішінінің тек абристі, конфигуративті өзгерістерге ғана емес, сонымен қатар оның көлемі де өзгеріске ұшырайтынын есепке алу қажет. Пішін элементтерінің немесе оның бөліктерінің біреуінің өзгеріске ұшырауы, пішінің басқа бөліктерінің, элементтерінің өзгеріске ұшырауына әкеліп соғады (107 сурет).

Костюм пішінінің қасиеттері:


- геометриялық түрі (сызықтық, жазықтықтық, көлемдік пішін);
- көлемі (мөлшері);
- силуэті;
- сыртқы бейнесі (жалпақ, томпақ, иілген, қисықсызықты және т.с.с)
- фактурасы;
- түсі;

Тігін саласындағы мамандықтардың ерекшеліктері мынада, маманнан жаңа ойларды тұрақты түрде жылдам жүзеге асыру, оларды нақты материалмен тексеру, материалдық өнімнің – тауардың алуан түрін көптеген қасиеттермен шығару. Сондықтан, киімнің жаңа үлгілерін жобалау үдерісінде эвристикалық тәсілдер мен әдістер кеңінен қолданылады [19].


Қазіргі заманғы экономикалық жағдайлар, жеңіл өнеркәсіп салаларында қызмет ететін дизайнерлерге жаңа талаптар қоюда. Кәсіпорын тиімділігі көп жағдайда, өнімнің көркемдік және құрылыстық шешімдеріне тікелей байланысты. Кәсіпорын үлгілеушісінің еңбек өнімділігі, яғни ойларды жылдам жүзеге асыруы, сұраныс пен сән өзгерістеріне жылдам жауап табу мүмкіндігін тудырады.




Сурет 104. Костюм пішіндері



Сурет 105. Костюм пішіндерінің өзгеруі



Сурет 106. Костюм пішіндерінің өзгеруі



Сурет 107. Костюм пішіндерінің мүшеленуі

4.10 Костюм силуэты

Костюм пішіні - үлгінің көлемдік-кеңістіктік сипаттамасы болып табылады. Пішінге силуэт сипаттама береді.

Силуэт – пішінің жазықтықтағы бейнесінің көрінісі. Сәннің дамуына байланысты тенденциялардың өзгеруіне алып келеді.

Силуэт абрисі, контур сызықтары - силуэттік сызықтар деп аталады. Костюм пішінінің толық сипаттамасын алу үшін, оны жан-жақты, фронтальды (анфас), профильді (бүйірден қарағандағы бейнесі) талдаудан өткізеді [16].

Пішінің әртүрлі конструктивті шешімдерін қолдана отырып бірдей силуэт алуға болады. Костюм пішіні, бөліктер мен көлемдердің бірігуі арқылы оларды бір-бірімен біріктіру арқылы алынады.

Әдетте, силуэт бірнеше пішіндерден құралады, олар қарапайым немесе күрделі болуы мүмкін, оларды сипаттау жеңіл болуы үшін геометриялық пішіндермен: тікбұрышты, трапеция, дөңес және т.с.с мен салыстырады.

Костюм пішінін сипаттауға дәл келетін геометриялық пішіндерді бірнеше негізгі түрге бөледі: тік, трапеция тәріздес, жартылай қынамалы, толық қынамалы, дөңес.

Осыларды жеке қарастырайық.

Тік силуэт

Силуэттің бұл түрі кеңінен таралған. Мұнда геометриялық мүсін - символ ретінде тікбұрыш немесе төртбұрыш алынады, орналасу прапорциясына байланысты. Тік силуэтті киім адам мүсінінің көптеген кемшіліктерін жасыра алады, себебі бұл киімде бел сызығы көрінбейді.

Трапеция тәріздес силуэт

Мұнда геометриялық мүсін - символ трапеция. Киімнің ық сызығы мен бел сызығы трапецияның төменгі бөлігі болып саналады. Киімнің трапециялығы бұйымның жоғарғы жағы мен төменгі жағының мөлшерінің айырмасымен сипатталады. Трапецияның дәрежесі аз трапециялық силуэтті «А» деп атайды (108 сурет)



Сурет 108. Костюм силуэттері



**Жартылай
(полуприлегающий) силуэт**

қынамалы

Мұндағы мүсін - символ болып екі трапеция саналады. Жоғарғысы өзінің кіші жағымен төмен қараған, бел тұсына келеді. Трапециялардың жоғарғы және төменгі жақтарының айырмасы онша көп емес, сондықтан мұндай киім жай пропорцияларына жақын шамада болады. Бұл силуэтте, бел сызығы өзінің табиғи орнына орналасқан, сондықтан адам мүсінінің пропорциясын қайталайды. Жартылай қынамалы силуэт костюмдегі нюанстық қатынастардың мысалы бола алады. Костюм пішінінің, оның көлемі мен салмағының нюансы бұл силуэттің сипаттамасы болып табылады (109 сурет).

Сурет 109. Костюм силуэттері

Қынамалы силуэт

Силуэттің бұл түрі адам мүсініне киімнің дәл келуімен (қабысуымен) сипатталады. Мұнда пішінің екі түрі нұсқасы біріктірілген.

Бірінші пішін қарама-қайшы қағидасына сәйкес құрылған. Иық сызығын сипаттайтын жоғарғы трапецияның үлкен жағы мен бұйымның төменгі жағы өте үлкен, жіңішке бел, ал алдыңғы бой мүсінге қабысқан. Егер белдемше барынша ұзын болса және төменгі жағы кең болса, онда қарама-қайшылық дәрежесі де үлкен болып табылады. Бұл жағдайда алдыңғы бой мен белдемше салмақтары қарама – қайшы қатынаста болады (110 сурет).

Екінші пішін, «құм сағаты» деген атқа ие болады. «Х» формасынан, «құм сағатының» айырмашылығы «Х» нюанс қағидасы негізінде құрылады.



Сурет 110. Костюм силуэттері

Мұндағы мүсін-символ барлық силуэт түрлерінің арасындағы ең күрделісі болып саналады. Оны екі мүсінмен салыстыруға болады, жоғарғысы төңкерілген трапеция өзінің кіші жағымен бел сызығына орналасқан.

Адам мүсінінің төменгі нұсқалары бар. Олар белдемшенің кеңдігіне байланысты трапеция немесе тік бұрыш болуы мүмкін. Бұл силуэтті белдемше әртүрлі ұзындықты, тік немесе төменгі жағы жіңішкеуе болуы мүмкін. Жалпы алғанда, алдыңғы бой адам мүсініне қабысқан, аз көлемді белдемше силуэттік пішін алынады [21].

Дөңес силуэт

Силуэттің бұл түрі киім жобалауда кеңінен қолданылады. Мүсін – символы-дөңес. Бұл силуэттерде нық сызығы домаланған, жұмсақ, ал белдемшенің төменгі жағы тарылтылған болады.

Бұл силуэттегі киімнің төменгі жағына көбінесе бау орнатылады, ол бұйымның төменгі жағын тарылтуға көмектеседі. Бұл силуэтті көбінесе жастарға арналған сырт киімдерді жобалағанда қолданылады (111 сурет).

Жоғарыда келтірілген барлық силуэттерді модификациялауға болады. Силуэттерді кең көлемді немесе тар, ұзын немесе қысқа жасауға болады. Бұл жағдайда костюм пішінінің пропорциялары өзгеріске ұшырайды, бұл жағдай өз кезегінде костюм сипаттамасын өзгертеді, яғни костюм одан әрі динамикалық немесе статикалық қасиеттері арта түседі.

Сәннің даму бағытына сай силуэттер модификациясы өзгеріске ұшыратады. Жана сән бағыты қалыптасу кезеңінде бірнеше силуэттер пайда болады (әдетте 2-3) солардың негізінде сән қалыптасады.



Сурет 111. Костюм силуэттері

4.11 Костюмдегі икемділік

Пішін көлемді- кеңістік құрылым секілді болып келеді да, күрделі және өте жай болуы мүмкін, бір-бірімен қарым-қатынаста тұратын элементтердің тұтастығы. Пішіннің құрылымы қандай күрделі дәрежеде болғанмен элементтердің байланыс жүйесі бір-бірімен үйлесімді болуы керек.

Пішіннің элементтерінің бір қалыпты бірігуі және біртіндеп ақырын екінші пішінге енуі **ікемділік** деп атайды.

Пішіннің икемділік сипаттамасын бағалау кезеңінде үлкен мағына осы пішінді құрайтын сызықтар атқарады. Пішіннің бетінің қозғалыс бағыты силуэттік және конструктивтік сызықтар арқылы анықталады. Әр сызық өзінің сезім әрекетін атқара отырып, пішіннің қабылдануына түрлі психологиялық әсер тудырады.

Күрделі пішін әртүрлі сызықтар арқылы сызылады да, сол сызықтар жобалау нысанның икемділік қозғалысын анықтайды. Пішіннің икемділік қозғалыстарында бір қалыпты және секірмелі элементтердің түрлері кездеседі. Силуэттік сызықтардың икемділігін тұрақтап, бірігіп заттың пішінің икемді бейнесін құрайды.

Икемділік – түрлі факторлардан құралған және бейнелік құрылысты мәжбүр ететін пішіннің қасиеті. Бұлардың арасындағы ең маңыздысы зат жасалған материалдың икемділік қасиеті болып келеді. Дизайнер түрлі материалдармен жұмыс істеген кезеңінде олардың айқынды сапасын, мүмкіншілігін және икемділігін анықтап алу керек.

Костюм пішіні қарапайым болуы немесе көптеген элементтерден тұратын күрделі болуы мүмкін (112 сурет).

Костюм пішіні элементтерінің үйлесімділігін пластика деп атайды. Т.В.Козлова пластикаға төмендегідей анықтама берген: «костюм пластикасы дегеніміз - пішіннің бір бағыттан екінші бағытқа біртіндеп өтуі» [7].

Икемділік - костюмнің көркемдік-жобалау бейнені көрсететін костюм пішінінің маңызды қасиеттерінің бірі. Костюм пішінінің икемділік іс-қимылын, пішінді көрсететін сызықтар сипаттайды. Әрбір сызық өзінше пішіннің икемділік сипатын ашады.

Икемділік сызықтардың сипаттамалары әртүрлі - тік, қисық, көлденең, диагональды болып бөлінеді. Пішін икемділіктің пішіннің бір бағытын келесі бағытына бірден немесе біртіндеп өту мүмкін.

Костюм пішінінің икемділік ұйымдастырылуын дизайнер костюм эскизін жасау кезеңінде ойластырады. Костюм пішінінің икемді силуэт сызықтарының икемділігінде қимылдың біреуі айқын тұрады, сондықтан да ол басты деп саналады. Пішіннің басты икемділік қимылын Т.В. Козлова киімдер силуэттерінің классификациясын жасаудың негізіне алуды ұсынды (21).

Үлгіні жасауға пайдаланылатын материалдардың икемділік қасиеттері, костюм икемділігін анықтайтын басты факторы болып саналады.

Костюмді қалың, пішінді жақсы сақтайтын материалдардан тіккен жағдайда, костюм икемділігін тік, қалың, үзік сызықтар арқылы көрсетеді.

Пішін элементтерінің ырақты ұйымдастыру, силуэттің икемділі ұйымдастырылуымен сәйкес келуі тиіс. Пішіннің ырақтық қимылы костюмнің икемділігінің сипатына бағынышты болуы басты талаптардың бірі болып саналады.

Дизайнер жаңа костюм пішінін жобалау кезеңінде бұйым пішінінің икемділік қимылдарының үйлесімділігі, бұл костюмді киген адамның іс-қимылын есепке алуы тиіс. Костюмді икемді ұйымдастыру адам мүсініне, оның мүшелерінің пропорционалдылығына байланысты.

Костюм пішінінің икемділігі оның силуэті мен конструкциясына ғана байланысты емес, сонымен қатар костюмді технологиялық өңдеудің әдістері мен тәсілдеріне байланысты. Жогарыда келтірілген жағдайларды есепке ала отырып, мынандай қорытынды жасауға болады: костюм икемділігі пішін құрушы сызықтарға, құрылым пропорционалдылығына, пішін элементтерінің ырғақ шешіміне, матаның икемділік қасиеттеріне байланысты.



Сурет 112. Костюмдегі икемділік

4.12 Костюмдегі түс шешімі

Түс - костюм сипаттамасының басты факторларының бірі. Түс костюм бейнесін анықтайды және оның пішімін анықтайды. Түс сонымен қатар костюм композициясының элементі болып саналады және оны ұйымдастыру құрамы болып табылады. Суретші түсті пайдаланып, көрерменге эмоционалдык – бейнелік әсер етеді. Костюм жүйесінің элементі ретінде түс өзгеріп отырады, себебі сән талабына қарай, маусымдық түс тенденциясына қарай костюм түсі ылғи өзгерісте болады, костюм түсі матада екі жылға дейін сақталады [24].

Тұтынушылардың азғана бөлігі сәнге енген түсті костюмдерді сатып алады. Сатып алушылардың басым көпшілігі түс сәнге әбден енгеннен кейін ғана сатып ала бастайды.


Әрбір автордың киім үлгісін жасауда қолданылатын өзіндік түс таңдау жүйесі болады. Дизайнер костюм жобалауда әртүрлі түстерді пайдаланып, бұйымға эмоционалдық сипат беруге тырысады (113 сурет).

Сән бизнесі сферасында түстің маңызы үлкен, сондықтан сұранысы көп түстерді анықтау қажет. Егер тұтынушыға екі костюм ұсынсақ, бірі

тұтынушы ұнататын түстен тігілген, бірақ қарапайым, екіншісі соңғы сән үлгісімен тігілген, бірақ түсі қонымсыз, бұл жағдайда тұтынушы өзіне ұнайтын түстегі костюмді таңдайтындығы мәлім.

Жобалаудағы костюм коллекциясына дұрыс түс таңдай білу-коммерциялық табыстың басты факторының бірі.

Жобалаушы-суретшілер костюм композициясының монохромдық әдісін жиі пайдаланылады. Костюм композициясының монохромдық әдісінде бір ренді түс әртүрлі қоюлықта қолданылады. Монохромдық композициялар бір ренді түстердің гармониясы деп те атайды. Бұл гармонияны көлеңке қатарлары гармониясы деп те атайды. Бұл қатарлар валерлерде құралады. Мамандар арасында валерлер дегеніміз, түс рендерінің әртүрлі қоюлықтағы градациясы. Әдетте, валерлерді ақ және қара бояуларды қолдану арқылы жасайды. Валерлер шкаласын көлеңке қатары деп атайды. «Көлеңке қатары» әдісін қолдану



Сурет 113. Костюмдегі түс шешімі

арқылы костюм пішінінде түстердің гармониясын жасау мүмкіндігі туындайды.

Монохромды композицияны көбінесе іскерлік киімдерді, күнделікті кистін костюмдерді, егде адамдарға арналған киімдерді жобалауда пайдаланылады (114 сурет).

Табиғатта түстер бір-бірімен үйлесімділік тапқан, олар бірін-бірі толықтырып, айқынды көрінеді. Костюмнің түс құрылымы, қолданылған бірнеше түстің өзара іс-әрекетінің негізінде анықталады. Суретші костюм түсін таңдауды кездейсоқ, механикалық жолмен емес, колорит заңдарына сәйкес, жүйелі, саналы түрде таңдайды [25].

Колорит (лат.сөзі color-түс, бояу)- түстердің қатынастарының жүйесі, форманың барлық түстерінің жиынтығы, жалпы түстік фон. Костюм колоритін жылы, суық, тыныш, күміс және т.с.с бөледі. Колоритті колоратура анықтайды.

Колоратура – пішін колоритін құрайтын түстердің гармониялық үйлесімділігі. Колоратура костюм түсін анықтайды.

Колоратурадағы басым түстерге қарай колоритті жылы немесе суық, ашық немесе солғын, тыныш немесе тынымсыз болып бөлінеді. Бояулардың қоюлығына қарай колоритті айқын және солғын, күшті немесе әлсіз деп бөледі.

Әрбір костюм колоритті гармония заңдарына сәйкес түстердің үйлесуі арқылы құрылады. Костюмдегі түстердің үйлесімділігі, бірін-бірі толықтыруы, теңдігі, прапорционалдылығы болады.



Сурет 114. Костюмдегі түс шешімі

Костюмнің түс гармониясының заңдылықтары мен қағидалары бар. Пішіндегі түстердің өзара байланысы болады. Бір түс екінші түсті толықтырса, екінші түс керісінше көмескілейді, ал екі түстің үйлесім табуы, үшінші түске ықпал етеді. Костюмнің түс гармониясын жасауда, түс дақтары алаңдарының пропорционалдығы (көлемдерінің қатынасы) маңызды рөл атқарады.

Түс гармониясына сай орналастырылған түс дақтарының комбинациясы көркемдік жобалаудың басты мақсатына жетуге мүмкіндік жасайды, яғни костюм бейнесін жасауға және оны айқын көрінуіне мүмкіндік жасайды.

Сол үшін жобалаушы-суретші түстің композициялық функциясын пайдаланады. Ол көрермен назарын пішінінің элементтеріне аудартады. Костюм түсі композициясының үйлесімділігі жобаланушы киімінің қисынына оның мәніне сәйкес келуі тиіс.

Түс гармониясын композициясын дұрыс құра білмеу үлкен қателіктерге ұрындырады. Көптеген жас дизайнерлер алдымен костюм пішінін жасайды, оның барлық бөлшектерін анықтайды, содан кейін барып пішінің түсін анықтай бастайды. Бұл жағдайда жобаланған костюм пішінін оған таңдап алынған түс жараспай «бөтен» болып тұрады, костюм тігілген матаның қасиеттері мен модельдің конструктивті шешімі бір-біріне қарама-қайшылықта болады. Костюм пішішінің түс композициясы дұрыс таңдалмауы «түстік жобалау» және «колористикалы жобалау» ұғымдарын алғаш 1988 жылы А.В.Ефимов енгізді. Ол берген анықтама бойынша, түс пішіні адам санасында түс арқылы туындайтын түстік-кеңістік ұғымына сай, яғни ол адамның жеке әсеріне эмоциясына, көңілқүйіне, түсті қабылдауына, пішінді және түсті эстетикалық бағалауына байланысты болады [24].

Сонымен, зерттеушілердің пікірінше, костюм пішіні мен оның түстік композициясын гармониясы арасында өзара байланыс, бір-біріне бағыныштылық заңы бар.

Түс композициялық киімде құрылады. Көптеген дақтарды жүйесіз орналастырған дұрыс емес. Ол түс композициясын бұзады, көрермен автордың басты мақсатын түсінуге қиыншылықтар тудырады.

4.13 Костюмдегі сәндік элементер

Костюм адамның киімге қажеттілігін қанағаттандыру қызметінен басқа эстетикалық қызмет атқарады. Киімді сәнді безендіру арқылы оның тартымдылығы арттыруға болады. Қазіргі заманғы костюмдердегі сәндеу кең өріс алған (115 сурет).

Костюмді жобалаудың сәндік бағытын екі топқа бөлуге болады.

I топ. Костюм матасы мен материалдарының сәндік безендіруі:



- боялуы;
- набойка (матаға сурет басу);
- матаны әрлеудің әртүрлі әдістері (батик, шелкография және т.б.);
- көркемдік тоқу;

II топ. Костюмнің жапсырма сәндік:

- өрнектеу;
- аппликация,
- пэчворк (мата кесінділерімен құрастыру);
- квилтинг (пэчворкке көлемді фигуралы тепшімді орнату);
- перфорация;
- бүрку;
- өру (плетнение);
- инкрустация (басқа материалдармен безендіру-тері,

Сурет 115. Костюмдегі сәндік элементтер

- қайыс, тоқыма мата және т.б.);
- фурнитура (түймелер, тесьма, өрім жіптері, кнопка т.б.);
- безендірудің әр түрлері (бахрома, тесьма, ою-өрнек, лента т.б.);
- әртүрлі материалдардан жасалған көлемді композициялар және жасанды гүлдер (тері, бисер, мата, қайыс, сым, айна модульдері және т.б.);
- жапсырма әшекейлер (металл безендіргіштері-модульдер, әртүрлі тастар (стразы), кристаллдар және т.б).

Костюмге қойылатын талаптарда декор (сәндік нақыштар) қарастырылмаған. Бірақ көрермен назарын аудару үшін декордың алатын орны бар. Құрылымы қарапайым, бір түсті матаға декор жақсы салынады. Ал суреті бар матаға орналастырылған декор жақсы көрінбейді [20].

Костюмге орнатылған декор үлгіге ерекше көркемдік бейне беруі тиіс. Жас дизайнерлерді декормен тым әуестеніп, ерекше безендіруден сақ болуға үйрету қажет. Костюм жобалаудың мақсаты оны тым безендіру емес, сұранысқа ие болған сәнге сай келетін костюмдер шығару (116 сурет).

Автор тұтынушының тілегін есепке алуы шарт. Бұл суретші жобалаушыны костюм үлгісін аса, тым безендіруден сақтайды. Костюм әрине безендіруді қажет етеді, бірақ безендіруді, жобаланатын үлгінің барлық басты талаптары орындалғаннан кейін жүргізген дұрыс. Дизайнды безендірумен шатыстыруға болмайды.

Костюмде декорды қолдануды анықтайтын факторлар:

- костюмнің функционалдық мақсаты (арнайы жұмыс киімдері мен қатаң іс киімдеріне декордың қажеті жоқ);
- костюм үлгісінің стильдік бағыты (таза классикалық стиль декорды қажет етпейді);



- костюм пішінінің конструктивті шешімі (қарапайым конструкцияға декор салуға болады, ол конструктивті шешімнің ерекшеліктеріне әсер етпейді);
- костюм пішінінің пластикалық шешімі (декор пішінінің жалпы пластикасын, костюмнің пластикалық ұйымдастырылу гармониясын бұзбау керек, костюм сызықтарының динамикасына әсер етпеу керек);
- костюм материалдарының фактурасы (көп жағдайда фактура қосымша декорлеуді қажет етпейді);


Сурет 116. Костюмдегі сәндік элементтер

- үлгінің өндіріс процесінің технологиялық талаптары (декор көп жағдайда өнеркәсіп жағдайында үлгінің технологиялығын төмендетеді, сол
- себепті киімнің арзан үлгілерін шығарудан бас тартуға тура келеді);
- костюм үлгісіне қойылатын экономикалық талаптар (киім экономикалық жағынан тиімді болуы керек, егер декорлау материалы, еңбек шығынын арттыратын болса, бұйымның бағасы да артады, ал ондай бұйымды өндіру экономикалық жағынан тиімсіз болып қалады).

4.14 .Костюмдегі фактура түрлері

Фактура бізді қоршаған заттар әлемінің қасиеті, ол да пішін, түс секілді адамға әсер етеді. Жасалған заттың көркемдік бейнесі фактураға байланысты.

Материал фактурасы костюм композициясының құралы, әрі элементі болып табылады. Костюм доминантка, киім үлгісін жасауда материал фактурасы ұсынылады. Фактура мен текстураны дұрыс таңдап, пайдалана білудің костюм киіміне маңызы үлкен. Енді, фактураны таңдауды қалай жүргізу қасиеттілігін қарастырайық. Көп жағдайда фактураны таңдау сәннің таралу кезеңіне байланысты. Әлемдік сәнге бастау стилдің де фактураны таңдауға ықпалы үлкен (117 сурет).



Сурет 117. Фактура

Костюм композициясын жасаушы суретші, сол кезеңдегі қолданыстағы сәннен бір қадам алда болуға тырысуы керек, өйткені оның жасаған композициясы сән ағымынан кейін қалып қояды. Сондықтан, фактураны таңдау сол кезеңдегі сән тенденциясына сәйкес жүргізілгені жөн.

Фактура костюмның силуэтті мен пішінін айқындауға көмектеседі, сонымен қатар автордың өзіндік көзқарасын көрсетеді, әр суретшінің жеке стилін көрсетеді [26]. Фактураны таңдауда сақтық қажет. Себебі фактура мен

материял костюм пішіні көркемдік жағынан ұтылады. Бұл жағдайда бейненің гармониясы бұзылады, оның тұтастығы көркемдігі кемиді.

Материал фактурасы модель молшеріне, моделді пайдаланатын ортаға, оның пайдалану мақсатына сәйкес болу керек.

Енді, фактураның костюм композициясына қосатын үлесі қандай, соны қарастырайық. Біріншіден, әртүрлі фактурамен материалдарды қолдану үлгінің эстетикасын арттырады, стиль таңдау мүмкіндігін арттырады, сәнді киім тұтынушылардың таңдау мүмкіндігін арттырады.

Сонымен қатар фактура, өнеркәсіптік модельдерді жобалаудың (бұйымдар бір конструкциялық базаға негізделгенде) көптеген нұсқаларын енгізуге көмектеседі. Егер жобаланушы бұйымдардың пішіндері бір-біріне ұқсас болатын болса және детальдарының пропорциялары мен конфигурациялары бірдей болса, онда әр түрлі фактуралы материалдарды пайдалану арқылы көркем сәнді киімдер тігуге болады.

Суретшінің саналы түрде таңдап алған фактурасы кей жағдайда автордың бастапқы идеясын, үлгінің эмоционалдық құрылымын, пропорцияларын да өзгеріске ұшыратуы мүмкін. Бұл жағдайда суретші мен фактура үлгінің қосымша авторлары ретінде көрінеді. Бұл жағдай костюм композициясында материал фактурасының қаншалықты маңызды бар екендігін көрсетеді.

Фактура өзіне жеткілікті назар аударғанда және дұрыс кәсіби қолдануды талап етеді. Фактура элементтері көлемдеріне қарай бөлінеді: кейбіреуі пішіннің өзіндік элементі ретінде көрінеді, олардың саны көп болмайды. кейбіреулерінің саны өте көп, көлемдері кіші болады. Фактура элементінің көлемі үлкен болған жағдайда, ол мата «рельефіне» ықпалын тигізеді, ол матаны бөліктерге бөліп, сол бөліктер элементі ретінде көрінеді (118 сурет).



Сурет 118. Фактура

Фактураның бұл қасиетін біртұтас бейне жасағанда есепке алған жөн.

Фактураға жарық түсірілуі дәрежесіне қарай фактураның әсері де әр түрлі болады. Түкті, біртегіс емес, толқынды маталарға жарықтың түсу бұрышы өзгергенде олардың адам назарына әсері де өзгереді.

Әртүрлі фактура материалдарын пайдаланғанда бір түстің өзі әртүрлі әсер қалдырады. Фактураның бұл қасиеті бос уақытта және демалыста киетін киімдерді жасауда, балалар ассортиментін жасауда пайдаланған дұрыс. Түкті материалдардың түсі солғын көрінсе, біртегіс материалдардың түсі айқын көрінеді. Жылтыр маталардың түсін бірден анықтау қиын, адам назарына алдымен матаның жылтырлығы ілінеді, содан кейін ғана түсін анықтауға болады.

Костюм матасының фактурасына байланысты, мүсін массасының адам назарына әсер етуі де өзгереді. Сырты біртегіс маталардан тігілген киімде үлкен массаның өзі жеңіл көрінеді, сондықтан толық адамдарға киім тігуге жиі қолданылады. Ал, ауыр фактуралы, түкті маталардың тігілген киім массалы, үлкен, ауыр әсер қалдырады, мұндай фактура мүсінді үлкейтіп көрсетеді.

Дизайнердің алдында көптеген жағдайда бір костюмде әртүрлі фактуралы материалдарды үйлестіріп қолдану міндеті тұрады. Бір үлгіде әртүрлі фактуралы материалдарды қолдану арқылы әртүрлі шешімдер шығаруға, үлгінің пайдаланылу сапасын арттыруға, бұйымды дайындаудың технологиялық үдерісіне жаңалықтар енгізуге, қымбат бағалы материалдарды үнемдеуге (мысалы тері, қайыс және т.б.) мүмкіндік береді. Фактуралардың сандық және сапалық пропорцияларын дұрыс шешу арқылы көркем үлгісін алуға болады. Сонымен қатар, әртүрлі фактуралы материалдарды қолдану, шығарылатын бұйым ассортиментін арттыруға ықпалын тигізеді [26].

Мысалы, екі тігісті тік белдемшені негізге алайық. Біртегіс костюм матасынан тігілген белдемше іскерлік киім болады, ал рельефті, сыртынан өрнекті, шілтірлі жапсырма кигізсе, оны сауық кештеріне киюге болады.

Фактураны тиімді, орынды пайдалана отырып, жаңа бағыттар, жаңа стильдер жасауға болады.

Тоқыма материалдардың фактурасы мен текстурасы

Қазіргі заманғы технологиялық жаңалықтарға қарамастан, мата мен тоқыма материалдардың фактурасы мен текстурасы сәннің басты сипаттамаларының бірі болып саналады.

«Текстура» ұғымы ғылымның, техниканың, өндірістің әртүрлі салаларында кеңінен қолданады. Мысалы, мрамордың, ағаштың, ағаш көмірінің және т.с.с.

Текстура - материал бетіне орналасқан ерекше өрнек, ол осы материалдың құрамдас бөліктерінің орналасуына байланысты түзіледі (дәнер, кристалдар, жіптер, талшықтар және т.б.).


Мата текстурасы - матаның ішкі құрылымының сыртқы көрінісі, материалдың көрінетін құрылымы.

Мата құрылымына қарай қарапайым және күрделі болып бөлінеді. Қарапайым матада оны құраушы жіптер бір қабатта орналасады. Бұл матаның беті бір тегіс, біркелкі болады. Кейбір қарапайым маталар майда орнекті болады, олар ойдан шығарылған және аралас болып бөлінеді.


Ойдан шығарылған рогожка, репс, саржа, сатин, атлас жатады. Аралас қиюласуды матаның бір рапортында әртүрлі қиюласуды орналастыру арқылы, бір қиюласуды екіншісінен бастыру арқылы алады.

Күрделі маталар өзінің құрылымына қарай біржарым қабатты, екі қабатты, екібетті, көпқабатты, түкті, ажурлы, күрделі фасонды болып бөлінеді. Мата текстурасына қиюласудан басқа матаның тығыздығы немесе бостығы, тоқыма жіптің сапасы, негізгі және қосымша жіптердің сызықтық тығыздығы, жіптің керілу дәрежесі және т.б. ықпалын тигізеді (119 сурет).

Мата тоқуда әртүрлі жіптер пайдаланылады: моно жіптер, кешенді, бұралған, есілген, меланжды ирленген, армотуралы, фасонды, мулинэленген, жылтыр, металданған, букирленген. Сонымен қатар әртүрлі өрім-қарапайым және фасонды қолданады (120 сурет) [27].



Сурет 119. Тоқыма материалдардың фактурасы



Сурет 120. Тоқыма материалдардың фактурасы


Мата текстурасы 4 топқа бөлінеді.

1-топ-біртегіс. Мұндай матаны тоқуға негізгі және арқау жібінде сапасы бірдей өрімге қолданылады, бет жағы тығыз болады. Бұл текстуралы матаға драп, кашемир жатады.

2-топ- бұдырлы. Мата беті бұдырлы болуы үшін арқау жібі жуандау жіп пайдаланылады. (Поплинмен габардинде көлденең, ал саржада диаганалды). Бұл жағдайда майда бұдырлы мата шығады. Бір жарым қабатты матада бұдыр салу үшін матаның ішкі жағына эластикалық жіптер жіберіледі, олар матаның беткі қабатын тартып, қысады содан бұдыр пайда болады. Бірдей жіптерді пайдаланып та бұдыр жасауға болады.

3-топ-рельефті. Талшық құрамы мен тығыздығы әр түрлі жіптерді қолдану арқылы неше түрлі қиғаш тігістер алуға болады. Әсіресе, қолымен тоқығандай әсер қалдыратын қиғаш тігістер жақсы әсер қалдырады. Әр түрлі тоқыма қиуласулары (ажурлы, филли және рельефті) мата бетіне неше түрлі бұдырлар, төмпешіктер, сайлар, жолақтар (көлденең және тік), «карл», жартылай доғалар және басқа салулар болады (121 сурет).

4-топ-түккі. Тоқудың арнайы технологиясын қолдану арқылы мата бетін түкті етіп алынатын маталарға мыналар жатады: бархат, помбархат, плюш, велвет, табиғи және жасанды [26].



Сурет 121. Текстура

Фактура

«Фактура» ұғымы (латын тілінде *facture*-өңдеу) сөзінен шыққан, ол тоқыма және тоқылмаған мата бетін өңдеудің ерекшелігін көрсетеді.

Өңдеудің технологиялық тәсілдерінен басқа, фактура сипаттамасына жіптің талшық құрамы да ықпал етеді. Фактураны түзуде шикізатты дұрыс тандай білудің маңызы үлкен. Алтын және күміс жіптер, синтетикалық талшықтарды дұрыс қолдану арқылы адамға жақсы әсер қалдыратын мата фактурасын алуға болады.

Қазіргі кездегі біркелкі тоқыма мата бетін күрделі ою-өрнектермен өңдеу, безендіру киім жобалауда кеңінен қолданады. Бұл тәсілмен өңдеуді дизайнер баудың, өрілген жіптердің, валиктердің, түймеліктердің және т.б көмегімен жүзеге асырады. Пальтоға арналған жүн маталарына суреттеп түк салу, оларды қырку арқылы салынады. Мақтадан жасалған маталарға синтетикалық талшықтарды термоөңдеуден өткізу арқылы қосып, жолақтар жасауға болады, мысалы серсакер матасы (жолақ пен біркелкілік кезектесіп орналасқан).

Фактуралар классификациясы.

Фактуралар 4 топқа бөлінеді:

1-топ - күңгірт. Фактурасындағы шикізаттар мыналар: табиғи жүн, мақта, кендір, пенка және т.б. Күңгірт фактураға жататындар: миткаль-тоқылған қағаз –мақта матасы, ситец, тик. Күңгірт фактурасы түскен сәулені жылы жұмсақ етіп көрсетеді.

2-топ - жалтыр. Бұл топтың басты өкілі-атлас. Ол тығыз жылтыр мата, оның арқау табиғи арқау жібі немесе вискозды және атцеттаты жіптерден, ал негіз жібі мақта жіптерден құралады. Бұл топқа обьяр жатады. Парча мен обьярдың айнадай жарқыраған беті (біртегіс немесе оюлы мата. алтын немесе күміс жіптермен әрлендірген) одан тігілген киімді әсем, көркем көз назарға бірден түсетіндей етеді. Бұрын парчаны алтын немесе күміс жіптермен әрлендірсе, қазіргі кезде олардың орнына металданған жіптер метонит немесе радусная қабыршағы қолданылады.

Фактураны жалтырату үшін «паке» тәсілі қолданылады. Мата беті атлас секілді жалтыр, біркелкі болып шығады.

3-топ – қысылған. Екі қабатты маталарда қысылған эффектісін алу үшін декатировка (матаны бумен немесе ыстық сумен өңдеу) тәсілін қолданады, сонда мата шөгеді, отырады. Матаның жоғарғы қабаты мен төменгі қабатының әртүрлі шөгуі нәтижесінде мата қысылады. Матаның шөгуі тиіс емес қабатына калпрон, ацетат, полиэфирлі және кешенді жіптер пайдаланылады. Қысылу эффектісін «клюкс» деп атайды.

Матаға өрнек салу үшін каландірлеу қолданылады. Каландірлеу дегеніміз- әртүрлі валдар жүйесінен тұратын машина, сол валдардың арасымен материал өткізіледі. Каландірлеу арқылы матаны жылтыр етуге болады.

4-топ-түкті . Бұл фактураны электрофлакирлеу (бархат тектес ету) және фулеровка арқылы, сонымен қатар тарау арқылы алады.

Түкті фактуралы матаға жататындар: фланель-екі жағы да түкті, таралған, қағаз-мақта немесе жүн матасы; шевлот-костюмге арналған түкті жүн матасы; шотландка-ішкі беті аздан таралған, клеткалы мата. Сонымен қатар, мохер мен ангор жүнімен тоқылған бұйымдар да түкті фактураға жатады [26].

Эскиздік графикадағы фактура

Эскиздік графикада «графикалық фактура» деген ұғым бар. Эскиздерде фактураны салуды және қолдануды студенттер «костюмды көркем жобалау» курсының бағдарламасына кіретін «әртүрлі материалдарды графикалық бейнелеу» тапсырмасын орындау кезінде машықтанады.

Студенттерге әртүрлі тоқыма материалдарын бейнелеу арқылы оларға жұмсақтық, қаттылық, серіппелік, түктілік және т.б. беру максаты қойылады. Мата фактурасы мен текстурасының графикалық эквиваленттерінде рең болады. Студенттер тапсырманы ахроматикалық түстермен орындағандықтан костюм тоны фактуралық және текстуралық дақтармен бейнеленеді, олар қарапайым және күрделі, ашық және күңгірт, ірі және майда дәнді, біркелкі және аралас болып бөлінеді. Графикалық құралдардың пайдалануына байланысты олардың шеттері айқын немесе күңгірт көрінуі мүмкін. Дақтардың ренділігі бірден немесе біртіндеп өзгеруі мүмкін.

Адам назарына ілінетін фактура мен текстураның реңдік градиациясы костюм бейнесінің жалпы интонациясына байланысты болады.

Костюмнің текстуралық құрылымының интонациясы дегеніміз, орталықтанған реңдік жүйе, оның функционалдық құрылымында текстуралық тоника басты рөл атқарады.

Тоника (грек сөзі *tonos* - басымдылық) костюм графикасында негізгі текстуралық немесе фактуралық акцент болып саналады.

Текстуралық тоника костюм интонациясын анықтайды, костюмнің фактуралық және текстуралық құрылымына біркелкілік береді. Матаның фактурасы мен текстурасы көркемдеу құралы болып табылады, олардың көмегімен костюмге көрермен назарын аударуға, белгілі реттілік пен негізгі бөлшектердің қосымша бөлшектерге назар аударуына мүмкіндік тудырады. Фактура мен текстураның көмегімен костюмнен әртүрлі әсер қалдыруға болады.

Графикалық фактураларды орындауға берілетін кеңестер.

Мата фактурасын графикалық имитация жасау үшін әртүрлі құралдар мен тәсілдер қолданылады:

- әртүрлі заттардың рельефті көріністерін басып, түсіріп алу, ол үшін резина, паралон, губка, пенопласт, тор және т.б. пайдалану;
- умаждалған қағазды үтіктеп, қысылу эффектін алу;
- қағазды жырту, кесу, тесу, тырнау арқылы нештүрлі эффекттер алу;
- қайрақ қағазына қаламмен штрихтар салу арқылы бұдырлық алу;

- пульверизатор немесе аэрограф көмегімен бұрқу;
- желім, құм, калька, әртүрлі ұнтақтар жағу;
- жарық пен көлеңкенің үйлесу эффектісін алу. Ол үшін умаждалған, жыртылған, тесілген қағаздарды әртүрлі суретке басып, оларды ұлғайтып немесе кішірейтіп әртүрлі оптикалық эффектілер алу;
- «құрғақ қылқалам» тәсілі. Бояуы аздап кепкен қылқаламды бұдыр қағаз бетімен жүргізу, қылқалам қағаз бетін толық боямайды, тек қағаздың шығыңқы бұдырларын ғана бояйды;
- сұйық бояудың көмегімен «жайылу» эффектісін алу, қағаз бетіне жайылған сұйық бояу немесе теріні имитация жасайды.
- коллаж тәсілі. Жасанды талшықтардан матаны имитация жасау үшін каллаждің әр түрлерін пайдалану. Қайысты жылтыр емес полимер қабыршақтары мен имитация жасайды. Әртүрлі фактуралар алу үшін фактуралы суреті бар қабырға жапсырма тұсқағаздары, әр түрлі умаждалған қағаздар, фотосуреттер және т.б. қолдану;
- фактураны рельефті орғышыны, ағаш кесіндісінің бетіне жұқа қағаз қойып графит түрлі-түсті қаламмен бояу арқылы алу (122 сурет).



Сурет 122. Костюмдегі фактура

4.15 Костюм ансамблінің композициялық бірлестігі


Костюмде ансамбль деген түсінік киімнің барлық түрлерін қамтиды. Оған костюм, бас киім, аяқ киім, қосымша элементтері (сөмкелер, шемодандар т.б.), сәндік заттар – аксессуарлар « қол шатыр, сағат, белдік т.б.) жатады.

«Ансамбль» түсінігі бөлек элементтердің жинақтарының композициялық бірлестігімен байланысты, бірақ әрбір жиынтық белгілі функционалды жағдайды шешу үшін жасалады. Басқаша айтқанда, әрбір жиынтық негізінде элементтер арасындағы өзара орналасуын анықтайды. Элементтердің кеңістікте бір біріне сонымен қатар ансамбль элементтерінің арасындағы бірлестігіне жетуде өте мағыналы.

«Ансамбль» жүйесінде бұйымды жобалауға үш негізгі принципті қолданады:

- пластикалық түйесу принципі;
- ырғақ түйесу принципі;
- қарақайшылық, нюанс, тепе-теңдік принципі.

Түрлі заттық топтардың ансамбльдік шешімдерінде өздеріне сай жеке терминдерін қолданады: гарнитур, жинақ, жиынтық (123 сурет).



Сурет 123. Ансамбльдің заманауи шешімі

Ансамбльдегі жеке элементтердің өзгешілігі композициялық бірлестікке барып тіреледі. Олардың барлығы өзіне тән функцияны атқарады. Ансамбльдегі элементтердің кеңістікте өзара орналасқаны композициялық байланысты анықтайды. Элементтердің композициялық қарым-қатынастары көркемдік айқындықты, тұтастықты және бірлестікті шешеді [7].

Түрлі жағдайларда ансамбльдің қарым-қатынасы, кеңістікте орналасуы және маңызы әр түрлі болады. Бір жағдайларда элементтердің орналасуы тұрақты болады. Мысалы, сәулетте, кіші сәулеттік пішіндерде, көлем мен аудандарда (ішкі, сыртқы). Екінші жағдайларда тұрақсыз, себебі, адамның тіршілік ету және заттарды қолдану үдерісінде элементтер өзгеріп тұруы мүмкін.

Барлық жағдайларда ансамбльді анықтағанда оның сөзсіз шарты – келісімділік (124 сурет).

Қай ансамбль болсада, оның композициялық бірлестігі жеке заттарға бекітілген заңдылықтар мен әдіс арқылы шешіледі: ол бастапқы элементі анықтау, екінші дәрежелі зат-элементтерді бір бірімен үйлестіріп, бір тұтастыққа жеткізіп, бастапқыға бағындыру т.б. Бірақ ансамбльді жасауда өзінің арнайы принциптерімен ерекшеліктері және заңдылықтары болады.



Сурет 124. Ансамбльдің заманауи шешімі

Олардың негізгі ерекшеліктерін қарастырайық. Ансамбль шешіміне қажеттілер:

- бір жеке зат бүтін деп алынбайды, ансамбльге кіретін барлық заттар жиынтығын біріктіріп, әрбір жеке зат – оның бөлігі және бөлшегі деп қарастырылды;
- ансамбльдің композициясы ең алдымен заттар арасында пішін, көлем, мөлшер, түс, мата және орналасу қатынастары арқылы орындалады;
- ансамбльдің әрбір заттарының пішінін, көлемін, масштабтық құрылысын, түсін т.б. шешкенде, заттардың көрінісін, арнауын және орналасу орнын ескере отырып жалпы композициялық ойдан шығу керек;
- ансамбльде функционалдық мәнді элемент неғұрлым қажет болса, соғұрлым ол басқа элементтерден өлшемі ірі болып, масштабты құрылысы, пішіні мен силуэттің мәнерлігі, ынталы ырғақтық тәртібі т.б. қасиеттері негізгі болып бірден көзге түсу керек;
- ансамбльдің қосымша элементтері майда масштабты, бөлшектерінің пішіні басты элементке бағынышты болу керек;
- элементтердің кеңістікте өзара орналасуында, ара қашықтығында композициялық заңдылықтардың бағыты болу керек, ырғақтың өсуі басты элементке, яғни, композициялық орталыққа ұмтылу керек.

Егер кейбір заттардың композициясы «өзінің ішінде» тұрғызылса, онда ансамбльде композицияны алдымен заттар арасында немесе топтар арасында олардың өзара байланысына қол жеткізу арқылы тұрғызу қажет.

Мұнда келесі заңдылықтар орнатылуы мүмкін:

- егер бөлек зат пішіні күрделі, маталарының түсі әсемді т.б. болса, онда топқа кіретін зат анық, қарапайым болу керек; күрделілік пен әсемділік заттардың бір-бірімен үйлесімді байланыстарында болу керек;
- заттардың топтарының сәйкестігі арқылы құрылған үлкен көп затты ансамбльде, осы топтардың өзі тұтас, біркелкі, мәнерлі, бір-біріне сәйкес болу керек; ансамбльге кіретін топтар неғұрлым көп затты болса, соғұрлым олардың арасындағы заттардың байланысы көбірек және күрделі болса, ол жерде өздерінше топшалар пайда болады;
- ансамбльге кіретін заттарды тұрғызу заңдылықтар арқылы үлкен және кіші пішінді етіп жасау керек [21].

Тәжірибелік жұмыс №1

Қазіргі маусымдағы бастапқы силуэттерді талдау. Негізгі түрлерін анықтау (2-3 силуэт), оларды геометриялық ұқсастықтар (аналог) ретінде белгілеу. Таңдалған силуэттік пішін негізінде 6-8 костюм эскиздерін әртүрлі нұсқада сан-алуан пропорционалдық шешімдерін орындау.

Құрал-жабдықтар: тушь, қалам.

Орындау техникасы: сызық, сызық-дақ, дақ.

Тәжірибелік жұмыс №2

Әртүрлі айшықталған костюм композициясының амалдарының статикалық және динамикалық костюм пішіндерінің 2 серия фор-эскиздерін орындау, алғашқы екеуінде статикалық, ал қалған екеуінде динамикалық фор-эскиз қатарын құру.

Құрал-жабдықтар: тушь, қалам, фломастер.

Орындау техникасы: сызық, сызық-дақ, дақ.

Тәжірибелік жұмыс №3

Алғашқы тапсырмадағы фор-эскиздегі сызықтарды талдау. Костюмде динамика мен статика қолданылған ең жақсы 6 фор-эскизді таңдап алу. Костюмде 6 эскиз статикалық қарым-қатынасты толықтыратын және 6 эскиз динамиканы толықтыратын үлгілерді салу.

Құрал-жабдықтар: тушь, гуашь, фломастер, қалам.

Орындау техникасы: бір хроматикалық түсті қолдана отырып сызық, сызық-дақты, дақты композиция құру.

Тәжірибелік жұмыс №4

Метрикалық және ырғақтық ұйымдастырылған пішін элемент-теріне 2 сериялы фор-эскизді орындау.

Құрал-жабдықтар: тушь, қалам, фломастер.

Орындау техникасы: сызық, сызық-дақ, дақ.

Тәжірибелік жұмыс №5

Тік, көлденең және диагональ бағыттары бойынша пішін бөліктері мен бөлшектерінің ырғақтық қатармен құрылған 7 костюм эскиздерін орындау.

Құрал-жабдықтар: тушь, фломастер.

Орындау техникасы: сызық, сызық-дақ, дақ.

Тәжірибелік жұмыс №6

Пішін қарама-қайшылықты, пластиканы, реңк шешімін қолдана отырып 7 костюм эскиздерін орындау.

Құрал-жабдықтар: тушь, гуашь.

Орындау техникасы: бір хроматикалық түсті қолдана отырып сызық, сызық-дақты, дақты композиция құру.

Тәжірибелік жұмыс №7

Пішіннің, пластиканың, реңнің, түстің нюанстық шешімімен 7 костюм эскиздерін орындау.

Құрал-жабдықтар: тушь, гуашь, мелки.

Орындау техникасы: сызық, сызық-дақ, дақ.

Тәжірибелік жұмыс №8

а) костюм пішінін, б) костюм бөлшектерінің, в) реңдік және түстік дақтарын, г) аксессуарлар мен толықтыруларының симметриялық және асимметриялық шешім негізінде 2 сериялы 7 фор-эскизді орындау.

Құрал-жабдықтар: таңдау бойынша

Орындау техникасы: сызық, сызық-дақ, дақ.

Тәжірибелік жұмыс №9

Алғашқы тапсырмадағы фор-эскиздерді талдау. Жақсы орындалған 5 үлгіні таңдау. Таңдап алынған фор-эскиздер бойынша костюмдегі симметрия және асимметрияны қолданып киімнің 5 эскизін орындау.

Тәжірибелік жұмыс №10

Сыртқы симметриялық пішінде асимметриялық принциппен құрылған костюмнің 3 эскизін орындау. Айшықталған бейнелік шешіміне қолжеткізу.

Құрал-жабдықтар: таңдау бойынша

Орындау техникасы: әртүрлі техника.

Тәжірибелік жұмыс №11

Әртүрлі колористикалық шешімде киім үлгілерінің 3 сериялы фор-эскиздерін орындау. Түстік қарым-қатынастың пропорционал-дылығына қолжеткізу.

Құрал-жабдықтар: гуашь, акварель.

Орындау техникасы: әртүрлі техника.

Тәжірибелік жұмыс №12

Алғашқы тапсырмадағы фор-эскиздер негізінде әртүрлі коло-ридте 3 костюм эскиздерін орындау.

Құрал-жабдықтар: гуашь, акварель.

Орындау техникасы: әртүрлі техника.

Тәжірибелік жұмыс №13

Графикалық ұқсастық фактурасына әртүрлі бейнелеу өнерінің тәсілдерін қолдана отырып 3-4 үлгілер қатарын орындау.

Нұсқа форматы: 5x7 см.

Құрал-жабдықтар: тушь, гуашь, мелки.

Тәжірибелік жұмыс №14

Алғашқы тапсырмадан жақсы орындалған фактуралы нұсқаларын таңдап алу. Оларды негізге ала отырып және фактуралық көрсетілімін қолдана отырып, костюм эскиздерінің сериясын құру (5-7 шт.). Костюмдік бейнелік шешімінің бүтідігін, айқындығын іске асыру. Үлгінің фактура шешімі мен костюм пішінін мінездемелік тәуелділігін талдау.

Тәжірибелік жұмыс №15

Графикалық эквивалент фактурасының үлгілер топтамасын құру. (50-60 үлгі). Келесі тапсырмаларда табылған графикалық шешімдерді костюм пішіндері эскиздерінде қолдана білу.

Дайындалу сұрақтары

58. Пішін элементтері дегеніміз не?
59. Пропорционалдық дегеніміз не?
60. «Пропорция» ұғымының анықтамасы?
61. Қандай пропорциялар арифметикалық деп аталады?
62. Геометриялық немесе иррационалдық пропорциялар дегеніміз не?
63. Пропорционалдық модуль деген не?
64. Қандай пропорциялар «алтын қиынды» деп атайды?
65. Заттың пропорциясы қоршаған заттың орта пропорцияларымен қалай байланысады?
66. Шығармашылық затты жобалауда қандай негізгі көлемді қолданылады?
67. Көркем шығармашылық объектінің эмоционалдық көркемдігіне заттың пропорциясы қалай аталады?
68. Көлемдік (масштабтылық) деген не?
69. Адамды қоршаған заттың ортаны жобалауда көлемділік талаптарының болуын немен түсіндіресіз?
70. Жеке затты композициялауда көлемділік нені анықтайды?
71. Ансамбль композициясында көлемдік нені анықтайды?
72. Көлемділік пен пропорциялау қалай байланысады?
73. Көркем шығармашылық бұйымдарын жасағанда, құрудың үлкен және кіші организмдері пішіндерінің қандай заңдылықтары пайдаланылады?
74. Пішін элементтерінің түрлері қандай болады?
75. Үйлесімділігі дегеніміз не?
76. Нюанс деген не?
77. Тепе-теңдік деген не?
78. Бұйым композициясын құруда қарама-қайшылықтың нюанс шешімді таңдау қалай жүзеге асырылады?
79. Заттың пішінін конструкциясын тығыздылығын түсін шешуде қарама-қайшылықпен нюанс қалай көрінеді?
80. Зат композициясында қарама-қайшылықтың қандай түрлері белсенді көрінеді?

81. Бір затта қарама-қайшылықпен нюанс қалай үйлесім табады.
82. Тепе — теңдік дегеніміз не?
83. Симметрия деген не?
84. Симметрияның қандай түрлері табиғатта немесе көркем шығармашылықта кездеседі?
85. Композиция тепе-теңдігіне жетуіне симметрия қандай ықпал етеді?
86. Ассиметрия деген не?
87. Симметрия мен ассиметрия әртүрлі заттарда қалай көрінеді?
88. Ассиметрия ұғымына анықтама беріңіз?
89. Ұқсастық (подобия) симметриясына анықтама беріңіз?
90. Айналық және орталық осьтік симметрияға анықтама беріңіз?
91. Диссиметрия деген не?
92. Симметрияның пішіндерін ассиметриялық композицияны қалай алуға болады?
93. Шығармашылық композицияда симметриямен ассиметрияны таңдауда нені басшылыққа алу қажет?
94. Композициядағы ырғақ дегеніміз не?
95. Композицияда метрикалық қайталану дегеніміз не?
96. Көркем шығармашылығындағы ырғақтың түрлері?
97. Әртүрлі композицияларды ырғақ және метр қалай көрініс табады?
98. Заттың бейнесіне метр немесе ырғақ қалай әсер етеді?
99. Динамика ұғымына анықтама беріңіз?
100. Статика ұғымына анықтама беріңіз?
101. Статикалық және динамикалық композиция түрлері?
102. Көркем шығармашылық динамика мен статиканың қайсысы басым болуын таңдауда нені басшылыққа алу қажет?
103. Заттың силуэттік пішінінде динамика мен статика қалай көрініс табады?
104. Шығармашылық композицияның динамикасы мен статиканың материалдарының пластикалық қандай қасиеттері ықпал етеді?
105. Пішіннің конструктивтік сызықтарының сипаты динамикалыққа қалай ықпал етеді?
106. Шығармашылық композицияда статикалығы мен динамикалығына жетуінде метр мен ырғақтың маңызы қандай?
107. Зат бөлшектерінің пропорциялық қатынастар динамикалығы мен статикалығын қалай анықтайды?
108. Зат бөлшектерінің пропорциялық қатынастар динамикалығы мен статикалығын қалай анықтайды?
109. Бір композицияда динамикалық пен статикалық қалай үйлеседі?
110. Мөлшер заңы нені білдіреді? Мысал келтіріңіз.
111. Сапа заңы нені білдіреді? Мысал келтіріңіз.
112. Мән мағыналық фактор заңы қалай әрекет етеді?
113. Орталық орналасу заңының анықтамасы?
114. Пішіннің басты бөлігін айқындауда қандай қағидаларға жүгінеді?

1. Егемен Қазақстан” газеті, 2014 жыл. Елбасының халыққа жолдауы.
2. Объемно- пространственная композиция. Под ред. проф. А.В. Степнова.- М.: Архитектура , 2004.
3. Школа архитектурно-дизайнерского формообразования. Д.Л. Мелодинский.-М.: Архитектура-С, 2004
4. Шорохова Е.В. Композиция. - М.: Просвещение, 1986.
5. Иконникова А.В., Степанов Г.П. Основы архитектурной композиции.- М., 1971.
6. Голубева О.Л. Основы композиции. – М.: Просвещение, 2001.
7. Пармон Ф.М. Рисунок и основы композиции.-М.: Легпромбытиздат, 1998.
8. Козлова Т.В. Основы теории проектирования костюма.-М.: Легпромбытиздат, 1983.
9. Сомов Ю.С. Композиция в технике.- М.: Машиностроение, 1987.
10. Борев Ю.С. Эстетика.- М.: Политиздат, 1969.
11. Вейль Г. Симметрия.- М.: Наука, 1968.
12. Минервин Г.Б., Мунипов В. М. О красоте машин и вещей.- М.: Просвещение, 1981.
13. Соколов А.А. Теория стиля.- М.: Искусство, 1968.
14. Сомов Ю.С., Художественное конструирование промышленных изделий.- М.: Машиностроение, 1967.
15. С.Беляева-Экземплярская «Моделирование по законам зрительного восприятия».- М.: Легпромбытиздат, 1934.
16. Тьялве Э. Краткий курс промышленного дизайна. Пер. С англ.- М.: Машиностроение, 1984.
17. Урманцев Ю.А. Симметрия природы и природа симметрии.-М.: Мысль , 1974.
18. Дизайн очерки теории системного проектирования.- Л.: изд—во ЛГУ, 1983.
19. Быков З.Н., Крюков Г.В., Минирвин Г.Б. и др. Художественное конструирование. Проектирование и моделирование промышленных изделий. –М.: Высшая школа, 1996.
20. Бердник Т.О., Неклюдова Т.П. Дизайн костюма. – Ростов н/Д: Феникс, 2000
21. Ермилова В.В., Ермилова Д.Ю. Моделирование и художественное оформление одежды. – М.: Академия, 2000.
22. Козлова Т.В. и др. Основы моделирования и художественного оформления одежды / Козлова Т.В., Рывинская Л.Б., Тимашева З.Н. М.: Легпромбытиздат, 1990.
23. Бердник Т.О. Моделирование и художественное оформление одежды. – Ростов н/Д: Феникс, 2000.
24. Пармон Ф.М. Композиция костюма. – М.: Легпромбытиздат, 1997.
25. Ефимов А.В. Цвет в предметной среде. Актуальные проблемы. // Техническая эстетика. - 1989. – № 12

26. Жученкова С.Н., Козлова Т.Н. Цвет в костюме. Проблемы прогнозирования и проектирования. //Техническая эстетика— 1990. - №10
27. Уваров В.Д. Текстура и фактура поверхности ткани. – М., 1998.
28. Козлов В.Н. Основы художественного оформления текстильных изделий. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1981.

УАЛИЕВ Б.М., МУКАЕВА А.М.

«КОМПОЗИЦИЯ НЕГІЗДЕРІ»

Оқулық құрал

Пішімі 60x84 1/16

Тығыздығы 80 гр./см². Қағаздың ақтығы 95% .

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Көлемі 160 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды

ҚР, Алматы, Абай к., №30.

e-mail: otan88@mail.ru